

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 1 беті	

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

**ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНДЕУ**

Пән коды: ЖГП 01

Пәні: Кәсіби қазақ тілі

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»

Оқу сағатының/кредит көлемі: 72/3

Теория: 72с.

Курс: 2

Оқу семестрі: 3

Бақылау түрі: емтихан

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 2 беті	

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «21» 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 3 беті	

№ 1 сабақ

5.1. Тақырып: Кіріспе. Терминдердің ұғымы мен мағынасы. Маман саласындағы терминдер.

Грамматикалық тақырып: Сөз тіркесі және сөйлем. Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: Оқушылардың шығармашылықты жұмыс істеуіне ықпал ету. Ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін арттыру

5.3. Оқу міндеттері: Оқушылардың алған білімдерін толықтыру, терминдер мен сөз мәдениетінен түсінік беру, тәрбиелік – ұжымшылдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу, түрлі әдістермен оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік шығармашылыққа баулу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Терминдердің ұғымы мен мағынасы.
2. Маман саласындағы терминдер.
3. Сөз тіркесі туралы түсінік беріңіз.
4. Сөйлем, оның белгілері
5. Еркін тіркес пен тұрақты тіркестің айырмашылығын ажыратыңыз.
6. Тұрақты тіркестердің түрлерін атаңыз.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Студенттер кіші топтарға бөлінеді.

«Мен қалай өз мақсатыма жетемін?» тақырыбы бойынша көпшілік алдында сөйлеуге дайындалыңдар. Оларға талдау жасаңдар. Мәтіннің жетістігі мен кемшілігін дәлелдеңдер.

Терминдердің ұғымы мен мағынасы. Маман саласындағы терминдер.

Сөздің лексика-семантикалық топтарының бірі арнаулы лексика. Қоғамдағы әр түрлі кәсіп пен қызмет салаларына негізделген, шектеулі қолданысқа ие сөздер-арнаулы лексика ретінде танылады. Ғылым, техника, өндіріс, ауыл шаруашылығы, басқару органдары, мәдениет пен өнер, әскери атаулар т.б. - арнаулы лексиканы құрайды. Ол термин сөздер мен кәсіби сөздерге бөлінеді. Терминдер табиғатына тән нәрсе - бірмағыналылық, дегенмен бірмағыналылықты сақтау барлық жағдайда мүмкін бола бермейді, өйткені төл тілдік бірліктер арқылы термин жасау барысында, лебіздегі оның алғашқы негізгі мағынасы қолданыста болады. Термин сөздердің негізгі ерекшелігі - ғылым мен техника саласы бойынша белгіленген ұғымның атауы болады, ерекше анықтамасы беріледі; логикалық жүйеге негізделген нақты семантикасы, лебізде келісілген қолданысы болады. Яғни термин сөз бен оның таңбалап тұрған ұғымы арасында үлкен танымдық байланыс болады. Терминнің мазмұны - оның әуелгі терімсөздік түсінігі де, мағынасы - термин ретіндегі сипаты. Терминнің мағынасы мен мазмұны сәйкес келіп, бір-бірін анықтап, мағына мазмұнын ашуы тиіс.

Дене мүшелерінің қазақша атаулары

Адам денесі бастан – caput, мойыннан – collum, денеден-truncus және жұп қол-аяқтан тұрады. Баста; бас-сүйек күнбесін – regions fornikis capitis және бет бөлімін regionesfaciei денеді; көкірек- thorax іш – abdomen және арқаны -dorsum ажыратады.

Көкірек бетінде бағдарлау үшін тік (вертикаль) сызықтар жүргізуді пайдаланады ; 1)Алдыңғы орта сызық –linea mediana anterior

2) төс сызығы – linca sternalis , Төссүйектің шеттерімен жүреді ;

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 4 беті	

3) ортабұғана (емшек сызығы)- linea medioclav, Icularis mamillars, Емізік немесе бұғананың ортасы арқылы жүреді ;

4) төссүйек жаны сызығы- linea parasternalist алдыңғылардың ортасымен;

5) алдыңғы 6)ортаңғы және 7) артқы қолтық сызықтары –lineae axillaris, media et posterior, бұлардың біріншісі мен соңғысы қолтық шұңқырының алдыңғы және артқы жиектері, ал ортаңғысы –оның ортасы арқылы өтеді , жауырын сызығы – linea scapularis , жауырынның төменгі бұрышы арқылы жүргізіледі.

Арқа бөлімдеріне; омыртқа- regio vertebralis, жауырын regiones scapulars, жауырынасты regiones subscapulares және үшкіл – regio deltoidea бөлімдері жатады Қол –иық- brachium , білек және қолбасы- manus болып бөлінеді , қолбасы -алақан palmamanus, қолдың сырты- dorsum manus және саусақтарға – digiti manus бөлінеді. Аяқ өз кезегінде мынадай бөлімдерге бөлінеді; бөксе – regio glutealis ,сан-femur,жіліншек, crus , және аяқбасы – pes . Аяқбасы ; табан planta, аяқбасының сырты- dorsum pedis, және башпайларға-digitis pedis бөлінеді.

Сөз тіркесі және сөйлем.

Толық мағыналы, кем дегенде екі сөздің тұлғалық жағынан әрі мағыналық жағынан байланысуын сөз тіркесі деп атайды. Құрамы екі сөзден ғана тұратын сөз тіркесін жай сөз тіркесі деп атайды. Мысалы ; ақылды жігіт, кең дала , мазмұнды әңгіме, темір қасық, студент үлгерімі, т.б. Құрамы үш немесе одан көп сөзден тұратын сөз тіркесін күрделі сөз тіркесі деп атайды. Мысалы; он шақты кітап, тақтаға жақындай түсті, Алматы қаласында тұрады.

Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі.

Аталуына сай, еркін сөз тіркесінде байланысқа түскен сөздер өз мағыналарын жоймайды. Мәселен, кең бөлме дегенде, осы екі сөздің негізгі лексикалық мағыналары сақталады, демек бірінші сөз (кең) осы сөз тіркесін қандай тұлғалы өзгеріске түсірсек те, кеңістіктің сынып, яғни сын есім болып тұрған қасиеті жоймайды. Дәл сол сияқты, екінші сөз де (бөлме) мекеннің атын білдіріп, сөз табынан зат есім болып тұрған қасиетінен осы сөз тіркесінің тұлғалық өзгеріске түсуі ешбір өзгерте алмайды; кең бөлме, кең бөлмеміз, кең бөлмеден, кең бөлмелі, т.с.с.

Бірнеше сөзден құралып, бір ғана ұғымды беру үшін қалыптасып, тұрақтанған тіркесті тұрақты тіркес деп атайды. Көзді ашып-жұмғанша деген тіркес шапшаң дегеннің мағынасын береді. Еркін тіркестен айырмашылығы-төбе шашы тік тұрды деген тіркесті алатын болсақ, мұндағы құрамындағы сөздердің барлығы да өздерінің тура мағынасынан айрылған; екіншіден ,солайша мағыналарын жоғалту себепті төрт сөздің төртеуі тіркесудің нәтижесінде қорықты деген бір сөздің ғана ұғымын беріп тұр. Біршама аяқталған ойды білдіретін жеке сөзді немесе сөз тіркесін **сөйлем** деп атайды.

I.Сөйлем құрылысына қарай екі түрге бөлінеді;

1)Жай сөйлем.

2)Құрмалас сөйлем.

II.Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері;

Хабарлы сөйлем (Ауылға барғанда суға түстік.);

Сұраулы сөйлем (Ауылға барғанда суға түстің бе?);

Лепті сөйлем (Шіркін, ауылға барғанда суға түссек!);

Бұйрықты сөйлем (Ауылға барғанда суға түссін.);

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 10 мин

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 15 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 5 беті	

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.
6. Суатай С., ЦБ Акnurpress <https://aknurpress.kz/>
7. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. -122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Терминдік сөздер туралы ұғым.
2. Термин сөздер категориясы.
3. Мамандық пен ғылым саласындағы терминдердің жасалу жүйесі.
4. Терминдердің баламалық ұғымдары және аудармасы, қолданылу аясы.
5. Терминдердің баламалық ұғымдары және аудармасы, қолданылу аясы » деген тақырыпта шағын мәтін құрастыру.
6. Сөз тіркесі дегеніміз не?
7. Сөйлем дегеніміз не?
8. Сөз тіркесі мен сөйлемнің ара қатынасы қандай?
9. Идиома және фразалық тіркес дегеніміз не?

№ 2 сабақ

5.1. Тақырып: Стоматология ғылымы туралы.

Грамматикалық тақырып: Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 6 беті

5.2. Мақсаты: Оқушылардың алған білімдерін толықтыру, терминдер мен сөз мәдениетінен түсінік беру, тәрбиелік – ұжымшылдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу, түрлі әдістермен оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік шығармашылыққа баулу.

5.3. Оқу мақсаттары: білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5. 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Медициналық терминдерді қалыптастыру жолдары.

2. Термин сөздердің сөзжасамы.

3. Мамандық саласындағы терминдердің жасалу жүйесі.

4. Медициналық терминдердің ұғымдары және қолданылу аясы.

5. 5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: жұптасып жұмыс жасау

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаятының мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

1. Медициналық терминдердің сөзжасам үлгісі.

2. Термин сөздер туралы айтылған пікірлері.

3. Медициналық терминдердің қалыптастыру жолдары.

Стоматология ғылымы туралы.

Тістерді зерттейтін ғылым стоматология деп аталады. Стоматология (грек. стома, стоматос – ауыз және логос – ілім) – клиникалық медицинаның тіс, ауыз қуысы, жақ сүйектері, бет пен мойынның, оған шектесетін бөліктерінің ауруларын зерттейтін саласы.

Тіс аурулары мен ауыз қуысы жөніндегі алғашқы ғылыми мәліметтер Сушрут (Үндістан), Гиппократ, Гален, Цельс, т.б. еңбектерінде кездеседі. Бірақ стоматологияның өз алдына жеке ғылым ретінде дамуы 20 ғасырдың I жартысынан басталады. Ғылыми пән ретінде стоматологияның негізін салған француз хирургі П.Фошар (1690–1762) болды.

Стоматология емдеу тәсілдеріне байланысты терапия, хирургия, ортопедиялық стоматология және балалар стоматологиясы болып бөлінеді. Терапиялық стоматология – арнайы хирургиялық көмекті қажет етпейтін ауруларды (тіс, тіс айналасындағы тіндер және ауыздың шырышты қабығының аурулары) дәрі-дәрмекпен, физиотерапия әдістерімен емдейді және аурудың алдын алу жолдарын қарастырады. Ортопедиялық стоматология – тісті шегендейді, тіс, жақ, тандай және бет кемістігіне протез жасаумен айналысады. Хирургиялық стоматология – әр түрлі қабыну процестерін, жақ, бет сүйектерін хирургиялық операциялар арқылы емдейді. Сондай-ақ емдеуге келмейтін тістерді жұлу да хирургиялық стоматологияның құзыретіне жатады. Балалар стоматологиясы бала тістері мен ауыздың шырышты қабықтарын емдеуді жетілдіру және алдын алу шараларын қарастырады.

Сөздік

ілім – учение

ғылыми мәліметтер – научные сведения

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 7 беті

негізін салу – основать; положить начало
жетілдіру – усовершенствовать
құзырет – прерогатива; компетенция
емдеуге келмейтін – не подлежащий лечению
алдын алу – профилактика; предотвратить
емдеу тәсілдері – методы лечения
шаралар – меры
қарастыру – рассматривать
шегендеу – укреплять
шектесу – граничить; сливаться
ғылым ретінде – в качестве науки
бет кемістігі – дефект лица
таңдай – небо

Сөздердің байланысу түрлері

Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысу тәсілдері негізінде қалыптасқан байланысу түрлері болады. Ондай байланысу түрлері : қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.

Қиысу. Бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы бір жақта және 1—2 жақтарда жекеше я көпше түрде байланысуын қиысу дейміз. Ілияс үйінен жүгіріп шықты. (С. Е.) деген сөйлемде бастауыш пен баяндауыш III жақта қиысып тұр. Егер Ілияс деген сөздің орнына біз деген I жақтағы сөзді қойсақ, баяндауыш та өзгеріп, I жақ көпше түрде айтылады: біз жүгіріп шықтық.

Матасу. Ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысу түрін матасу деп атайды. Менің әкем Бауыржанның батырлығын, қамқорлығын айтып отырушы еді. (Ә. Нұрш.) Осындағы менің әкем, Бауыржанның батырлығы, Бауыржанның қамқорлығы тіркестері матаса байланысып тұр.

Меңгеру. Басыңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардағы сөздің атау мен іліктен басқа септік жалғауларының біреуі жалғану не шылаулар арқылы байланысу түрін меңгеру деп атайды. Игілік Қызылжардан бұл жолы да ренжіп қайтып еді. (Ғ. Мұс.) Сөйлемдегі Қызылжардан қайтып еді меңгеріле байланысып тұр.

Қабысу. Сөздердің қатаң орын тәртібі нәтижесінде қатар тұру арқылы байланысу түрін қабысу деп атайды.

Одағым десем ойыма Айдын шалқар көл түсер (Жамбыл.) Осындағы айдын шалқар көл дегендер берік орын тәртібі арқылы байланысқан, олардың орнын ауыстырсақ, байланыс бұзылады.

Жанасу. Басыңқы сыңары мен бағыныңқы сыңарының орын таңдамай, жақын да, қашық та тұруы арқылы байланысу түрі жанасу деп аталады. Мысалы: Ол мектепті биыл бітірді деген сөйлемде биыл сөзі бітірді деген сөзге қатысты болып, оның тұрған орны арқылы байланысқан. Кейде Ол биыл мектепті бітірді немесе Биыл ол мектепті бітірді болып, араға сөз салып та байланыса береді.

Сөздердің байланысу тәсілдері.

Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен грамматикалық байланыста қолданылады. Кез-келген қатар тұрған сөздер бір-бірімен байланыса бермейді. Сөздердің сөйлемде байланысуының белгілі бір заңдылығы бар. Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздер жалғау арқылы, шылау арқылы, сөздердің орын тәртібі арқылы, интонация арқылы байланысады.

1) Сөздер септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түседі. Осы жалғаулардың қатысуымен сөздің өзара байланысынан белгілі синтаксистік қатынас, грамматикалық мағына беріп отырады.

Мысалы: Мен өз Отан+ым+ды сүйе+мін. Мұндағы (-ым) тәуелдік жалғауы, (-ды) табыс септігінің жалғауы, (-мін) жіктік жалғауы.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 8 беті

2) Сөздер ретіне қарай шылаулар арқылы байланысады. Мысалы: Қазақ елі бейбітшілік үшін ынтымағын нығайтады. Мұнда көмекші рөл атқарып тұрған үшін шылауы, ол мақсаттың мағынасын тудырып тұр.

3) Сөздер орын тәртібі арқылы да байланысады.

Мысалы: Тас жолды ағаш күрекпен күредік деген сөйлемде тас пен жол, ағаш пен күрек сөзі қатар тұруы арқылы анықтауыштың қатынаста орын тәртібі арқылы байланысқанын көрсетеді. Ал егер осы сөздердің орнын өзгертіп жіберсек, мүлде басқа мағына немесе мағынасыз сөйлем туады (тас күрек, ағаш жол). Бұл сөздер бір-бірімен тиянақты орын тәртібі арқылы байланысқа түседі.

4) Интонация арқылы байланысу. Мұнда екі сөздегі орын тәртібі тиянақты болуымен бірге, екеуінің арасында айтылуда дауыс ырғағы сақталып, екінші сөз сәл көтеріңкі естіледі, ал жазуда ол сөздер сызықшамен ажыратылады. Мысалы: Ол – бухгалтер.

Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысу түрлерінің бес түрі бар. Олар: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.

1) Бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы бір жақта және 1-2 жақьарда жекеше, көпше түрде байланысуын қиысу дейміз. Ілияс дүкеннен жүгіріп шықты деген сөйлемде Ілияс пен шықты, бастауыш пен баяндауыш ІІІ жақта қиысып тұр.

2) Ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздердің байланысу түрін матасу деп атайды. Менің әкем Бауыржанның батырлығын, қамқорлығын айтып отырушы еді. Осындағы менің әкем, Бауыржанның батырлығы, Бауыржанның қамқорлығы тіркестері матасып тұр.

3) Бағыныңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардағы сөздің атау мен іліктен басқа септік жалғауларының біреуі жалғану не шылауы арқылы байланысу түрін меңгеру деп атайды. Игілік Қызылжардан бұл жолы да ренжіп қайтып еді. Сөйлемдегі Қызылжардан қайтып еді меңгеріле байланысып тұр.

4) Сөздердің қатаң орын тәртібі нәтижесінде қатар тұру арқылы байланысу түрін қабысу деп атайды. Отаным десем ойыма

Айдын шалқар көл түсер...

Осындағы айдын, шалқар көл дегендер берік орын тәртібі арқылы байланысқан, олардың орнын ауыстырсак, байланыс бұзылады.

5) Басыңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардың орын таңдамай, жақын да, қашық та тұруы арқылы байланысу түрін жанасу деп атайды.

Биыл ол мектепті бітіреді. Бұл сөйлемдегі биыл (бағыныңқы) сөзі бітіреді (басыңқы) сөзімен арасына сөз салып та, ол мектепті биыл бітіреді болып қатар тұрып та байланысады.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

1-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.

Зерттейтін салада, ауыздың шырышты қабығын, арнайы көмекті қажет ету, емдеуге келмейтін тістен, тіс айналасындағы тіндердің, протез жасаумен айналысу, өз алдына жеке ғылым, тәсілдерге байланысты, бет сүйектеріне.

2-тапсырма. Мәтінге қатысты мына сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Стоматология дегеніміз не және ол нені зерттейді?
2. Стоматология емдеу тәсілдеріне байланысты қалай бөлінеді?
3. Терапиялық стоматология немен айналысады?
4. Ортопедиялық стоматологияның құзыретіне не жатады?
5. Хирургиялық стоматология қандай қызмет атқарады?
6. Балалар стоматологиясы қандай шараларды қарастырады?

3-тапсырма. Сөздердің сәйкес жұптарын тауып сөз тіркесін жасаңыздар

физиотерапия әдістерімен	назар аудару
аурудың	қарастыру
алдын алу жолдарын	тәсілдері

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 9 беті

бет кемістігіне кұзыреті
 дәрігердің алдын алу
 емдеудің айналысу

4-тапсырма. Денсаулыққа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіздер.

- ә) Денсаулық — зор байлық.
 а) Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде.
 б) Аурудың жақсысы жоқ, дәрінің тәттісі жоқ.
 в) Тісі ауырғанның көңілін сұрамайды.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.
6. Суатай С., ЦБ Акnurpress <https://aknurpress.kz/>
7. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. -122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: тест

1. Интонация арқылы байланысу жазуда ... ажыратылады.
 А. сызықшамен

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		044-37/11-239 136 беттің 10 беті

- В. үтірмен
 С. тырнақшамен
 D. дефис арқылы
 E. қос нүктемен
2. Қазақ тілінде сөйлем сөз ... арқылы байланысады
 A. 4
 B. 6
 C. 10
 D. 2
 E. 3
3. ... сөзі интонация арқылы байланысып тұр.
 A. Мен келдім
 B. Биік үй
 C. Үш дәптер
 D. Үйдің іші
 E. Асан - студент
4. «Біздің еліміз бейбітшілік ... күреседі» деген сөйлемдегі шылаулар арқылы байланысты толықтыр.
 A. Студент
 B. үшін
 C. оқытушы
 D. дейін
 E. туралы
5. «.....» деген сөйлем жалғау арқылы байланысып тұр.
 A. Мен өз отанымды сүйемін
 B. Сәуле - мұғалім
 C. Тас жүрек
 D. Сен үшін ешнәрсе аямаймын.
 E. Отан туралы
6. *Тасжол, ағаш күрек* тіркестері арқылы жасалған сөйлем:
 A. Тастан ағашпен күредік
 B. Тас жолды ағаш күрекпен күредік
 C. Ағаш күрекпен күредік
 D. тас жолды күредік
 E. тас жолда күрес
7. Байланысудың тыныс белгісі қатысатын тәсілі -...
 A. интонация
 B. жалғау
 C. шылау
 D. орын тәртібі
 E. қабысу
8. Туралы, дейін, шейін, сайын, бірге - сөздері қай байланыс тәсіліне жатады.
 A. жалғау арқылы
 B. интонация арқылы
 C. орын тәртібі арқылы
 D. меңгеру
 E. шылау арқылы
9. Қиысуды табыңыз.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		044-37/11-239 136 беттің 11 беті

- A. әсем кала
 B. қасақана күлді
 C. әйел айтады
 D. күнімен ұйықтау
 E. елмен бірге
10. Қандай байланысу түрі: *Құрманғазының күйі*
 A. матасу
 B. жанасу
 C. киысу
 D. меңгеру
 E. кабысу
11. Матасуды табыңыз:
 A. Төребектің үйі
 B. Ашынған әйел
 C. Күн сайын күтті
 D. Жайын айтты
 E. Өзі келді
12. Матасуға қатысы бар септік қайсы?
 A. барыс
 B. ілік
 C. жатыс
 D. атау
 E. көмектес
13. Меңгеру арқылы байланысып тұрған тіркесті табыңыз.
 A. Шарык
 B. шарықтап тұр
 C. Дөңесте тұр
 D. Оқушының жабдығы
 E. Тоқыма белбеу
 F. Қызық кітап
14. Меңгеруді табыңыз.
 A. аман келді
 B. біздің өлке
 C. сынға түсті
 D. кең дала
 E. қонақ болу
15. Меңгеруді табыңыз.
 A. бейбақтыққа төзбеді.
 B. елдің іші
 C. қараңғы түн
 D. сағынған аға
 E. алты алаш

№ 3 сабақ

5. 1. Тақырып: Медицина ғылымына байланысты терминдер. Олардың қазақша баламалары.

Грамматикалық тақырып: Жай сөйлем және оның түрлері.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істету барысында тілдік білімін тереңдете түсу, алған білімдерін толықтыра отырып, өз ойын ашық айтуға, сөйлесуге үйрету.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 12 беті	

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Медициналық терминдерді қалыптастыру жолдары.
2. Термин сөздердің сөзжасамы.
3. Мамандық саласындағы терминдердің жасалу жүйесі.
4. Медициналық терминдердің ұғымдары және қолданылу аясы.
5. Жай сөйлем дегеніміз не?
6. Жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері.
7. Жақты және жақсыз сөйлем.
8. Жалаң және жайылма сөйлем.
9. Толымды, толымсыз, атаулы сөйлемдер.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушыларды өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Медицина ғылымына байланысты терминдер. Олардың қазақша баламалары.

Сөздік– жеке тілдің я белгілі бір жазушы шығармаларының лексикалық жиынтығы; бір тілдегі сөздердің алфавиттік тәртіпке түсірілген жинағынан құралған кітап, анықтағыш құрал. Алғашқы сөздік басқа тілдердегі ескі сөздерді түсіндіру мақсатымен көне дәуірлерде жасалды. Қазақ тілінің алғашқы сөздіктері 1860 жылдардан бастап жарық көре бастады. Қазіргі сөздіктер лингвистикалық және анықтама сипатындағы арнаулы сөздіктер болып екіге бөлінеді.

Лингвистикалық сөздіктер белгілі бір тілдің лексикасы мен фразеологиясын түсіндіруді мақсат етсе, арнаулы анықтама, энциклопедиялық, техникалық, ауыл шаруашылық т.б. белгілі бір саладағы заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды түсіндіруді мақсат етеді. Лингвистикалық сөздіктің 20-дан астам түрлері бар. Екі тілді не көп тілді аударма сөздіктер т.б. *Түсіндірме сөздік* тілдегі сөздердің лексика-грамматикалық сипаттамасын, олардың жазылуы мен айтылуын, экспрессивті- эмоционалды бояуын көрсетеді. *Синоним сөздігі* бір сөздің мағынасы мен экспрессивті-стилистикалық реңкін сол сөзге мағынасы жағынан жақын басқа бір сөздермен түсіндіріп, синонимдік шоғырлардың жиынтығынан құралады. *Терминологиялық* сөздік жеке ғылым, техника, мәдениет салаларына байланысты терминдерді түсіндіреді. *Этимологиялық* сөздік жеке сөздердің тарихын, шығу төркінін ашады. *Орфографиялық* сөздік сөздердің дұрыс жазылуын, *орфоэтиялық* сөздік сөздердің дұрыс айтылуын көрсетеді. *Фразеологиялық* сөздік тұрақты сөз тіркестерін, фразеолгия орамдарын, олардың стилистикалық сипатын көрсетеді. *Омоним* сөздігі тұлғасы бір, мағыналары әр басқа сөздерді қамтиды. Бұлардан басқа *тарихи, ономастикалық, паронимдік, жиілік* т.б. сөздіктер бар. Термин-белгілі бір ғылым мен техника, өнер саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөз бен сөз тіркесі. Терминология-ғылым мен техника, өнер саласына байланысты терминдердің жалпы жиынтығы

Жай сөйлем және оның түрлері

Жай сөйлем-бір немесе бірнеше сөз бен сөз тіркестерінен құралып, тиянақты бір ғана ойды білдіретін сөйлем. Жай сөйлемнің негізгі ерекшелігі — құрамындағы сөздер өзара бір-бірімен

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 13 беті

семантикалық бірлікте болады, екпін тұтастығы, сөздердің орын тәртібі сақталады. Құрылымы жағынан жай сөйлем бір сөзден де, екі не одан да көп сөзден де тұрады.

Жай сөйлемнің түрлері

Жақты сөйлем-бастауышы бар,жасырын тұрғанда да баяндауышы арқылы табуға болатын сөйлем түрі.**Мысалы:**Арада сүт пісірімдей уақыт өтеді.Кенет отқа көзі түсіп кеткен т.б.

Жақсыз сөйлем-баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын жай сөйлемнің түрін жақсыз сөйлем деп атайды.**Мысалы:**Менің айтқаным келді.Бір жерде көргенім бар т.б.

Жалаң сөйлем-тұрлайсыз мүше қатыспаған сөйлемді атайды.**Мысалы:**Ойын қызық.Үй жылы.Қарағың келеді т.б.

Жайылма сөйлем-тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлемді атайды.**Мысалы:**Едіге ұзақ жол жүрді.Алыстан мұнар тау көрінеді т.б.

Толымды сөйлем-ойға қатысты сөйлем мүшелерінің барлығы қатынасқан сөйлемді атайды.**Мысалы:**Шашубай мерген еді.Ол шиті мылтықпен кешке киік атып әкелді т.б.

Толымсыз сөйлем-ойға қатысты сөйлем мүшесінің біреуі түсіп қалған сөйлем түрі.**Мысалы:**Қарлығаштар тағы келді.Қайта-қайта келе берді т.б.

Атаулы сөйлем-кейбір жай сөйлемдер іс-оқиғаны баяндамайды,тек заттың,құбылыстың,мезгілдің,мекеннің атауын ғана білдіреді ондай сөйлемдер атаулы сөйлем деп аталады.**Мысалы:**Дала.Егін даласы рақат құшағында т.б.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Тапсырма 1. Берілген терминдерді мағынасына сәйкес тауып, сөйлем құрастырып жазыңыз.

Термометр	Ауруды анықтау және емдеу туралы ілім
рецептор (биол)	Ауырған адамды зерттеу негізінде науқасын табу
Диагностика	Тітіркенуді қабылдайтын жүйке талшықтары
Диагноз	Термператураны өлшейтін аспап

Тапсырма 2. Берілген терминдерді қазақ тіліне аударып, мағынасын түсіндіріңіз.

ГОРМОН - вещество, продуцируемое эндокринной железой.

ГОНОРЕЯ- заболевание, передающееся половым путем, вызываемое гонококком (может являться причиной бесплодия).

МИКОПЛАЗМА- возбудитель инфекционных заболеваний.

НАДПОЧЕЧНИКИ- эндокринная железа, вырабатывающая гормоны, регулирующие обмен веществ. Находится над почкой

ТОКСИН- яд, продуцируемый живым организмом, например, бактериями.

УРОЛОГ- врач, специализирующийся на лечении болезней мочевыводящих путей и мужской половой системы.

Тапсырма 3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Студенты внимательно слушают, потому что преподаватель объясняет урок. 2. Вы говорите неправильно, потому что не учите слова. 3. Я не читаю текст, потому что плохо знаю слова. 4. Он отвечает неправильно, потому что плохо готовился.

Тапсырма 4.Бағыныңқының баяндауышы неліктен? не себепті? қашан? деген сұрақтарға жауап беретін 5-6 сөйлем жазыңыз.

Тапсырма 5. Оң жақ бағанадағы етістіктер мен (сұрақ арқылы) сол жақтағы керекті сөздерден сөз тіркесін жасап, 3-4 сөйлем жазыңыз.

Індеттердің	үйренеді (нені?)
мінез-кұлқы	аулақ болу (неден?)
Тәсілдерін	көбейді (қайда?)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 14 беті

зиянды әдеттерден	өзгереді (не?)
Елімізде	таралмауы (нелердің?)
емдеп сауықтыруға	бұзылады (не?)
зат алмасу	көмектеседі (неге?)

Тапсырма 6. Төмендегі денсаулыққа қатысты мақал-мәтелдерді жаттап алыңыз және бір-екі мақалдың мәнін, мысалдармен дәлелден көріңіз.

1. Жастықтың қадірін қартайғанда білесің,
Денсаулықтың қадірін ауырғанда білесің.
2. Издеп алған аурудың,
емі табылмас.
3. Көзің ауырса, қолыңды тый,
Ішің ауырса, аузыңды тый.
4. Ауырып жазылған жан олжа,
Жоғалып табылған мал олжа.
5. Бас ауырса, жан қорқады.
6. Дерт көп, денсаулық біреу.

Тапсырма 7. Берілген сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Созылмалы аурулардың алдын алу үшін, 2. Науқастың қан қысымы көтерілмесін деп, 3. Дәрілік өсімдіктерден дәрі жасау үшін, 4. Қан аздықты болдырмау үшін, 5. Баласы аурудан тез жазылу үшін, 6. Дәріханадан дәрі алмақ болып,
- Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6. Әдебиет:

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.
6. Суатай С., ЦБ Акnurpress <https://aknurpress.kz/>
7. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

OÑTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		044-37/11-239 136 беттің 15 беті

3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. -122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 5 мин

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап

1. Мамандық саласындағы терминдердің жасалу жүйесі.
2. Медициналық терминдердің ұғымдары және қолданылу аясы.
3. Медициналық терминдерді қолданылу аясы тақырыбына мәтін құрастыру.

Тест

1. Жақсыз сөйлем дегеніміз -
 - А. Бір ғана сөзден жасалады.
 - В. Сөйлемнің оқшау келуі
 - С. Бастауышы жоқ сөйлем
 - Д. Іс, оң жағынан баяндалмай, атап қана тұратын сөйлем
 - Е. Істің орындалуын білдіреді
2. Жақты сөйлем-... .
 - А. Ауа райы салқындай бастады
 - В. Менің бұл сөзге қосылғым келмеді
 - С. Біздің ашық сөйлесуіміз керек
 - Д. Олардың бұл араға қонғысы келмеді
 - Е. Сендердің келулерің керек
3. Бастауышы бар немесе жасырын тұрған сөйлем ... деп аталады.
 - А. жалаң сөйлем
 - В. жайылма сөйлем
 - С. жақты сөйлем
 - Д. жақсыз сөйлем
 - Е. толымды сөйлем
4. Жақсыз сөйлемді көрсетіңіз:
 - А. Сабақтан кешігуге болмайды
 - В. Баяу ескен қоңыр жел
 - С. Туған жерге туын тік
 - Д. Қараңғы қазақ жеріне өрмелеп шығып күн болам
 - Е. Оның елі – дүйім қазақ
5. Атаулы сөйлемді табыңыз
 - А. Су жылы екен
 - В. Сізге сәулем деді
 - С. Інісі бардың – тынысы бар
 - Д. Баяу ескен қоңыр жел.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 16 беті

- Е. Киімін жинастырды.
6. Атаулы сөйлемді табыңыз
- Оқыған жетер мұратқа
 - Менің бұл іске қосылғым келмейді
 - Сен бала жайыңды біл.
 - Көппен көрген – ұлы той.
 - Қараңғыға батқан қалың орман.
7. Жайылма сөйлемді көрсетіңіз
- Мен барамын
 - Айдала
 - Ол – сері жігіт
 - Үй жап-жарық
 - Сендер қараңдар
8. Қазақ тіліндегі сөйлемдер айтылу мақсатына қарай ... түрге бөлінеді
- 5
 - 6
 - 7
 - 4
 - 2
9. Қуану, ренжу, ұялту, кекету мақсатында ... айтылады.
- хабарлы сөйлем
 - сұраулы сөйлем
 - лепті сөйлем
 - бұйрықты сөйлем
 - ашық сұраулы сөйлем
10. Бұйрықты сөйлемді табыңыз
- Егіс көлемін ұлғайт.
 - Тіл қандай
 - Сен сип бала емессің
 - Ал Жамал ше?
 - Бұл - тарихи жер
11. Сұраулы сөйлемді көрсетіңіз.
- Балам тоқташы
 - Апырай, желісінің қаттысын- ай
 - Сен болған шығарсың
 - Аспан ашық
 - Алматы - оңтүстік астана
12. Хабарлы сөйлемді жабыңыз
- Әне бір өрге шыққан немене
 - Тарт тілінді
 - Ауа райы суық
 - Мактаншак
 - Бұған кім кінәлі
13. Лепті сөйлемді табыңыз
- Бармағанда қайтем
 - Бақ кетпесін басыннан
 - Сем әнші едің ғой
 - Ой, байғұс бала - ай

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 17 беті	

- Е) Жаңбыр жауды
 14. Хабарлы сөйлемді табыңыз:
 А) Қоңыр ала
 В) Тасбақа деген қандай жиіркенішті
 С) Сүр ет піссе ше
 Д) Атам таба нанды алды
 Е) Соныда білмейсін бе
 15. Қайсысы сұраулы сөйлем жасайды
 А) не деген, не еткен
 В) әттең, бәрекемді
 С) сірә, шығар
 Д) алайда, әйтеуір
 Е) дейін, бір

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

1. Медицина ғылымына байланысты терминдер. Олардың қазақша баламалары тақырыбына байланысты терминдерді жазыңыз.
2. Жай сөйлем, оның түрлеріне мысалдар келтіру.

№ 4 сабақ

5.1. Тақырып: Қазақтың тұңғыш дәрігерлері.

Грамматикалық тақырып: Сөйлем мүшелері.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты:

- тақырып бойынша еркін әңгімелеуге үйрету;
- грамматикалық тақырыпты түсіндіре отырып, сауаттылыққа баулу;

5.3. Оқу мақсаттары: білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақтың тұңғыш дәрігерлерінің шығармашылық қызметі.
2. Зертеу еңбектері мен медицина саласына қосқан үлесі.

Қазақтың тұңғыш дәрігерлері.

Халел Досмұхатбетов 1883 жылдың 24 сәуірінде Атырау аймағының Қызылқоға ауданында дүниеге келген. 1909 жылы Санкт Петербург әскери- медициналық академиясын бітірген, алғашқы қазақ дәрігерінің бірі. Ол 1913 жылдан бастап Темір уезінде қазақ дәрігер болып істеген. Оба ауруының алдын аларлық әрекеттерді ойлап тауып, оны жүзеге асыру шараларымен шұғылданған. Халел 1918 жылы бірінші рет, 1924 жылы екінші рет Ташкентте «Как бороться с чумой среди населения киргизского края» және «Инструкции по борьбе с чумой» деген кітаптарын басып шығарды. Халел аға 1920 жылы Ташкенттегі Орта Азия университеті дәрігерлік факультетінің ауруханасында ординатор болып жұмыс істейді. Жан-жақты ғылымның қаламынан туған үш бөлімнен тұратын «Зоология, Анатомиа, Физиология» сонымен қатар «Мектеп оқушыларының гигиенасы» деген оқулығы шықты. Бұл кісі 19 ғылыми еңбек жазған, 4 ғылыми

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 18 беті	

кітап,көптеген қазақша ,қырғызша,орысша аудармалар жасаған.Университет қабырғасында біраз істегеннен кейін ол проректор және профессор болып тағайындалды.1930 жылдары Виронез қаласындағы дәрігерлер білімін жетілдіру институтының дәрігері болып істеді. Аяулы азамат,жан-жақты ғалым Халел Досмұхамбетовтың өмір жолы сол кездегі қазақтың бетке шығар зиялыларының өмір соқпақтары тәрізді ойлы-қырлы,күрес пен қудалаушылыққа толық азапты жол болды.

Гүлсім Жағыпарқызы Асфендиярова.

Айғақты деректерге сүйінсек тұңғыш дәрігер санатында 2 қыздың есімі қатар тұр.Олар Санкт-Петербург әйелдер медицина институтын 1908жылы қатар бітерген апалы-сіңілі Мариям Сейітжағыпарқызы Асфендияров мен Гүлсім Жағыпарқызы Асфендиярова.Гүлсім (1880-1941)институт бітіргеннен кейін Шымкент уезінде Ферғана облысында өз мамандығы бойынша қызмет істеп,1913жылдан бастап Ташкент қаласындағы әйелдер босанатын үйдің бас дәрігері болған.Гүлсім Ташкент қаласынан қазақ,өзбек,қырғыз яғни түркі тілдерін білетін мамандарды оқытып үйрету үшін қыздарды оқытатын арнаулы акушерлік курс ашып,оған өзі сабақ берген. Мектепте бірнеше жыл дербес жұмыс істеп көптген акушерлер даярлап отырған.Өмірінің соңғы күніне дейін Гүлсім осында жұмыс істеген.Гүлсім апамыз тек қатардағы дәрігер емес,педагогика саласында,қоғамдық істерде де көп қызмет атқарған адам. Халық құрметтеген Гүлсім Ташкент қалалық кеңесіне бірнеше рет депутат болып сайланғандығын атап өткен жөн.

Сөйлем мүшелері

Сөйлем мүшесі деп сөйлем құрамында тұрып, белгілі бір сұрауға жауап беретін толық мағыналы сөзді, сөз тіркесін не күрделі сөзді атаймыз. Сөйлем мүшелері сөйлемдегі маңызына, қызметіне қарай тұрлаулы мүшелер және тұрлаусыз мүшелер болып екі топқа бөлінеді. Сөйлемде сөздер бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсіп, белгілі мағынаны, ұғымды білдіріп, ой білдіруге себебін тигізіп тұрады. Сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсіп, белгілі бір сұраққа жауап бере алатын мағыналы сөзді я сөз тізбегін сөйлем мүшесі дейміз. Сөйлем мүшелері атқаратын қызметі жағынан бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш болып беске бөлінеді. Олар сөйлем құрай алу қасиетіне байланысты тұрлаулы мүше және тұрлаусыз мүше болады. Бастауыш пен баяндауышты тұрлаулы мүшелер, ал анықтауышты, толықтауышты, пысықтауышты тұрлаусыз мүшелер дейміз. Бастауыш - сөйлемде атау септігінде тұрып, ойдың кім, не жайында екенін білдіріп, баяндауышпен қиыса байланысатын тұрлаулы мүше. Бастауыш кім? не? кімдер? нелер? кімім? нем? кімі? несі? және басқа сөз топтарының заттанып, атау септігіндегі сұрақтарына жауап береді. Бастауыш атау септігінде зат есім мен есімдіктен болады: Бәйге бригадаға берілді. Сіз өз басыңызды ғана ойламаңыз. (Ғ. Мұста) Атау септігінде тұрып заттанған басқа сөз топтары да (сын есім, зат есім, етістіктің есімше, тұйық етістік түрлері т.б.) бастауыш қызметін атқарады.

Баяндауыш - сөйлемде жіктеліп келіп бастауыштың қимылын іс-әрекетін, кім екенін білдіріп, онымен жақ жағынан, кейде жекеше, көпше (1-2 жақта) түрде қиыса байланысын қолданылатын тұрлаулы мүше. Баяндауыш не істеді? қайтті? неғылды? деген сұрақтарға жауап береді. Кейде сөйлемде бастауыш тасаланып жасырын да тұрады, ал оның қай сөз екенін баяндауыштан анықтауға болады.

Толықтауыш - сөйлемде атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып, бір мүшені заттық мағына жағынан толықтырып тұратын тұрлаусыз мүше. Толықтауыштың сұрақтары: кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? кім (не) туралы жөнінде? кім (не) жайында?

Анықтауыш - сөйлемде зат есімнен болған не заттық мағынада қолданылған мүшені сын-сапалық, сан-мөлшерлік, меншіліктік-қатыстың жағынан анықтап тұратын тұрлаусыз мүше. Анықтауыш қандай? қай? кімнің? ненің? қайдағы? қашанғы? қанша? неше? нешінші? қайткенде?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 19 беті	

не еткенде? деген сұрақтардың біріне жауап береді. Құрамына қарай дара (қара), күрделі (қара көк) болып екіге бөлінеді.

Пысықтауыш - сөйлемде іс-әрекет, қимылдың жай-күйін, амалын, мөлшерін, мезгіл-мекенін, себеп-мақсатын білдіретін тұрлаусыз мүше. Пысықтауыш қалай? қайтіп? қашан? қайда? қайдан? неліктен? не себепті? кім үшін? не үшін? не істеуге? не мақсатпен? не арқылы? кім арқылы? неше рет? Деген сұрақтарға жауап береді. Пысықтауыш болатын сөз табы – үстеу. Сонымен бірге барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі зат есімдер, кейде сын есім мен сан есім, етістіктің көсемше түрі барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөз бен қарай, таман, шейін, дейін, бола, соң, кейін, ары, бері, бұрын бірге, қабат, қатар және септік тұлғасыз сөз бен арқылы, арқасында, үшін, сайын септеулік шылаулардың тіркесінен құралған тізбектер де пысықтауыш қызметін атқарады. Құрамына қарай дара (үшін), күрделі (ермек үшін) болып екіге бөлінеді. а) Қимыл-сын пысықтауыш қалай? қалайша? қайтіп? неше рет? не арқылы? ә) Мезгіл пысықтауыш қашан? қашаннан бері? қай кезде? қашанға шейін? б) Себеп пысықтауыш неліктен? не себепті? не үшін? в) Мақсат пысықтауыш не мақсатпен? неге бола? неге? не үшін?

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Тапсырма 1 : мамандық таңдау мен мамандық алу ара қашықтығы туралы ой толғау. Топ ішіндегі проблемалық сұрақтарға топпен жауап беру.

Тапсырма 2. Мәтін мазмұнын еске түсіріп, мына сөздердің аудармасын қайталаңыз. Сөйлем құраңыз.

Әйгілі адам- известный человек
даньшпан философ- гениальный философ
денесінің құрылымы - строение тела
дәлелдеген – доказавший
мәңгілік еңбектері – вечные труды
ұлы дәрігер - великий врач
баға жетпес шығармалары- бесценные труды
аса құнды- очень ценные
тапқырлық – находчивость
құдіретті адам- могущественный человек

Тапсырма 3. Төменде Мұқағали Мақатаевтың «Болашақ дәрігерге» өлеңі көзқарасыңызды білдіріңіз.

Токта-тоқта, ей, жігіт, аялдағын,
Қане, қалай жағдайын, баяндағын.
... Тәжирибе мектебін өтіп жүрсең,
Дәрігерлік кәсіпке таянғаның.

Енді алдында тұрады тірі жандар
Бірі сүйіп, кім білсін, бірі қарғар ...
Қимылдамай кірпігі жатса-дағы,
Байқағайсың, шықпаған тірі жан бар.
Кәсібіңнен кетпегей жеріп мүлде,
(Ақыл айтып кеттім-ау, желіктім бе)

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 20 беті

Өлгендерді тірілтем деп ойлағай
 Денесінен жан ізде өліктің де.
 Жолың болсын, бара ғой, айналайын,
 Айналайын, қорғаушым, қарағадайым!
 Кәсібіңе мен сенің басымды ием,
 Басымды ием, несіне арланайын...

Тапсырма 4. Мағынасына қарай екі бағанды сәйкестендіріңіз.

Аурулар режимін, зиян келтіру мен қиянаттан бойымды аулақ ұстай отырып,	есіткенімді құпия есептеп, жан баласына айтпаймын.
Емдеу езінде, сондай-ақ емдемеген кезде де, адам өмірінің ішіндегі мүлдем жариялауға болмайтын жайларды көргенімді немесе	әдейі қиянат пен қастандық жасаудан, әсіресе әйелдер мен еркектер азат адамдар мен құлдар арасындағы махаббаттан аулақпын.
Қайсы үйге кірсем де аурудың қамын ойлаймын,	ең алдымен аурудың қамын ойлаймын.
Кез-келген адамға дәрігерлік көмегім қажет болғанда бас тартпай орындаймын,	адамгершілік атты ардан өзімді жоғары ұстаймын деп ант етемін.
Медицина жетістіктерімен үнемі танысып, дәрігерлік шеберлігімді үздіксіз дамытып,	шама-шарқымның барынша оларға пайдасы тиетіндей етіп жасаймын.

Тапсырма 5. Семантикалық карта:

«Сөйлем мүшелері» деген тіркесті негізге ала отырып, семантикалық карта құрастыру.
 Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 5 мин.

5.6. Әдебиет:

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.
6. Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>
7. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова. - Қарағанды: ҚарMTU, 2013 Нұржанова, Қ.Қ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 21 беті	

/РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.

2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т

/РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.

4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. -122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.

6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.

7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р

ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>

8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.

1. 1. Алғашқы қазақ дәрігерлерінен кімдерді білесіз?

2. Алғашқы қазақ фельдшерлері қайда даярланып шықты?

3. С.Асфендияров кім? Қайда оқып білім алған?

4. Х.Досмұхамедұлы туралы не білесіз?

5. Ақын С.Торайғыровка күрделі ота жасаған дәрігер кім?

6. Дәрігер М.Қарабаев медицинаның қай саласында еңбек етті?

7.«Мамандықты таңдауда ата-ананың пікірі маңызды» тақырыбында қарсы пікірлер келтіру.

№ 5 сабақ

5.1. Тақырып: Кәсіби тақырыптық диалогтар. Емханада.Дәрігердің қабылдауында. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы.

Сағат саны: 2сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: дәрігерлер туралы мәліметтер жинақтап, байланыстыра отырып, ондағы жаңа сөздерді игерту, сөздермен сөйлем құрастырып, оларды тілдік қатынаста пайдалануға үйрету.

5.3. Оқу мақсаттары: білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 45 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Кәсіби тақырыптық диалогтар.

2. Емхана туралы мәлімет.

3. Сөйлем мүшелері туралы негізгі ұғым.

4. Сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі қызметі қандай?

5. Қажетті сөздік минимумдармен жұмыс.

Мәтінмен жұмыс жасаңыздар

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 22 беті

Кәсіби тақырыптық диалогтар.

Диалог - ғылымда танымдық процестің іздеген нәтижеге әр түрлі, бірақ бір-бірімен жарыспайтын көзқарастар, қатынастар, бағыттардың өзара байланысы жолымен жүзеге асырылатын прогрессивтік дамуының түрі ретінде көрінеді. Диалогиялық байланыс процесс диалогтің бір жағы ғана басқаның көзқарасын игеріп қоймайды, сонымен бірге өзінің идеяларымен дамытады және байытады, оны анықтайды, түзейді, жақсартады. Диалог – екі адам арасындағы сөйлеу әрекеті (егер сөйлеушілер екеуден көп болса онда полилог деп аталады). Монологтан айырмашылығы диалогта сөйлеумен қатар тыңдау механизмдері қатар жүреді.

Емхана

Емхана, (*гр. polis* – қала және клиника) – науқас адам келіп-кетіп емделетін және үйінде сырқаттанып қалған адамдарға медициналық көмек көрсететін, сондай-ақ, аурудың алдын алу шараларын жүргізетін мекеме. Емханада рентген, физиотерапия кабинеттері және басқа да арнайы кабинеттер мен лабораториялар болады.

Үлгісі:

Дәрігер мен науқас

Науқас:- Кіруге бола ма?

Дәрігер :- Кіріңіз.Мазаңызды алып жүрген не?

Науқас:- Әлсіздік пайда болды.Көп жүрсем аяқтарым , буындарым аурады, отырып – тұруым қиын.

Дәрігер:- Мен сізді қаруым керек. Тақтай төсекке шалқаныңыздан жатыңыз. Қолыңызды аяғыңызды созыңыз, мойныңызды бұрыңыз.Еңкейіңіз.Буындарыңыз ауыра ма?

Науқас:-Иә,буындарым сырқырап ауырады.

Дәрігер:-Толық шешініңіз,өкпеңізді тындайын.Денеңізді бос ұстаңыз.Терең демалыңыз.

Науқас:-Өкпем таза ма екен?

Дәрігер:-Өкпеңіз таза.Дегенмен сырқатыңыз бар.

Науқас:-Ем жазып бересіз бе?

Дәрігер:-Алдымен қаныңызды,нәжісіңізді ,зәрінді зерттанаға жіберемін,нәтижесін анықтаймын.

Науқас:-Жағдайым өте нашар ма?

Дәрігер:-Уайымдамаңыз,қауіпті ештеңе жоқ.

Науқас:-Мен жұмыс істейтін едім.

Дәрігер:-Мен сізге еңбекке жарамсыздық қағазын жазып беремін.

Науқас:-Қашан келейін.

Дәрігер:Сәрсенбі күні тексерілуге келесіз.

Науқас:-Рахмет, сау болыңыз!

Дәрігер:-Сау болыңыз! Кешіпкей келіңіз.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тапсырма 1. *Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз.*

Емдеу - сақтандыру мекемелерінің түрлері

Қоғамның басты байлығы – адам. Адамның басты байлығы - оның денсаулығы. Адам денсаулығы – бұл психикалық, физикалық және әлеуметтік әл-ауқаттың жиынтығы. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтау құқығы Конституциямен бекітілген. Емдеу-сақтандыру мекемелерінде амбулаторлық көмек көрсетіледі. Оларға **амбулатория** немесе **фельдшер-акушерлік пункт** (ауылдық жерде), **дәрігерлік пункт (здравпункт)**, **емхана**, **диспансерлер**, медициналық көмек көрсететін мамандандырылған **кеңестік-диагностикалық**

OÑTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 23 беті

орталық, әйелдерге кеңес беру (консультациясы), жедел жәрдем станциясы жатады. Стационарлық медициналық көмек жүйелі бақылауды, емдеу мен тексерудің күрделі түрлерін қажет ететін науқастарға көрсетіледі.

Стационардың түрлері:

1. *Аурухана* медицина ғылымы мен техниканың соңғы жетістіктерінің негізінде тұрғындарға жоғары медициналық көмек көрсетеді. Аурухана көп салалы (әртүрлі ауруларды емдеу үшін) және мамандандырылған (инфекциялық, психиатриялық және т.б.) болуы мүмкін; облыстық және республикалық ауруханалар ауыл тұрғындарын жоғары сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етеді.

2. *Госпиталь* – әскери немесе мүгедек адамдарды емдейтін аурухана.

3. *Клиника* – науқастарды емдеумен қатар студенттерді, дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерді оқыту ісі және ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілетін ауруханалық мекеме.

4. *Шипажай* – науқастардың емін жалғастыратын стационарлық мекеме. Оларды минералдық сулары, емдік балшықтары бар жайлы климатты жерлерге салады. Ауруханалық мекемелер науқастарды стационар жағдайында емдеуге арналған. Белгілі бір аурумен (мысалы, туберкулезбен) сырқаттанатын науқастарды емдеуге арналған *бір салалы* (мамандандырылған) және құрамына әр түрлі (мысалы, терапевтік, хирургиялық, неврологиялық, эндокринологиялық және т.б.) бөлімшелер кіретін *көп салалы* ауруханалар болады. Аурухананың құрамына қабылдау, емдеу-диагностикалық, емдеу бөлімшелері, дәріхана және т.б. кіреді. *Мейірбикенің қызметтік міндеттері* ең алдымен бөлімшенің түріне және оның бөлімшедегі жұмысының ерекшелігіне байланысты. *Қабылдау бөлімі, әкімшілік-шаруашылық бөлімі және емдеу бөлімшелері* аурухананың негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. Емдеу бөлімшелеріне диагностикалық (нақтама) және емдеу бөлмелері, ота жасайтын (операциялық), емшаралық, таңу бөлмелері және мамандандырылған бөлімшелер, науқастар жататын бөлмелер кіреді.

Тұрлаулы мүшелер

Тұрлаулы мүшелер - сөйлемге негіз болатын мүшелер. Тұрлаулы мүшелерге **бастауыш** пен **баяндауыш** жатады. **Логикалық** тұжырым бойынша, сөйлем – пікірге, бастауыш – субъектіге, баяндауыш – предикатқа негізделеді. Тұрлаулы мүшелер тек **зат есім** мен **етістіктен** ғана жасалмайды, олардың құрамында басқа **сөз таптары** да кездеседі. Бастауыш негізінен зат есімнен және зат есім мәніндегі сөз таптарынан жасалса, баяндауыш көбіне, етістіктен жасалуға бейім десек те, өзге есім сөз таптарынан да жасалады

Сөздікпен жұмыс

Мазаңызды алып жүрген – беспокоит

әлсіздік - слабость

буындар- суставы

шалқаңыздан – на спину

созыңыз – вытяните

еңкейіңіз – наклонитесь

терең демалыс

жағдай – состояние

уайымдамаңыз- не волнуйтесь

қауіпті- серьезный

еңбекке жарамсыздық қағазы – больничный листь

тексерілу –проверяться

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Тапсырма 1. Көршіңізбен медбике мен науқас рөлінде сұхбат құрыңыз.

Тапсырма 3. Мақал- мәтелдерді оқып, түсініңіз. Есте сақтаңыз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 24 беті	

1. Денсаулық - зор байлық.
2. Тәні саудың жаны сау.
3. Емнің алды- еңбек.
4. Тазалық – саулық негізі, саулық –байлық негізі.
5. Ас тұрған жерде ауру тұрмайды.
6. Ауру желмен келіп, термен шығады.

Тапсырма 4. Мәтінмен жұмыс. Зейін қойып оқыңыз, түсініңіз, аударыңыз.

Ауру- ағзаның тіршілік ету, өніп-өсу қабілетінің бұзылуы.Ертедегі Рим дәрігері Гиппократ ауру денедегі 4 түрлі сұйық заттың (ал қызыл және қара қан, өт және жалқаяқ) өзара алмасып, өзгеруінен пайда болады еп есептеген. Әбу Али Ибин Сина аурудың сыртқы орта жағдайына байланысты болатынын және әр науқастың өзіне тән ерекше ем қолдану керек екенін айтқан.Ауру үш кезеңге бөлінеді: аурудың жасырын кезеңі, нағыз ауру кезеңі, айығу кезеңі.Ауруды анықтау , қызуын өлшеу , шалдығу себептерін сұрау, теріні, кілегей қабықтарын, бездерді, тыныс алу , ас қорыту , зәр шығару мүшелерін қолмен сипау,басып көру және арнаулы аспаптармен тексеру арқылы шешіледі. Адамның қаны , нәжісі, зәрі, қақырығы зертханаға жіберіледі, нәтижесі анықталады. Дәріген толық тексеріп болған соң ауруды анықтайды да , тиісті диагноз қояды.Қазақша ауру аттары ертеден белгілі.Кейбір ауру атаулары: баспа, соқырішек,демікпе, сарып, саз, сары ауру, көкжөтел, теміреткі, сал, бас сақинасы,шешек, қызылша, сіріспе, құрт ауру, сүзек, оба, шикан, тырысқақ, бауыр ауруы, жүрек ауруы, бүйрек ауруы, асқазан ауруы т.б.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.
6. Суатай С., ЦБ Акnurpress <https://aknurpress.kz/>
7. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова . - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		044-37/11-239 136 беттің 25 беті

4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. -122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау : ауызша сұрақ жауап.

- 1.Дәрігер мен науқас арасында белгілі бір ауру бойынша сұхбат ұйымдастыру
- 2.Белгілі бір жүйе аурулары бойынша рөлдік ойындар өткізу
- 3.Белгілі бір жүйе бойынша іскерлік ойын құрастыру.
- 4.Белгілі бір жүйе аурулары жайлы мәліметтер келтіріп, жазбаша есеп (ақпарат) жазу.
- 5.Сөйлем мүшелері жайында түсіндіріңіз.
- 6.Тұрлаулы мүшелерді қатыстырып сөйлем құраңыздар.

№6 сабақ

5.1. Тақырып: Тісті тиімді тазалау.

Грамматикалық тақырып: Бастауыш жасайтын сөз таптары.

Сағат саны: 2сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты:

- білім алушыларды мемлекеттік тілде салауатты өмір салты жайында әңгімелеуге үйрету;
- білім алушыларды тамақтану мәдениеті мәселелер жөнінде еркін тілдесуге үйрету;

5.3. Оқыту мақсаты: білім алушылар кәсіби қарым-қатынас үшін қажет негізгі медициналық терминологиялық лексика минимумын меңгерту. Қазақ тілінде сөйлеу қызметінің әртүрлі дағдылары мен біліктерін жетілдіру. Медицина саласындағы жағдаяттарға қатысты лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді сақтай отырып, тіл байлығын арттыру

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 45 мин.

5.4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 1) Тақырып бойынша диалог құрастыру.
- 2) Есім сөздерден жасалған бастауыштар.
- 3) Бастауыш, оның қызметі.
- 4) Басқа сөз таптарынан жасалған бастауыштар.

Тісті тиімді тазалау.

Көп жылдар бойы әлемде тіс тазалаудың екі-ақ құралы бар екеніне сенімді болғанбыз. Ол тіс щеткасы. Қазіргі таңда бұл санамызға «сіңіп кеткен» стереотип шайқалуда. Өндірушілер көптеген стоматологиялық өнімдерін ұсынуда. Олар: қабынуға қарсы эликсирлер, бактерияға қарсы гелдер, арнайы сағыз резеңкелер, тіл тазартқыштар.

Тіс пен қызыл иекті мұқият тазарту өте маңызды. Тісті тиімді тазалау үшін тіс щеткасын ғана емес, «флосс» аталмыш тіс жібін пайдаланудың маңызы зор. Себебі тіс щеткасы көмегімен тістің бес бетінің үш бетін ғана тазалай алады екенбіз. Көрші тістермен шектесетін қалған екі жағы ерекше күтімді қажет етеді, өйткені тіс арасындағы тамақ қалдығы мен тіс қағы щеткамен

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 26 беті	

алынбайды. Сол себептен тіс жегі үрдісі көбіне алдымен осы жерлерді зақымдайды екен. Бүгінгі таңда флосс – бұл тіс арасын тазалаудың негізгі құралы болып табылады. Тісті кем дегенде екі минут тазалау керек. Қарапайым щетка болсын, электр щеткасы болсын ауыз қуысының әрбір бөлігін 30 секунд бойы тазалаған жөн. Қызыл иек жиегіне, қол жетпейтін артқы тістер мен пломба салынған және жасанды қап кигізілген тістерге ерекше назар аудары отырып, тез және жеңіл қимылмен тазалау қажет.

Тіс дәрігерлердің көбі тіс қағы мен тамақтың қалдығын тазалауда қаттылығы орташа, қылтандары синтетика щетканы пайдаланған жөн деп санайды. Үнемі діріл мен айналу қозғалыстан тұратын технологиясы бар электр щеткасы әдеттегі тіс щеткасына қарағанда тамаша нәтиже береді. Олар тістерін өз бетінше жуа алмайтын адамдарға үлкен көмегін тигізеді. Тіс щеткасын қалай күту керек? Пайдаланғаннан кейін оны міндетті түрде тазалап, басын жоғары қаратып қояды. Тозу белгілері байқалғанда немесе әр үш ай сайын тіс щеткасын ауыстырып тұру керек. Қазіргі кезде әр түрлі жағдайларға байланысты алуан түрлі тіс пасталары бар. Мысалы, сезімтал тістерге, сарғайған тістерге, қанайтын қызыл иекке арналған және т.б. Тек өзіңізге арналған пастаны қолдану маңызды, сондықтан тіс дәрігерімен кеңескен жөн. Тісті дұрыс тазалау әдістерін білмесе, ең революциялық щетка мен тиімді тіс пастасының пайдасы болмай қалады. Тісті дұрыс тазалау әдемі күлкімен ғана шектелмей, тіс жегі, пародонтит сияқты аурулардан құтылуға көмектеседі. Тіс тазалаудың соңғы сатысы – қызыл иектің массажы.

Сөздік

қызыл иек жиегі – край десны
 құрал – средство; орудие
 сіңіп кеткен – вьевшийся
 шайқалу – шататься; колебаться
 шектесу – граничить
 құтылу – избавляться; спасаться
 саты – ступень; стадия; этап; лестница
 жасанды қап – искусственная коронка
 жағдай – ситуация; состояние; положение; случай
 қылтан – щетина; волосинка
 діріл – вибрация
 нәтиже – результат
 мұқият – тщательно
 міндетті түрде – обязательно
 алуан түрлі – разнообразный
 сарғайған – пожелтевший
 қол жетпейтін - труднодоступный
 тозу – изнашиваться
 кеңесу – советоваться

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

1-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.

Сенімді болу, тіс пен қызыл иек, тіс жібін пайдалану, ерекше күтімді қажет ету, тамақ қалдығын, тіс арасы, ауыз қуысының әрбір бөлігі, пломба салынған тіс, қаттылығы орташа щетканы пайдалану, аурулардан құтылу, тозу белгілері, тіс жегі үрдісі, тамаша нәтиже беру, үш ай сайын ауыстыру, тіс дәрігерімен кеңесу.

2-тапсырма. Мәтінге қатысты төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Тісті қанша уақыт тазалау қажет?
2. Тіс тазалағанда неге ерекше көңіл бөлу керек?

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		044-37/11-239 136 беттің 27 беті

3. Тіс дәрігерлердің көбі қандай тіс щеткасын ұсынады?
4. Қандай тіс щеткасы тамаша нәтиже береді және ол кімдер үшін тиімді?
5. Тіс щеткасын қалай күту керек?
6. Қазіргі кезде тісті тазалап, күту үшін нелер бар?

3-тапсырма. Сөз тіркесімен сөйлем құраңыздар.

Тіс пастасы

4-тапсырма. Тісті тиімді тазалау үшін не істеу керек екенін жазыңыздар.

Үлгі: Тісті тиімді тазалау үшін тіс щеткасын пайдалану керек.

1. Тісті тиімді тазалау үшін _____ керек.
2. Тісті тиімді тазалау үшін _____ керек.
3. Тісті тиімді тазалау үшін _____ керек.
4. Тісті тиімді тазалау үшін _____ керек.

5-тапсырма. Белгілі бір тіс пастасына жарнама жасаңыздар.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыттау.

Сабақта оқытушы білім алушыға мәселені көтеріп, қай бағытта жұмыс істеу керектігін сілтейді, әрі қарай студент жеке жұмыс жасайды.

Жазылған мәтінді негізге ала отырып, студенттер алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің тәсілдері бойынша жұмыстар атқарады:

Алғашқы дәрігерлік көмектің міндеті – жарақаттанған адамның өмірін сақтап қалудың қарапайым шараларын жасау; көп қиналудан, асқынып кетуден сақтау; жарақат және ауру зардаптарын жеңілдетуге мүмкіндік жасау.

Мамандықтың кәсіби қазақ тілінде сөйлеу мәдениеті мен этикеті.

Сөйлеу мәдениеті - қоғаммен қалыптасқан амандасу, өтініш жасау, ризалық білдіру сияқты этикет жағдайларын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тіл нормаларын, дайын тіл формулаларын қолдану. Мысалы, «қайырлы күн», «кешіруіңізді сұраймын», «Сізбен танысуға қуаныштымын» және т.б. Бұл тұрақты тіркестер әлеуметтік, жастық, психологиялық сипаттамаларға қатысты таңдалады. Өзара әсер ету тұрғысындағы қарым-қатынас негізіне адамдардың бір- бірімен байланыс орнатуы, белгілі бір ақпарат алмасуы арқылы өзара бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыруы, ынтымақтастықты қалыптастыруы жатады. Өзара әсер ету қалпындағы қарым-қатынас еш кедергісіз жүруі үшін келесі кезеңдерден тұруы тиіс: 1) байланыс орнату (танысу). Бұл ретте өзге адамдарды түсіну ұғымы, өзін өзгеге таныстыру ескеріледі; 2) қарым-қатынас жағдаятына

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 28 беті	

ыңғайлану, жағдаятты ой елегінен өткізу, кідірісті іріктей білу; 3) қажетті мәселені талқылау; 4) мәселені шешу; 5) байланысты сәтімен аяқтау. Қызмет бабындағы қарым-қатынас серіктестік бастамалар негізінде құрылып, өзара мұқтаждар мен қажеттіліктерден, істің мүдделерінен туындауы тиіс. Мұндай ынтымақтастық тұрғыдағы байланыс кәсіби 27 маманның белсенділігін арттырады, өндірістің, бизнестің технологиялық үдерісінің маңызды факторы болып табылады.

Этика моральдің қоғамдағы орнын, оның шығу тарихы мен мәнін т.б. мәселелерін зерттейді. Этика, мораль сөздерінің мағынасы қазақ тіліндегі адамгершілік ұғымына келіп саяды. Этиканың міндеті адам өмірінде кездесетін іс-әрекеттерді адамгершілік тұрғыда шешу мәселелерімен айналысу. Ал этикет этика ғылымы зерттейтін мораль ережелерінің бір бөлігі болып табылады. Этикет ұғымына адамдар өздерінің түрлі көзқарастарын білдіріп жатады. Этикетті қолдамайтындар мынандай пікір айтады: - Өздерін әдепті, сыпайы көрсететін адамдарды ұнатпаймын. Әдепті көріну үшін ғана өздерін сыпайы ұстайды. Ішкі жан дүниесі таза болса болды, ал сыртқы дүние ол – алдамшы. Солай жасау керек болғандықтан ғана сыпайы боласың, ол сенің өз еркің емес, сондықтан да ол жалған, екіжүзділік. Байқайсыз ба, барлық өтірік айтатындар, екіжүзділер сыпайы көрінеді. Ал этикетті жақтаушылар былай дейді: - Сіз дұрыс айтасыз, барлық өтірікшілер, екіжүзділер сыпайы көрінеді. Бірақ, бұл нені дәлелдейді? Бес саусақ бірдей емес дегендей, сыпайы адамдардың барлығы өтірікшілер емес қой. Ал өтірік айтушылар, екіжүзділер сыпайыгершілік өте керемет қасиет болғандықтан соның ығына тығылады. Этикет сөзінің шығу тарихы төмендегідей: Франция королі XIV Людовиктің қабылдауына келушілерге король сарайының арнайы қызметкерлері этикетка деп аталатын бір жапырақ қағаз беретін болған. Ол қағазда корольді қалай атау керек, оның алдында қалай сөйлеу керек, корольдің алдына барған кезде қандай қимыл жасауға болады, қандай қимыл жасауға болмайды, т.б. қысқаша әдеп ережесі жазылатын болған. Бұл этикеткаларды адамдар арасындағы қарым-қатынас пен норма ережелерінің алғашқы құжаты ретінде бағалауға болады.

Бастауыш жасайтын сөз таптары.

Сөйлемде есім (зат есім, сын есім, сан есім), есімдік, я, есімге айналған сөздер (есімше, тұйық етістік) әрі объектеніп субстантқа айналған (үстеу, одағай, шылау) сөздер дара тұрып та, күрделі тұрып та бастауыш болады.

1. Зат есімдердің бастауыш болуы Атау түріндегі, аяғы тәуелді жалғаулы я көптік жалғаулы зат есімдердің бастауыш болуы ең қалыпты нәрсе. Мысалы: Абай бұл сөздерді жақтырмай амалсыз тыңдап отыр. Ояң жерлер тіпті төмендеп, қыраң жерлер тіпті биіктеп кеткендей. Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез. Көптік жалғаулы сөздің бастауыш болуына мысал: Жүргіншілер бұлақтың дәл қасына ең жақын қонған ауылға келе жатыр. Студенттердің ғылыми қоғамының бір үйірмесіне жазушылар шақырылды. Бұл сөзді естісімен Ырғызбайлар тағы шапқылап түні бойы қол жинады. Шоқыға шыққан жігіттер ентіге күлісіп, қалжың айтысты.

2. Сын есімдердің бастауыш бастауыш болуы Затқа айналған субстантталған сын есімнің бастауыш болуында да екі түрлі бар. Біріншіден, сын есім тура затты анықтамайтын болып, заттың орнына айтылуы керек. Екіншіден, сөйлем ішінде субъект болған сын есімнен басқа тағы бір сын есім я сын есімнен шыққан сөз болу керек. Бұл сонда ғана объектердің қайшылықтарының бірлігін көрсететін құбылыс болып табылады. Зат есім мен сын есім өздігінен қарсы тұра алмайды. Мысалы: «Жақсы кісі жалған айтпайды» десек, жақсы бастауыш болмайды, бастауыш кісі ғана болады. Егер, «жақсы жалған айтпайды» десек, жақсы бастауыш болады. Сын есім көптік жалғау арқылы да затқа айналып, бастауыш болады. Мысалы: Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек. (Абай). «Үйірімен үш тоғыз» деп жымыңдап, Жасы үлкендер жанына байлағанда. (Абай). Кейде сын есім тәуелді жалғауын жалғау арқылы затқа айналмай-ақ, бастауыш болады. Мұндайда сын есім затты анықтамайды, өйткені оның анықтамайтын сөзі бұрын келеді, орын ауысады. Мысалы: Қазақстандағы өзеннің үлкені – Ертіс. Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді. (Мақал).

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 29 беті	

3. Сан есімдердің бастауыш болуы Сан есімдердің бастауыш болуы да сын есімдердікіндей, бірақ, өзгешелігі де жоқ емес. Атау қалпындағы сан есімдер артынан айтылған зат есім жоқ болса, зат есім орнында айтылып бастауыш болады. Мысалы: Сегіз – екіге бөлінеді. Екі жердегі екі – төрт. Кейде екі екі – төрт деп те айтылады. Мұндайда «екілердің» соңында зат есім барлығы да, негізінде болатындығы да сезілмейді. а) Сан есімнің жинақты түрлері де, оның тәуелдісі де бастауыш болады. Мұның бастауыш болуы өте қолайлы, себебі: бұл аяққы -ау, -еу жұрнағы арқылы затқа айналып, зат есімнің орнына жүреді. Мысалы: Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. (мақал). Екеуі қарауыл қарайды, біреуі шөпшек тереді. (жұмбақ). ә) Есепті сан есімнің тәуелді түрі де бастауыш болады. Мысалы: Аттың отызы ана бригадада. Мына жиырма бөлініп шық! б) Сан есімнің ретті түрі де бастауыш бола алады. Мысалы: Бірі тым ауыр, екіншісі тым шапшаң, ұрыншақ... в) Бөлшек сандардың бөлшегі мен көрсеткіші де тәуелді жалғауда тұрып, күрделі бастауыштың қызметін атқара алады. Мысалы: Колхоздың жүздеген тоқсан тоғызы бақша еге біледі. г) Сан есімнің шақты, шамалы шылауы бар түрі де, көптік түрі де тәуелді жалғау жалғанса, бастауыш қызметін атқарады. Мысалы: Сауын сиырдан мұнда жүз шамаласы қалар дейміз. Жігіттердің он шақтысы жаудың соңынан қуып кетті. Оқушылардың он шақтысы музыка үйренді. Сан есімдік мәні бар ондаған, бестеген сияқтылар да тәуелді жалғау арқылы бастауыш болады. Мысалы: Пионерлердің ондағаны ойын көрсетті.

4. Есімдіктердің бастауыш болуы Есімдіктер зат есімнен соңғы өздігінен өнімді бастауыш болатын сөз. Олар бастауыш болумен қатар, баяндауышқа тура сәулесін түсіреді. а) Жіктеу есімдіктерінің бастауыш болуы: Мен – балаң жарық күннен сәуле қуған. Біз оқытушы болуды арман еттік. Сен жаралы жолбарыс ең. Ол бір қызарып, бір ақшылданып, сұрлана түсіп, сөйлеп отыр. Олар да бұның жүзіне тегіс қарап қапты. ә) Сұрау есімдіктерінің бастауыш болуы: Кімі тантық, кімі паң. Кімдер сапар шекпеді, Туған елдің қамы үшін. Нелер кетіп, не кетпес ер жігіттің басына. б) Сілтеу есімдіктерінің бастауыш болуы: Бұл – Тыржық деген бай екен. Бұл бір ащы мысқыл еді. Қонақтардың қасында бүгін де солар ғана болған. в) Өзіндік есімдіктің бастауыш болуы: Өзің қара артыңа – өткен өмір бейне түс. Менің өзім нашармын, Түрікпен аузым ашармын. г) Белгісіздік есімдіктің бастауыш болуы: Сәлде киген біреу отыр, ол молда болып шықты. Біреулер жата қалып, көз іліндіріп, біреулер құрғақ тағамдарын жеп, әркім өз шаруасына кірісіп жатыр. д) Болымсыздық есімдіктің бастауыш болуы: Оған осы отырған ешқайсымыз, әй, ештеңе қоса алмаймыз. Бірақ, ақшаға ешкім зат сатпайды. е) Жалпылық есімдігінің бастауыш болуы: - Кім еді мұның! – деп әркімдер танданайын деп еді. Осы үш жігітке ауыр хал-жағдайымызды айтып едім, әрқайсысы әртүрлі ақыл берді. Бәрі Есжанның қарамағындағы аттар. ж) Мөлшер есімдігінің бастауыш болуы: Жүктің бірсыпырасы тасылып болды. Әлі бұл аттардың бірнешесі (бірнешеуі) жолда қалады. Кейде есімдіктердің қатар келуінен, оның қайсысы бастауыш екенін айыру қиынға соғатын жайы бар. Мысалы: Мынау сіз жазған хат па? Бұл сөйлемдегі бастауыш – сілтеу есімдік мынау, ал сіз бастауыш емес, себебі, ол сіздің деген сөз, мұның тек қана жалғауы түсіп қалып тұр. Сол сияқты «Ол сен айтқан кітапты берген жоқ». Мұнда сен сенің-нің орнына тұр.

5. Етістіктен туған есімдердің бастауыш болуы Бұлар да орнына, мағынасына қарай бастауыш болады. Мысалы: Жаудан күту жақсылық – зарлыққанның салдары, Байдан күту жақсылық – тарыққанның салдары. Жазықтыны жазалау – заңның ісі. Жар сую, жұрт мақтанарлық атақ табу – аз аз күннің аз ермегі уанатын. Көптен үйрене отырып, үйретуіміз де керек. Етістіктен зат есімге айналған сөз өзінен соң зат есім келген жағдайда анықтауыш болады да, зат есім тіркессіз жалаң өзі келген орында бастауыш болады. Мысалы: Жығылған адам күреске күреске тоймас. – Жығылған күресек тоймас. Бірақ әлі де білмегенім көп. Баққандары өзінің ғана құлқыны мен бақ-дәрежесі.

6. Етістіктердің бастауыш болуы Нақтылы етістіктер объектке айналып барып, бастауыш болады. Етістіктер де етістігі арқылы объектке айналады, бірақ ол үнемі сақтала бермейді.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 30 беті	

Мысалы: Көрдiм – көп сөз. Бастауыш – көрдiм. Мұның толық түрi: Көрдiм деген көп сөз. Сендердiң сүйемiндерiң - сүйемiн дегендерiң. Тойдың болғанынан боладысы қызық.

7. Одағай, шылау, үстеу сөздердiң бастауыш болуы Одағай, шылау, үстеулердiң бастауыш болуы үшiн де, олардың жұрнақ жалғап, басқа сөз табына айналуы я объектке айналуы шарт: а) «Түу» - одағай сөз. Бастауыш – «түу», ол объектелiп тұр. Алланнан ойбайым жақсы. «Әйт-шу» деген түйеге демеу. Жұманның «оһы-үһiсi»-ақ мезi қып бiттi. ә) Бұл тастың қасындағы қайда? Бұл жерде «қасында» шылауы сынға айналып, объектенiп барып, бастауыш болып тұр. «Де» - жалғаулық шылау. Осы кiсiнiң «яғниы»-ақ таусылмайды екен. б) Ерiншектiң ертеңi бiтпес. «Ертеңi» объектенген үстеу. Қапанның «тiптiсi» бiтпейдi. Күн бұрының жоқ демесең ортаңа түспей кететiн нем болушы едi менiң... Мезгiл үстеуi объектiге айналмай-ақ, бастауыш бола алады. Ол үшiн бастауыш үстеуден соң я оның алдында салыстырмалы түрде тағы бiр үстеу болу керек. Мысалы: Ертең бүгiннен ашық болады. Бастауыш – ертең. Бұл «ертең» субстантанған затқа айналған сөз, зат есiмнiң орнында айтылып тұр.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекiту: 10 мин

Бiлiм алушылардың өз бетiнше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

Негiзгi:

1. Сәлiм, Е. Қ. Қазақ тiлi [Электронный ресурс] : техникалық және кәсiби бiлiм беретiн орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлiм, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлiм, Е. Қ. Кәсiби қазақ тiлi [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлiм. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тiлi. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсiби қазақ тiлi. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттiбаева А.Е. Қазақ тiлi. Оқу құралы. 2013.
6. Суатай С., ЦБ Акнурpress <https://aknurpress.kz/>
7. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тiлi: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсiпбекова . - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсiби қазақ (орыс) тiлi : Оқу-әдiстемелiк кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тiлi: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев I. Фразеологиялық сөздiк – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсiби қазақ тiлi: Оқу-әдiстемелiк құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. -122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тiлiнiң түсiндiрме сөздiгi: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тiркесi /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсiби қазақ тiлi: Оқу-әдiстемелiк құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тiлi. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 31 беті

ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>

8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап

1. Тілдің ең басты қызметі не?
2. Сыпайылық дегенді қалай түсінесіз?
3. Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері қандай болу керек?
4. Әдеп ережелерінің жиынтығы қалай аталады?
5. Айтуға ұят, мазмұны нашар, дәрекі сөздермен сөйлейтін адамдар кімдер ?
6. Үлкен кісілердің Мәке, Сәке, Жәке деген қысқартуларды қолдануы неліктен деп ойлайсыз?
7. Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері тақырыбына мәтін құрастыру.

тестілеу

Тест бойынша жауап беріңіз:

1. ... сөйлемнің басқа бірден-бір мүшесіне тәуелді болмайды.
 - А. бастауыш
 - В. баяндауыш
 - С. толықтауыш
 - Д. пысықтауыш
 - Е. анықтауыш
2. Бастауыш құрылысына қарай... болады
 - А. күрделі
 - В. негізгі және күрделі
 - С. тек қана дара
 - Д. дара және күрделі
 - Е. туынды
3. «Адам ең алдымен жерді сағынады» деген сөйлемдегі бастауышты тап
 - А. Жерді
 - В. Адам
 - С. сағынады
 - Д. ең
 - Е. алдымен
4. «Олжабек не болғанын білмеді» деген сөйлемдегі бастауыш құрылысына қарай-...
 - А. туынды
 - В. күрделі бастауыш
 - С. негізгі
 - Д. дара бастауыш
 - Е. баяндауыш
5. «Егіс даласы ирек-ирек бел болып білмеді» деген сөйлемде ... бар
 - А. дара бастауыш
 - В. күрделі бастауыш
 - С. негізгі
 - Д. туынды
 - Е. баяндауыш
6. ... - сөйлем құрауға негіз болатын мүшенің бірі
 - А. Үйірлі мүше
 - В. Бастауыш
 - С. Толықтауыш
 - Д. Пысықтауыш

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 32 беті

Е. Анықтауыш

7. «Қысы – қыс, жазы - жаз» деген сөйлем ... байланысып тұр.
 - А. интонация арқылы
 - В. жалғаусыз орын арқылы
 - С. жіктік жалғау арқылы
 - Д. баяндауыш арқылы
 - Е. бастауыш арқылы
8. «Қысқа дайындық жақсы» деген сөйлем ... арқылы байланысып тұр.
 - А. жіктік жалғау арқылы
 - В. бастауыш арқылы
 - С. интонация арқылы
 - Д. анықтауыш арқылы
 - Е. жалғаусыз орын арқылы
9. «Орынсыз кінә» деген тіркес ... байланысып тұр.
 - А. жіктік жалғау арқылы
 - В. интонация арқылы
 - С. жалғаусыз орын арқылы
 - Д. баяндауыш арқылы
 - Е. пысықтауыш арқылы
10. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері -
 - А. бастауыш, баяндауыш
 - В. есім сөздер
 - С. толықтауыш, пысықтауыш
 - Д. одағай, шылау
 - Е. анықтауыш
11. Сын есімнен жасалған бастауыш ...
 - А. Оқыған кісілер айтты
 - В. Жақсы адам ісімен жақсы
 - С. Көрмес түйені де көрмес
 - Д. Өнерлі өрге жүзеді
 - Е. Жасыл жайлауды тамашалап тұрмын
12. Зат есіммен жасалған баяндауыш
 - А. Шәкірттер өсіп қанат қақты
 - В. Ауыл кешке өзгеше жанғандай
 - С. Ер жолдасы – тәуекел
 - Д. Мен де жаудан шегінбеймін
 - Е. Ол оқуға құмар
13. Сан есімді тіркестен жасалған баяндауыш
 - А. Екіншісі – тау жолы
 - В. Екі түрлі жағдай керек: біреуі - су
 - С. Екі ауылдың арасы – он шақырым
 - Д. Жастардың ендігі міндеті – соның екіншісіне қол жеткізу
 - Е. Ол дәрігер болатын
14. Күрделі бастауышты сөз ...
 - А. Ерінбеген етікші болады
 - В. Мейрам шахтаға кетті
 - С. Оған намыскерлігі жіберілмеді
 - Д. Бұл – Еркіннің сөзі

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 33 беті

- Е. Күле беру ыңғайсыз
15. Күрделі баяндауышты сөз ...
- А. Аспанды бұлт торлады
 - В. Оқу – инемен құдық қазғандай
 - С. Жел кешке қарай саябырсыды
 - Д. Олар мәселеге біраз ойланды
 - Е. Сенің айтқаның болсын

№7 сабақ

5.1. Тақырып: Тіс адам -көркі.

Грамматикалық тақырып: Баяндауыш жасайтын сөз таптары.

Сағат саны: 2сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: Қазақ тілінің медицинаға және күнделікті өмірге қажетті сөздерін, сөз тіркесін үйрету. Сөздік қорларын дамыту және ойларын дұрыс жеткізу үшін сөйлем түрлерінен мағлұмат беру. Көптік жалғаудың басқа жалғаулардан ерекшеліктері мен айырмашылықтарын салыстыру. «Тіс адам көркі» мәтіні арқылы медициналық терминдерді үйрету, түсінгенін қазақ тілінде дұрыс айтуға дағдыландыру.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Тіс аурулары туралы мәліметті.
2. Тістің организмде атқаратын ролі туралы.
3. Баяндауыш жасайтын сөз таптары.

5.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: бағыт беру, жаттығу жұмыстары.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылардың өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Тіс-адам көркі.

Тістің сыртқы көрініп тұратын бөлігін тіс сауыты, оның жіңішкерген жерін мойны және сүйегіне бекитін бөлігін тістің түбірі деп атайды. Тіс сауыты өте қатты, ақ түсті зат-кіреукемен (эмальмен) қапталған. Сондықтан ол ыстық-суықтың бәріне шыдап, неше түрлі тағамдарды шайнауға мүмкіндік береді. Кіреукенің іші сүйек, оны дентин дейді. Дентиннің қызыл иек ішіндегі өзі сияқты жұқа қабатын цемент деп атайды. Сауыт пен түбірдің ішінде жұмсақ тін болады, оны тіс ұлпасы дейді. Тіс ұлпасынан қан тамырлары мен жүйке талшықтары өтеді. Қан тамырлары тіске коректік заттарды жеткізеді, ал жүйке талшықтары оған сезімталдық қасиет береді. Тіс шайнау қызметін атқарады. Тістің (кіреукенің, дентиннің, цементтің, сүйектің) құрамындағы негізгі заттар-аппатиттер. Олар өздерінің химиялық құрамы бойынша кальцийлі фосфат тобына жатады. Тіс кіреукесінің құрамына натрий, магний, хлор, калий, фтор, темір және басқа да микроэлементтер кіреді.

Тістер пішініне қарай: күрек тіс, ит тіс, кіші және үлкен азу тістер болып бөлінеді. Ал тістің ең соңғы жұбы – ақыл тіс. Ол адамға 17-25 аралығында шығады. Түбірлерінің құрылысына қарай тіс бір түбірлі, екі түбірлі және үш түбірлі болып келеді. Бір түбірлі тістерге алдыңғы күрек тіс және ит тістер жатса, үстіңгі жақ сүйектің азулары үш түбірлі, ал астыңғы жақ сүйектің азулары екі түбірлі болады.

Тістің барлық саны – 32. Олар адамның аузында үстіңгі және төменгі жақ сүйектерге екі қатар болып орналасады. Олардың әрқайсысында 16-дан тіс болады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 34 беті	

Жаңа туған балада тіс болмайды. Бала 6-9 айға жеткенде алдыңғы тістер шыға бастайды. Бұлар сүт тістер деп аталады. Бала екі жасқа келгенде оның аузындағы тістерінің саны 20-ға жетеді. Бала 6-7 жасқа толғанда сүт тістері түсіп, оның орнына тұрақты тістер шығады. Бұл тістердің өзгеріп алмасуы 12-14 жасқа дейін аяқталады. Үлкен азу тістер шығатын жерлерге сүт тістер шықпайды. Тіс шығып келе жатқанда қолмен ұстаса, олар ілгері-кейінді қисық болып шығады.

Баяндауыш болатын сөз таптары

Етістіктер мына тұлғаларда айтылып, баяндауыш болады:

ашық райдағы етістіктер

Мысалы: Мен бір аса маңызды жұмыспен келіп отырмын.

бұйрық және қалау райларындағы етістіктер

Мысалы: Ғылым таппай мақтанба. Кел балалар оқылық. Ол сағат жетіге шейін қайтса игі еді.

тұйық етістіктің атау түрі мен жатыс жалғаулы түрі

Мысалы: Дұрыс жазуға үйренудің бір жолы — кітапты көп оқу.

есімшелер

Мысалы: Аяңшыл ат арымас

Есім сөздер (зат есім, сын есім, сан есім) және есімдіктер ешқандай жалғаусыз да, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары және жатыс септік жалғауы қосылып та баяндауыш болып келе береді

Мысалы: Ердің сыншысы — елі

Мезгіл және мекен үстеулері (ілгері, кейін, жоғары, төмен, ертең, кеш, былтыр, күндіз т. б.) атау тұлғада, кейбіреулері жатыс септікте тұрып та баяндауыш болып келе береді

Мысалы: Киноға баруға уақыт тым кеш

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1 Тапсырма «Тіс – адам көркі» мәтіні бойынша кездесетін жаңа сөздермен танысып, жаттап алыңыз.

2-тапсырма. тістің пішіні, тістің атқаратын қызметі, тістердің бөлінуі, ақыл тістің шығуы, үлкен азу тістер, сүт тістер, тұрақты тістер.

3 -тапсырма. *Мәтінді оқып, түсінгендеріңізді айтыңыздар.*

Тіс – адамның көркі

Тіс – адамның ауыз қуысында орналасқан қатты тіндерден тұратын ағза. Тіс шайнау қызметін атқарады. Тістің сауыты, мойны, түбірі болады. Тіс негізінде дентиннен құралған. Тістің іші қуыс, онда тіс ұлпасы орналасқан. Ұлпаға қан тамырлары тіс түбірінің ұшындағы тесік арқылы өтеді.

Ересек адамға астыңғы және үстіңгі жақ сүйегіне 16-дан орналасқан 32 тіс болады. Тіс пішіні мен атқаратын қызметіне қарай: күрек тіс (8), ит тіс немесе сүйір тіс (4), кіші азу (8) және үлкен азу тістерге (12) бөлінеді, соңғы үлкен азу тістері ақыл тіс деп аталады. Олардың мүлде болмауы да мүмкін, көбінесе 17-25 жаста шығады. Жаңа туған балада тіс болмайды, 6 айға таман тіс жара бастайды да, тістің шығуы 2,5-3 жаста тоқталады. Осы алғашқы 20 тісті сүт тістері деп атайды. 5-6 жас пен 13 жас аралығында осы тістер біртіндеп тұрақты тістермен алмасады.

Үлкен азу тістер шығатын жерлерге сүт тістер шықпайды. Тіс шығып келе жатқанда қолымен ұстаса, олар ілгері кейінді қисық болып шығады. Ал тіс маржандай әдемі шықса, адамға көрік береді.

Адам тістерінің асты ұстау, шайнаумен қатар сөйлеуде, дыбыс шығаруда да маңызы зор.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Біліа алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 35 беті	

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.
6. Суатай С., ЦБ Акнурpress <https://aknurpress.kz/>
7. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова . - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. -122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.

Тақырып бойынша негізгі сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1.Адамның тісі сау болуы үшін не істеуі керек?
- 2.Адамда неше тіс болады?
- 3.Ақыл тіс қашан шығады?
- 4.Тіс пішіні мен атқаратын қызметіне қарай қалай бөлінеді?
- 5.Тіс қандай қызмет атқарады?
- 6.Тіс неден құралған?

№8 сабақ

5.1.Лексикалық тақырып: Тістің құрылысы.

Грамматикалық тақырып: Тұрлаусыз мүшелер.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 36 беті	

Сағат саны: 2сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: Қазақ тілінде ойларын дұрыс жеткізе білуге дағдыларын қалыптастыру. «Тістің құрылысы» мәтіні бойынша жаңа сөздерді игерту.

5.3. Оқу мақсаттары: білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 45 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Пішініне қарай, пішініне қарай бөліну, түбірлердің құрылысы, түбірлердің құрылысына қарай бөлінуі.

2. Тұрлаусыз мүшелердің түрлерінің жасалу жодары.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру, жаттығу жұмыстары.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Тістің құрылысы

Әрбір жеке тістің сауыты, мойны және түбірі болады. Тістің ауыз қуысынан шығып тұрған бөлігі тіссауыт деп аталады. Оның сырты жылтыр кіреукемен (эмаль) қапталған. Тіс кіреукесі - адам денесіндегі ең қатты ұлпа. Оның бір шаршы миллиметр ауданы 400 килограмдай салмаққа төтеп береді. Кіреукенің бұл қасиеті, оның құрамындағы бейағзалық заттарға тікелей байланысты. Тіс кіреукесінің 95%-ы кальций фосфатының қосылысынан тұрады. Бұдан басқа оның құрамында фтор, мыс, мырыш, темір, кремний және т.б. заттар кездеседі. Тіс кіреукесінің қалыңдығы да түрліше болады. Тіссауыттың үстіңгі бұдырларындағы кіреуке едәуір қалың. Балалар тістері кіреукесінің құрамында минералдық заттар аз болғандықтан, ол жұқа болады. Тістің келесі бөлімі - тіс мойын. Тіс мойны арқылы жақ сүйектеріндегі тіс ұяшықтарына цемент заты арқылы бекиді. Тістің үшінші бөлімі - түбірі. Тіс түбірі жақсүйектердегі арнайы ұяшықтарда орналасқан. Күрек және сойдақ тістердің түбірі бір-бірден болса, азу тістердің түбірі екеу (кіші азу тістерде) немесе үшеу (соңғы үлкен азу тістерде). Тіс түбірінің ұшында кішкене тесік болады. Осы тесік арқылы тістің ішіне қантамырлары мен жүйкелер енеді. Тістің ішкі қуысы кеуекті дәнекер ұлпасымен толтырылған. Тістің түбірлері дәнекер ұлпалы талшықтар арқылы тіс ұяшықтарына өте берік бекиген. Тіске келетін қантамырлар оны қоректік заттармен қамтамасыз етеді. Тіс ауырғанда немесе тісті жұлғанда ауыратыны жүйкелердің сезімталдығына байланысты. Тістің негізгі бөлігін дентин (лат. «dens» - тіс) заты құрайды. Дентин өте тығыз сүйек ұлпасынан түзілген. Оның құрамының 70%-ы фосфаттардан, фтордан және кальций карбонаттарының қосылыс-тарынан тұрады. Микробтардың әсерінен тістің дентин затының бұзылуынан болатын ауру тісжегі (кариес) деп аталады. Бүтін әрі сау тістер - адам денсаулығының басты кепілі. Ауырған тістерде ауру коздырушы микробтар көптеп кездеседі. Тістің бүлінуі тіс кіреукесінің шытынауынан басталады. Тіс кіреукесінің шытынауы қатты заттарды (мысалы, жаңғақ) шағудан және т.б. жағдайлардан да болады. Кейде тым ыстық немесе өте салқын сусындарды бірінен соң бірін ішу кіреукенің шытынауына әсер етеді. Тіс кіреукесіндегі шытынаған жерлерге микробтар шоғырланып, тістің бүлінуі жалғаса береді. Ауру тістер адам ағзасындағы басқа мүшелерге (жүрекке, бүйрекке, буындарға және т. б.) де зардабын тигізеді. «Ауру ауыздан кіреді» деген сөзде терең мағына бар. «Тіс бүлінді дегенше, іш бүлінді. іш бүлінді дегенше, іс бүлінді» деген сөздер тістің ауруының ішкі мүшелерге әсерін дәл көрсетіп тұр.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 37 беті

Ауыз қуысына түскен тағам алдымен тістердің көмегі арқылы шайналып ұсақталады да, сілекеймен араласады. Ауызда толық шайналған, өрі сілекеймен шыланған тағам ағзада жеңіл қорытылып, тез сінеді. Көрнекті ақын Мұзафар Өлімбаевтың «апылғұпыл ішкен ас, асқазанға түскен тас» деген нақылынан өздерің қорытынды шығарыңдар. Адамның да тістері басқа сүтқоректі жануарларға ұқсас жеке топтарға бөлінген. Тістер күрек, сойдақ, кіші және үлкен азу тістер деп бөлінеді. Ересек адамдарда 28-32 тұрақты тіс болады. Олар үстіңгі және астыңғы жақсүйектердегі арнайы тіс ұяшықтарында орналасқан. Әрбір жақсүйектерде 16 тіс бар. Тістердің пішіні де әр түрлі. Жақсүйектердің алдыңғы жағында орналасқан жалпақ тістерді күрек тістер деп атайды. Кейде оларды халық арасында маңдай тістер немесе қасқа тістер деп те атай береді. Жалпы күрек тістердің саны 8. Күрек тістердің екі шетіндегі пішіні үшкірлеу келген сойдақ тістер. Олардың саны - 4. Адам күрек және сойдақ тістері арқылы тағамды жұлып алып жейді. Бұл тістерден кейін кіші азу тістер орналасқан. Олардың саны - 8. Кіші азу тістерден кейін үлкен азу тістер бар. Олардың саны - 12. Азу тістердің үстіңгі беті кедір-бұдырлы болады. Азу тістердің көмегімен тағамды ұсақтап шайнайды. Сәби дүниеге тіссіз келеді. Сәбидің 6-9 айлығында алғаш рет күрек тістер шыға бастайды. Сәбиде 2 жасқа дейін барлығы 20 тіс шығады. Бұл тістер сүт тістер деп аталады. 6-7 жастан бастап сүт тістер түсіп, орнына тұрақты тістер шығады. «Баланың жетіде тісі түседі» деген нақыл соны аңғартады. Өйткені балалар жақсүйектерінің мөлшері мен пішіні ересек адамдардан өзгеше болады. Тұрақты тістердің бастапқы нышаны сүт тістердің түбірінің астында орналасқан. Олар бірте-бірте сүт тістерін ығыстыра бастайды да, сүт тістеріне қоректің келуіне кедергі жасайды. Қорек келмеген сүт тістер бірте-бірте түседі, оның орнына астыңғы жақсүйекте тұрақты тістер шығады. 12-14 жаста толық тұрақты тістер шығып бітеді. Ең соңғы үлкен азу тістер 18-20 (одан да кеңірек) жаста шығады. Оларды кеш шығатындықтан, «ақыл тістер» деп атайды. Шын мәнінде, олардың ақылға ешбір қатысы болмайды.

Тұрлаусыз мүшелер

Тұрлаусыз мүшелер - сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің айналасына топтасып, семантикалық жағынан кеңейтіп, толықтыратын мүшелер. Тұрлаусыз мүшелерді тіл білімінде үш топқа бөліп қарау қалыптасқан:

анықтауыш;
 толықтауыш;
 пысықтауыш.

Осылайша жіктеуде олардың тұрлаулы мүшелерге мағыналық қатынасы негізге алынады. Дегенмен, олардың қай сөз табынан болған мүшемен қатысы да ескеріледі. Мысалы, Ол шебер сөйледі. Ермек шебер ойыншы. Мұндағы шебер сөзі бірінші сөйлемде пысықтауыш, екінші сөйлемде анықтауыш қызметінде жұмсалып тұр. Толықтауыш пен пысықтауыш көбіне баяндауышпен, ал анықтауыш көбіне бастауышпен және субстантивтенген басқа мүшелермен байланысты болады десек те, тұрлаусыз мүшелер туралы мәселелер сөздердің тіркесуімен байланыста қаралғанда ғана шешімін табады.

1 кесте



Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

1-тапсырма. «Тістің құрылысы» мәтіні бойынша кездесетін жаңа сөздермен танысып, жаттап алыңыз.

- пішін – форма
- күрек тістер – резцы
- ит тістер – клыки
- үлкен азу тістер – моляры
- кіші азу тістер – премоляры
- құрылысы – строение
- түбір – корень
- тұрақты тістер – постоянные зубы
- жұп – пара
- ақыл тіс – зуб мудрости
- тіс мойны – шейка зуба
- сүйек – кость
- беку – укрепиться
- қапталу – покрыться
- қан тамырлары – кровеносные сосуды
- қоректік заттар – питательные вещества
- сезімталдық - чувствительность

2-тапсырма. Төменде берілген сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.

Пішініне қарай, пішініне қарай бөліну, түбірлердің құрылысы, түбірлердің құрылысына қарай бөліну, бір түбірлі тістер, екі түбірлі тістер, екі қатар болып орналасу, алдыңғы тістер шығу, сүт тістер шығу, сүт тістер түсу, тұрақты тістер шығу, соңғы жұп, соңғы жұп шығу, тістің сыртқы бөлігі, сүйекке бекітін бөлігі, тістің үсті, эмальмен қапталу, тістің асты, тістің іші, тістің іші қуыс, сезімталдық қасиет беру.

3-тапсырма. Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз. Оқу жылдамдығыңызға, ерекше дыбыстардың айтылуына назар аударыңыз.

Тістер пішініне қарай: күрек тіс, ит тіс, кіші және үлкен азу тістер болып бөлінеді. Ал тістің ең соңғы жұбы – ақыл тіс, бұл адамға 17-25 жас аралығында шығады. Түбірлерінің құрылысына қарай тіс бір түбірлі, екі түбірлі және үш түбірлі болып келеді. Бір түбірлі тістерге

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 39 беті	

алдыңғы күрек тіс және ит тістер жатса, үстіңгі жақ сүйектің азулары үш түбірлі, ал астыңғы жақ сүйектің азулары екі түбірлі болады.

Тістің барлық саны – 32. Олар адамның аузында үстіңгі және төменгі жақ сүйектерге екі қатар болып орналасады. Олардың әрқайсысында 16-дан тіс болады.

Жаңа туған балада тіс болмайды. Бала 6-9 айға жеткенде алдыңғы тістер шыға бастайды. Бұл *сүт тістер* деп аталады. Бала екі жасқа келгенде оның аузындағы тістерінің саны 20-ға жетеді. Бала 6-7 жасқа толғанда сүт тістері түсіп, оның орнына тұрақты тістер шығады. Бұл тістердің өзгеріп алмасуы 12-14 жасқа дейін аяқталады. Адам 17-19 жасқа келгенде ең соңғы жұп – азу тістер, ақыл тіс шыға бастайды.

Тістің сыртқы көрініп тұратын бөлігі *тіс сауыты*, оның жіңішкерген жерін *мойны* және *сүйегіне* бекітін бөлігін тістің *түбірі* деп атайды. Әрбір тістің үсті ақ түсті зат – *эмальмен* (креукемен) қапталады, оның астында қатты зат *дентин* жатады. Тістің іші қуыс, ол жұмсақ *ұлта* – пульпадан құралады, оның арасынан қан тамырлары мен жүйке талшықтары өтеді. Қан тамырлары тіске коректік заттар, ал жүйке талшықтары оған сезімталдық қасиет береді.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6 Әдебиет

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.
6. Суатай С., ЦБ Акнурpress <https://aknurpress.kz/>
7. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. -122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 40 беті	

ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>

8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.

1. *Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.*

1. Тістер пішініне қарай қалай бөлінеді?
2. Тістің соңғы жұбы қалай аталады?
3. Ақыл тіс қашан шығады?
4. Тіс түбірлердің құрлысына қарай қалай бөлінеді?
5. Сүт тістер қашан шығады?
6. 2 жаста баланың тісінің саны қанша болады?
7. Тұрақты тістер қашан шығады?
8. Тістің жалпы құрылысын қалай баяндайсыз?

№ 9 сабақ

5.1. Тақырып: Ауыз қуысының тазалығы

Грамматикалық тақырып: Толықтауыш. Тура және жанама толықтауыш. Толықтауыш жасайтын сөз таптары.

Сағат саны: 2сағ. 90 мин

5.2. Мақсаты: Ой алмасу үшін мәтіндегі түрлі мәселелер туралы ақпарат алу, "Ауыз қуысының тазалығы" мәтінін пайдалана отырып, әңгіме құруға дағдыландыру, жаңа сөздер арқылы сөздік қорын байыту, сөздер мағынасын түсіну, грамматикалық ережені қазақ тілінде оқып, түсінуге үйрету.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ауыз қуысының тазалығы.
2. Толықтауыш. Тура және жанама толықтауыш. Толықтауыш жасайтын сөз таптары.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : жұптасып жұмыс жасау

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаятының мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

Балалар денсаулығымыз мықты, дене сымбатымыз әдемі болу үшін не істеуіміз керек?

- Жеке тазалық құралдарына не заттар жатады?
- Бізде неше тіс бар?
- Тістің атқаратын қызметі қандай?
- Тіс щеткасы, тіс пастасы дегеніміз не?
- Тісті қалай тазалаймыз?

Ауыз қуысының тазалығы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 41 беті	

Ғылыми зерттеулер нәтижесінде тісті жүйелі және дұрыс тазалау тіс жегісі, ауыз қуысының шырышты қабығы және пародонт ауруларының болу мүмкіндігін 60-70%-ға азайтатыны дәлелденді. Мұхаммед пайғамбарымыз сенім шарттарының бірі денені таза ұстау деп есептеді. Тазалану кезінде ауыз ішін жуып, тісті тазартып, мұрын ішін шаю керек екендігін ұмытпауды ескерткен. Тісті әсіресе акация ағашының таяқшасы - мәсәуікпен (масуак) тазарту керек екендігін айтқан. Тісті мәсәуікпен тазартып, ауыз ішін таза ұстау Жаратқан Иемізді қанағаттандырады, періштелерді қуантады, адамның көзін жарқыратады, тісті жалтыратады, бекітеді және ауыруына жол бермейді, астың дұрыс қорытылуына мүмкіндік береді, артық сілекейді жояды, құдайға жалбарынудың әсерін күшейтеді деген. Жәбірейіл періште ауызды тазалау үшін оған осы мәсәуікті қолдану керектігін айтқан дейді. Акацияның бұл таяқшасын бір жақ ұшынан сабақтап таратқанда тісті тазалауға қажетті талшықтар алынады, ал акацияның шырыны мен жасыл шөбінен қазіргі тіс пасталарына ұқсас заттар әзірленген. Қазіргі таңда ауыз қуысын тазалайтын заттарды таңдау мүмкіндігі мол: тіс щеткалары, тіс пасталары, тіс аралықтарын тазалайтын флостар (жіптер).

Тіс щеткасы мен тіс пастасын таңдауға Сізге өзіңіздің жеке дәрігер-стоматологыңыз көмектеседі. Әдетте қаттылығы орташа тіс щеткасын пайдаланған дұрыс. Егер қызыл иек қанағыш келсе, щетканың жұмсағын қолданған жөн. Тіс щеткасын әр 3-4 айда ауыстырып отыру қажет. Тіс пасталарын екі негізгі топқа бөледі: профилактикалық, яғни алдын алатын және емдік-профилактикалық. Тісті күніне кем дегенде екі рет міндетті түрде пастамен тазалау керек: таңертеңгі тамақтан кейін (таңертеңгілік асқа дейін ауызды жай ғана шаяды) және кешкісін ұйқыға жатар алдында. Күндіз тісті қанша рет тамақ ішсеңіз, сонша рет тазалауға болады. Пастасыз, тек щетканың өзімен тазалауға да болады. Сондықтан тіс щеткасын мүмкіндігінше жұмыста да пайдаланған жөн. Тамақтанудан кейін тіс жегісі, тіс тасы, ауыратын қызыл иек пен ас қорыту жүйесінің аурулары және ауыз ішінен шығатын жағымсыз иіс пайда болатынын ұмытпағаныңыз дұрыс. Тіс щеткасымен әр түрлі қимыл жасауға болады. Алдымен, тіске тігінен - қызыл иектен тістің жиегіне қарай және тістің артқы бөлігін де тазартуды ұмытпау керек. Балаларға ауыз қуысын таза ұстауды жас кезінен үйреткен жөн. 4-5 жасқа дейін анасы баласының тісін өзі тазалауы тиіс, ал кейін бала ата-анасының бақылауымен өз тісін өзі тазалай алатын дәрежеге жетеді. Ауыз қуысын таза ұстау Сізге тіс жегісінен, тіс тасынан, ауыз қуысындағы шырышты қабықтың және пародонт ауруларынан талапқа сай құтылуға мүмкіндік береді және деміңіздің жаңаруына әрі жайдары күлкіңізге әр береді.

Тісті щеткамен және тіс пастасымен тазалау

Әсіресе баланың тісі шығып жатқан кезде тіс өңезін үнемі сапалы тазартып тұру стоматологиялық аурулардың дамуын тоқтатуда аса маңызды. Тісті күніне кем дегенде екі рет сапалы тіс пастасымен және щеткамен тазалау қажет – міндетті түрде таңертең және кешке тамақтанған соң. Өзіңізге не балаға сай паста мен щетка таңдауға тіс дәрігері көмектеседі. Төменде қойылған талаптарға назар аударсаңыз, ауыз қуысын күтуге арналған мол тауардың ішінен өзіңізге қажеттісін оңай таңдап ала аласыз.

Тісті дұрыс тазалау:

1. Щетканың түктерін қызыл иекке 45° С бағыттаңыз. Бұндай қозғалыстар қызыл иектегі қан айналымын жақсартады.
2. Жоғарғы және төменгі тістердің барлық сыртқы беттерін және бүйірлерін тазалаңыз.
3. Жоғарғы және төменгі тістердің шайнайтын беттерін тазалаңыз.
4. Төменгі және жоғарғы тістердің барлық ішкі беттерін тазалаңыз.
5. Үлкен азу тістердің беттерін жақсылап тазалаңыз.
6. Күрек тістердің ішкі беттерін және тіс арасындағы қуыстарды мұқият тазалаңыз.

Тамақтану

1. Тіс сау болу үшін қанты аз, витаминдері мен минералдары мол күнделікті дәм қажет.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 42 беті	

2. Сүт, ірімшік, ет және жасыл көкөністерде тістің сау әр мықты болып өсуіне қажетті кальций бар.

3. Фторидтер әр тісті қорғап тұратын қатты эмальды қабық үшін қажет. Фторидтер кейде құбырдан ағатын суда, кез келген балықта, сондай-ақ шайда болады.

4. Баланы тіс үшін қауіпсіз шикі көкөністер, жаңғақтар, дәндер, табиғи йогурт, жартылай майсызданған сүт, сүзбе және ірімшік секілді тағамдарға үйретіңіз.

Толықтауыш. Тура және жанама толықтауыш. Толықтауыш жасайтын сөз таптары.

Толықтауыш деп сөйлемде негізінде атау мен іліктен басқа септіктің бірінде тұрып, бір мүшені заттық мағына жағынан толықтыратын тұрлаусыз мүшені атаймыз. Толықтауыш *кімді? нені? кімге? неге? кімнен? неден? кімде? неде? кіммен? немен? кім (не) туралы? кім (не) жөнінде? не тақырыпты?* деген сұрауларға жауап береді.

Толықтауыш болатын сөз таптары:

1. Зат есімнен болады.

2. Зат есім орнына қолданылған немесе заттық мағынаға ие болған есімдік, сан есім, сын есім, есімше, тұйық етістік, үстеу сөздерден болады.

3. Туралы, жөнінде, жайында деген шылаулардың бірімен тіркесіп келген сөздер етістіктен болған мүшенің алдында келсе, толықтауыш болады.

Толықтауыш та дара, күрделі және үйірлі болып келеді.

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, оқылым, грамматикалық тапсырмалар, сұхбат құрғызу, салыстыру, аударма жұмысын жасату, жағдаяттық тапсырма тесттік бақылау.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

1. Тапсырма. Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтау.

№		дұрыс	бұрыс
1	Толықтауыш тұрлаусыз мүше	+	
2	Тұрлаулы мүшелер анықтауыш толықтауыш, пысықтауыш		-
3	Пысықтауыш кім? не? Сұрақтарына жауап береді		-
4	Қандай? Қай? Қанша? Анықтауыштың сұрақтары	+	
5	Сөйлемде бір мүшені заттық жағына толықтырып тұратын мүше толықтауыш деп аталады	+	

2-тапсырма. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Айжан кейін жүрді. Сен мұнда кел. Кітаптар сонда жатыр. Мира артқа қара. Сәкен алға кетті. Біз осында тұрамыз. Олар төмен түсті.

3-тапсырма. Көмекші есімдерді пайдаланып сөйлем құрастырыңыз.

Астыңда, үстінде, жанында, маңында, қасында, басында, ішінде, сыртында.

4-тапсырма. Сөйлемдерге тиісті көмекші есімдерді қойып жазыңыз.

Ауылдың ... қалың орман бар. Таудың ... қар бар. Үйдің ... үлкен демалыс орталығы орналасқан. Өзеннің ... көптеген адамдар серуендеп жүр. Оның ... әдемі пальтосы бар. Қала ... әдемі йын – сауық комплексі салынып жатыр.

5-тапсырма. «Ауыз қуысының тазалығы» мәтіні бойынша кездесетін жаңа сөздермен танысып, жаттап алыңыз.

Жанғақ-орех

Шаю-полоскать

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 43 беті	

Қалдық-остаток
 Қимыл-движение
 Қарағай-сосна
 Қабық-корка
 Дөңгелек-круглый
 Сапа-качество
 Қабыршық-чешуя
 Шайыр-смола

6-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.

Ауыз қуысының тазалығы, тіс тазалау әдістері, қызыл иекті күту, астың жақсы шайналуы, астың сапалы қортылуы, сапалы тазалау, емдік сақтандыру.

7-тапсырма. Мәтінді аударып, түсінгеніңізді айтып беріңіз.

Иісті жою әдісі

50 гр кой бүлдірген (земляника) жапырған ұнтақтап, оны 1 литр қайнаған суға салып 1сағат тұндырып қойыңыз.Тұндырманы күніне шай орнына 300-400 мл ішіп жүрсеңіз,ауырзыңыздағы жағымсыз иістен құтыласыз.Сондай-ақ бұл тұндырма стоматит және қызыл иек ауруларына да ем.

8-тапсырма. «Ауыз қуысының тазалығы» мәтінін оқып шығып, орыс тіліне аударыңыз. Ерекше дыбыстардың оқылуына мән беріңіз.

Ауыз қуысының тазалығын сақтау адам денсаулығы үшін маңызды. Ауыздан шығатын жағымсыз иіс тіс шегінен ғана емес, басқада түрлі тіс аурулардан және тіл үстіне жиналған қабыршақтардан болуы мүмкін. Адамдар ауыз қуысының гигиенасына өте ерте кезең-ақ көңіл бөлген. Закавказье және Орта Азия халықтарының барлық жастағы адамдары тіспен қызыл иекті жас грек жаңғағымен және анардың қабығымен тазалаған. Ал Оралдықтар Сібірліктер қызыл иекті нығайту және тістерді тазалау үшін қарағайдың шайырынан жасалған шайнайтын мастиканы пайдаланған.

Ауыз қуысының үнемі таза ұстау керек. Тамақ жегеннен кейін міндетті түрде ауыз шайып, тамақтың қалдықтарынан тістерді тазалап отырған жөн. Сау, мықты тіс астың жақсы шайналып, сапалы қортылуы үшін қажет. Тіс жақсы күтілсе, тіспен қызыл иек ауруларға шалдықпайды. Сондықтан тісті дұрыс тазалап, қызыл иектің орны ерекше.Қазіргі уақытта ауыз қуысын тазалаудың стандартты әдісі кең тараған. Тазалағанда щетканы тістің бойына нғ градус бағытында орналастырып. Ауыздың жартылай ашық күйінде қимылдар жасайды. Стандартты әдістен басқа әртүрлі тіс тазалау әдістері бар.Ауыс қуысын таза ұстау сау тістердің бұзылмауына көмектеседі. Ауыс қуысын гигиеналық жағдайына оны тазалаудың сапасымен емдік сақтандыру заттарды таңдап алу жатады.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 44 беті	

Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)

2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz>

4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>

5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.

Суатай С., ЦБ Акnurpress <https://aknurpress.kz/>

6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ

/РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.

2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т

/РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.

4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. -122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.

6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.

7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р

ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>

8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау : ауызша сұрақ жауап

1. Тісті күніне неше рет тазалау керек?

2. Тісті толық тазарту үшін қалай ысқылайды?

3. Тісті қандай заттармен тазартпау керек?

4. Тістің сынған, ауырған жерін кім емдейді?

5. Ауыз қуысының гигиеналық жағдайына нелер жатады?

6. Ауыз қуысының тазалығын сақтаудың шарттары қандай?

7.Тіс қанамау үшін не істеу керек?

8. Массаждың қандай пайдасы бар?

9. Астың құрамында нелер көбірек болғаны дұрыс?

№ 10 сабақ

5.1. Тақырып: Тіс жегі.

Грамматикалық тақырып: Анықтауыш. Анықтауыш жасайтын сөз таптары. жасайтын сөз таптары.

Сағат саны: 2сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 45 беті	

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

5.5. . Білім берудің және оқытудың әдістері : жұптасып жұмыс жасау.

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаятының мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

Тіс жегінің пайда болуына сипаттама жасау.

Тіс жегі.

Тіс шірігі, тісжегі . Микробтардың әсерінен тіс эмалі мен дентиннің тесіліп, сонымен бірге минералдық заттардың жетіспеуінен тісте қуыс пайда болады. Басқаша айтқанда тістің қатты тканьдерінің бүлінуінен болатын кемістігі. Тістің анатомиялық формасы мен физиологиялық тістің қызметін қалпына келтіру үшін пломбамен тіс қуысын бітейді.

Анықтауыш. Анықтауыш жасайтын сөз таптары.

Анықтауыш деп сөйлемде негізінде зат есімнен болған мүшені сын, сапа, сан, мөлшер және меншіктік жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүшені айтады. Анықтауыштар *қандай? қай? қайдағы? (недегі?) қашанғы? ненің? қанша? неше? қайткен? не еткен?* деген сұраулардың біріне жауап береді. Ол ирекпен белгіленеді.

Анықтауыш болатын сөз таптары:

1. Негізгі, туынды сын есімдер анықтауыш болады:

Мысалы: *Ақ сары ат доп болып ішін тартқан*

2. Зат есімнен болады:

Мысалы: *Қой қораның алдында электр моторының дүбірін естіді.*

3. Сан есімнен болады:

Мысалы: *Жаңадан екі үй құрылып жатыр*

4. Есімдіктен болады:

Мысалы: *Оспан мына қимылға тіпті сүйсініп кетті*

5. Етістіктің есімше түрінен болады:

Мысалы: *Оқыған кітаптарым мені іске бастады*

6. Ілік септік жалғауы жалғанған сөздер анықтауыштың қызметін атқарады

Мысалы: *Көптің ісінде береке бар. Талаптанғанның еңбегі жанады.*

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

1-тапсырма. «Тісжегі» мәтіні бойынша кездесетін жаңа сөздермен танысып, жаттап алыңыз.

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		044-37/11-239 136 беттің 46 беті

бүліну-разрушиться
 созылу –затянуться;растянуться
 бұзылу- повреждение, порча
 түйісетін жер- место стыковки
 дақ- пятно
 жұмсару- смягчение
 улы заттар -ядовитые вещества
 зардап -тяжелые последствия
 жансыздану -онемение
 шіру -гнить
 сыздап ауыру -ноющая боль

2-тапсырма. Мәтін бойынша кездесетін төмендегі сөз тіркестерін оқытушының көмегімен орыс тіліне аударыңыз.

Тіс ауруларының ішінде, тісжегінің салдары, эмалі бүліну, дентині бүліну, цемент қабаттары бүліну, ұзақ уақытқа созылу, химиялық құрамы бұзылу, қоңыр дақ түсу, дентин қабаты бұзылу, тез даму, тәтті тағам, қышқыл тағамдар, щеткамен тазалау, дәрі пайдалану, қуысын тазарту, қуысына пломба салу, микробтар жиналу, ірің бөліну, әлсіздік пайда болу, лимфа бездері үлкею.

3-тапсырма. «Тісжегі» мәтінін оқып шығып, орыс тіліне аударыңыз. Ерекше дыбыстардың оқылуына мән беріңіз.

Тіс ауруларының ішінде ең көп және жиі кездесетіні кариес. Оны қазақтар «тіс жегі», «тіс құрты» деп атайды. Тісжегінің салдарынан эмаль, дентин, цемент қабаттары бүлінеді. Кариестік процесс айлап, жылдап, одан да ұзақ уақытқа созылуы мүмкін. Тісжегі тістердің бір-бірімен түйісетін жерінде немесе мойындарында пайда болады. Тісжегімен бір немесе бірнеше тіс қатар ауруы мүмкін.

Бұл ауру тістегі химиялық құрамдардың бұзылуынан пайда болады. Мұндайда оның эмаль қабатының бетіне қоңыр дақ түседі. Кальций, фосфор және тағы басқа минеральды тұздардың азаюынан эмаль, дентин қабаттары жұмсарады. Дентин қабатының бұзылуы өте тез дамиды. Сөйтіп тісте тісжегі «жарасы», қуыс пайда болады. Тәтті, тұзды, қышқыл тағамдар жеген кезде және тісті щеткамен тазалағанда бұл жер ауырады. Мұны емдеу үшін ремодент дәрісін пайдаланады. Содан соң тістің қуысын тазартып, қуысына пломба салады. Егер тісжегіден пайда болған қуыс тістің мойын маңына жетсе, тіс сауытының ішіндегі тіндер қабынып, оған түрлі микробтар жиналады. Олар бойынан улы заттар бөліп шығара бастайды. Мұның әсерінен бүкіл жақ, құлақ, жүйке талшықтары сыздап ауырады. Ауырған жердің дентинін алып тастап, орнына тездетіп пломба салмаса, мұның зардабы күшейе түседі. Біртіндеп тістің жұмсақ тіндері қабынып, жансызданып, пульпит, периодонтит деген кеселдер пайда болады. Шірі бастаған тістің қуысынан сасық ірің бөлінеді. Бұл кезде адамның басы ауырады, дене қызуы 37-39 градусқа дейін көтеріледі, әлсіздік пайда болады. Жақ асты, мойындағы лимфа бездері үлкеюі мүмкін. Мұндай жағдайда ол тісті жұлып тастауға тура келеді.

4-тапсырма. Тісжегі ауруы бойынша науқас адам мен тіс дәрігері арасында болатын сұхбатты жаттап алыңыз.

- 1.–Қай жеріңіз ауырады?
–Тісім ауырады.
- 2.–Қай тісіңіз?
–Мына (азу, күрек, ақыл т.б) тісім ауырады.
- 3.–Тісіңіз үнемі ауыра ма?
–Жоқ, суық пен ыстықтан ауырады.
- 4.–Тамақ ішкенде ауырмай ма?

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 47 беті	

–Тамақ ішкенде де, тісімді тазалағанда да ауырады.

5.–Тісіңізге қоңыр дақ пайда болғанын білесіз бе?

–Иә, қуыс та пайда болады.

6.–Қуыс пен дақ қашан пайда болды?

–Біраз уақыт болды.

7.–Тісіңізді тазалап, орнына пломба салу керек.

–Көмегіңізге көп рахмет!

5-тапсырма. Төменде көп нүктенің орнына тісжегі ауруы асқынған науқас адамның жауаптары берілген. Сіз дәрігердің тиісті сұрақтарын қойыңыз.

1.–...?

–Тісім ауырады.

2.–...?

–Мына тісім ауырады.

3.–...?

–Қызуым бар. Кеше 39 градусқа дейін көтерілді.

4.–...?

–Тісімнен басқа жағым, құлағым ауырады.

5.–...?

–Басым да ауырады.

6.–...?

– Иә, аузымнан жаман иіс шығады.

7.–...?

–Жақ асты, мойын бездерінің үлкейгенін байқадым.

8.–...?

–Емдеуге келмесе, ол тісті жұлып тастаңыз.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1.Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)

2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>

4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>

5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.

Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>

6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова . - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ

/РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 48 беті	

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. -122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау : ауызша сұрақ жауап.

- 1.Кариесті қазақтар қалай атайды?
- 2.Тісжегі салдарынан не бүлінеді?
- 3.Бұл процесс қаншаға созылады?
- 4.Тісжегі неден пайда болады және белгілері қандай?
- 5.Бұл жер қай кезде ауырады?
- 6.Тіс қуысын қалай емдейді?
- 7.Егер кариес тістің мойнына жетсе не болады?
- 8.Бұл кезде қандай процесс жүреді?
- 9.Асқынған тісжегі қандай аурулармен жалғасады?
- 10.Мұндай жағдайда не істеу керек?

№ 11 сабақ

5.1. Тақырып: Алғашқы медициналық көмек.

Грамматикалық тақырып: Пысықтауыш және оның мағыналық түрлері.

Сағат саны: 2сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: Тілдесу арқылы адамның ой-санасы өсетінін түсіндіру арқылы ой - өрістерін жетілдіру.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Алғашқы медициналық көмек.
2. Жарақаттану және қан кету кезінде көрсетілетін алғашқы медициналық жәрдем
3. Суға бату кезінде көрсетілетін көмек
4. Дәрігер келгенше жасалатын алғашқы көмек

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 49 беті	

5. Улы жыландар шаққанда көрсетілетін көмек

6. Үсіген кезде көрсетілетін алғашқы жәрдем.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау.

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаятының мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

1 топтың тапсырмасы: Дәрумендер және олардың тамақта сақталуы туралы сипаттама жасау.

Алғашқы медициналық көмек.

Алғашқы медициналық көмектің негізгі мақсаты – адам өмірін құтқару. Ең бастысы – алғашқы секундтарда дұрыс әрекет етуге үйрену, дәрігерлер келгенше апатқа ұшыраған адамның өмірін сақтап қалу. Келесі кеңестер өзіңізге, жолдасыңызға басқа да көмекті қажет ететін кез келген адамға алғашқы көмекті дұрыс көрсете алуға септігін тигізеді.

Ең алдымен адамды қайғылы жағдай болған жерден алып шығыңыз, оның өміріне қауіпті жағдайды (талып қалу, бастырылып немесе қысылып қалу, қан тоқтамау) жойыңыз; жарақатының қандай дәрежеде екенін, көлікпен немесе жаяу тасымалдауға келетін-келмейтінін көріңіз; қауіпсіз, медициналық көмек көрсетуге қолайлы жерге апарыңыз; алғашқы медициналық көмек көрсетіңіз.

Жарақаттану және қан кету кезінде көрсетілетін алғашқы медициналық жәрдем

Жарақаттану кезіндегі алғашқы медициналық жәрдем (АМЖ) көрсетудің мақсаты — уақытша болса да қан тоқтату, жараны ластанудан және оған микробтардың түсуінен сақтау, зардап шегушінің ауруын бәсеңдету. Алдымен жарақаты бар дене бөлігі жалаңаштандырылады. Киім не аяқ киімді ақырын шешеді, кейде оны тігісі бойынша сөгеді. Жараны саусақпен немесе аспаппен қарауға тыйым салынады. Асептика ережелерін қатаң сақтау керек. Қан кетуді тоқтату мен жараға микробтардың түсуін болдырмау көбіне жараға стерильді (асептикалық) таңғыш кою арқылы жүзеге асады. Мұның алдына жара шетіне 2 рет йодтың спиртті ерітіндісін жағады, ал ол жоқ болса, шетін этиль спиртімен, арақпен немесе одеколонмен сүртеді. Жара бетіндегі киім жыртындыларын немесе басқа денелерді (бос жатқан) еппен жара бетіне тигізбей алады. Теренде жатқан басқа заттарды алмау керек, өйткені ол қан кетуді күшейтіп, жұқпа түсіруі мүмкін. Жараны жууға тыйым салынады. Жараға таңғыш коюға жеке таңғыш пакеттер (ЖТП) немесе алдын-ала дайындалған стерильді таңғыштар қолайлы.

Суға бату кезінде көрсетілетін көмек

Алғашқы көмек көрсету: 1. Зардап шеккенге алғашқы көмекті судан көтеріп, жағаға немесе катерге жеткізу, жағдайын толық білу қажет.

2. Есі болса, үстін құрғатып сүртіп, жылы жерге әкеліп, ыстық шай, кофе немесе шарап беру керек.

3. Ал егер, зардап шеккен адам көп уақыт бойы су астында қалып, ессіз жатса, егер ол тұншығып (асфиксия) немесе клиникалық өлім жағдайында болса, дереу дәрігер шақыру керек.

Дәрігер келгенше жасалатын алғашқы көмек

1. Зардап шеккен адамды шешіндіріп, оның ауыз-мұрнын лай-құмнан тазартыңыз.

2. Таза орамалдан істелген білекше немесе кесек ағаш салу керек;

3. Тез арада өкпеге жасанды дем беруге кірісу керек.

4. Зардап шеккенді етбетінен жатқызып, аяқтарын иіп, кеудені қырынан қысып (10-15 секунд ішінде) осыдан кейін зардап шеккенді арқасына аударады.

5. Егер тістерін аша алмаса, аузын қолмен ашып, арнаулы «Ауыздан мұрынға» әдісімен жасанды дем береді.

Ауыздан ауызға жасанды дем беру техникасы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 50 беті	

1. Зардап шеккеннің қаптал жағынан тұру керек;
2. Бір қолды зардап шеккеннің маңдайына, екінші қолды иегіне қойып, басын шалқайтып, төменгі жақты жоғарғы жаққа көтеріп, қысу керек.
3. Саусақтармен иегін ұстап, төменгі ерінді қысып зардап шеккеннің ауызын жабу керек;
4. Ауаны терең алып зардап шеккеннің мұрнын ауызбен жауып «ауа шықпайтын күмбез» жасау қажет;
5. Зардап шеккеннің мұрнына қатты дем жіберу керек. Адамның аузын саусаққа мата орап алып тазалайды. Ашу қиындаса, төмендегі жақты басу керек. Тыныс жолдарын судан тазалау үшін арнаулы сорғыш қолданылады..

Улы жыландар шаққанда көрсетілетін көмек

Жергілікті және жалпы жыландардың шаққандағы анықтауы-шаққан жердің қатты ауырып, соның маңайындағы терінің еті қызарып, тері астындағы қаны ұйып қалады. Бас айналып, жүрегі айнып, тез әлсірейді. Қан қысымының төмендеуінен талып қалуы мүмкін. Жылан шаққанан кейін алғашқы секундтарда саусақтармен басып жараны ашыңыз, содан кейін улы ауызбенен соруды бастаңыз. Жәбірленуші адамның шаққан жерін қозғамай дәрілеп, ісіктін даму дәрежесіне байланысты кезеңді түрде босатуға мүмкіндік болатын стерильді танғыш салу керек және ол жұмсақ тіндерге баптау қажет. Жәбірленуші адамды жақында орналасқан медициналық мекемеге жедел түрде зембілдерді қолданып апаруға тырысыңыз.

Үсіген кезде көрсетілетін алғашқы жәрдем.

Тері үсіген кезде теріде ақ дақтар пайда болады, тері еш нәрсені сезбейді. Мұрын, құлақ, бетүсігенде жұмсақ матамен ептеп ысқылайды. Үсіген жерді қармен ысқылауға болмайды, өйткені қар түйіршіктері үсіген теріні жарақаттап жіберуі мүмкін. Үсіген жердің сезімталдығы қалпына келмесе, тез арада қаралу қажет. Қолы немесе аяғы қатты үсіген адамды жылы бөлмеге жатқызып, үсіген жерді жылы затпен орап тастау керек. Үсіген жердің жайлап жылығаны пайдалы. Терісі үсіген адамға жылытатын сусындар ішкізу керек.

Пысықтауыш және оның мағыналық түрлері.

Пысықтауыш деп сөйлемде іс-әрекеттің жай-күйін, сын-сипатын, мөлшерін, мезгіл-мекенін, себеп-мақсатын білдіретін тұрлаусыз мүшені атаймыз. Пысықтауыштардың сұраулары: *қашан? қайда? (қалай қарай?) қайдан? қалай? қайтіп? не себептен? неліктен? кім үшін? не үшін? не істеуге? не қылуға? не мақсатпен? не арқылы? кім арқылы? ненің арқасында? кімнің арқасында? не сайын? кім сайын? қанша? қанша уақыт? неше рет?*

Пысықтауыш болатын сөз таптары:

1. Үстеуден болады.
2. Сын есімнен болады.
3. Сан есімнен болады.
4. Көсемшелер сөйлемде *қайтіп? қалай? не мақсатпен?* деген сұрақтарға жауап берсе, пысықтауыш болады.
5. Барыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктерінде тұрған сөздер мекен, бет алыс-бағыт, сын-қимыл мағыналарын білдіріп, *қайда? қайдан? қашан? қалай?* деген сұрауларға жауап берсе, пысықтауыш болады.
6. Мезгілге байланысты зат есімдер тәуелдік жалғау я шылау тіркесу арқылы, кейде оларсыз да, басқа сөздермен бірігіп те пысықтауыш болады.
Барыс септіктегі кейбір сөздерден кейін *шейін (дейін), бола, қарай, таман* сияқты шылаулардың бірі тіркесіп пысықтауыш болады.
Кейбір шығыс септіктегі сөздердің соңынан *соң, кейін, ары, бері, қарай, бұрын* сияқты шылаулардың бірі тіркесіп, пысықтауыш болады.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-37/11-239 136 беттің 51 беті	

Кейбір көмектес септіктегі сөздердің соңынан *бірге, қабат, қатар* сияқты шылаулардың бірі тіркесіп, пысықтауыш болады. кейбір сөздерге *арқылы, арқасында, үшін, сайын* шылаулары тіркесіп келіп, пысықтауыш жасайды.

Пысықтауыштың мағыналық түрлері.

1. Мезгіл пысықтауыш. Қашан? Қай кезде? Қай уақытта? Ол бүгін келеді. Таңертеңгі шайдан соң Абай әкесіне келді.
2. Мекен пысықтауыш. Қайда? Қай жерде? Қай жақта? Қайдан? Әжесі үйде қалды. Қайсар биыл мектепке барады. Біз қала маңынан келдік.
3. Мақсат пысықтауыш. Кім үшін? Не үшін? Неге? Қандай мақсатпен? Сәуле зат алғалы келді. Ол әдейі кірді. Мен осыны айту үшін сөйлестім.
4. Амал пысықтауыш. Қалай? Қайтіп? Қалайша? Жиналыста шапшаң сөйледі. Бала жүгіре - жүгіре шаршады. Бұл сөзді естігенде, ол сылқ - сылқ күлді.
5. Себеп пысықтауыш. Неліктен? Не себептен? Сен түсінбегендіктен айта алмадық. Ол қуанғаннан қозғалмай қалды.
6. Мөлшер пысықтауыш. Қанша? Қалай? Сабақта ұзақ сөйледі. Емтиханға жаппай кірді. Тақтайды ұзын кес.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

Бағыныңқы компоненттің баяндауышы -дай/-дей жұрнақты есімше арқылы жасалады. Мысалы: Кең бөлме бос қалғандай, ой ұясына қарап тұр (Ғ. Мүсірепов).

1-тапсырма. Сөйлемдерді аударыңыздар. Құрмалас сөйлемдердің түрлерін айқтаңыздар.

1.Кешкі сағат төрт болғанда, ауылдың қарасы көрінді. 2.Астанаға дейін ұшақ билеті қанша тұратынын білейін деп, анықтама бөліміне телефон соқтым. 3.Жұмыс тез бітсін деп, бастық екінші бригаданы алып келді. 4.Екеуміз әңгімелесіп тұрғанда, автобус кетіп қалыпты. 5.Күн ұзарған сайын, суық та азая түсті. 6.Жиналыс аяқталып, жұрт үйлеріне тарай бастады. 7.Мәтінді аударма алмаған соң, Ғабит оқытушыдан көмек сұрады. 8.Баяндамашы сөзін аяқтамастан, тыңдаушылар қол шапалақтай бастады. 9.Сабақ тоғызда басталатынын білмегендей, Нұрбол университетке асықпай келді. 10.Дер кезінде ем жасалмаған соң, науқастың жағдайы қиындап кетіпті. 11.Аурудың неден пайда болатындығы анықталмағандықтан, әзірге емі табылған жоқ.

2-тапсырма. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыздар.

Биологическая полноценность пищи, наряду с достаточным содержанием белков, жиров, углеводов и минеральных солей, определяется также наличием витаминов. Значения витаминов для организма обусловлено их тесной связью с ферментами, гормонами и непосредственно участием в регуляции обмена веществ.

В настоящее время известно более 20 различных витаминов. По способности растворяться в воде или жирах их делят на водо- и жирорастворимые.

При недостатке в организме витаминов возникают специфические и неспецифические изменения. Неспецифическими признаками любого гипо- и авитаминоза являются нарушение роста и развитие детей, снижение сопротивляемости организма к заболеваниям.

Сөздік

белки - ақуыздар

растворяться в воде - суда еру

в настоящее время - қазіргі кезде

сопротивляемость - қарсы тұрушылық

биологическая полноценность -
биологиялық жарамдылығы

1-жаттығу. Көп нүктенің орнына бағыныңқы сыңарының баяндауыштарын қойып, сөйлемдерді толықтырыңыздар.

1.Сіз жуық арада дәрігерге ..., сырқатыңыз асқынып кетуі мүмкін. 2.Жедел жәрдем дер кезінде ..., науқасты құтқарып қала алмас едік. 3.Емдеу курсың толық, сізді ауруханадан шығара алмаймыз. 4.Науқасқа нақтаманы (диагнозды) дұрыс, оны емдеуді бастамаңыз. 5.Біз жұмысымызды ерте ..., орталық мұражайда жұмыс істейтін досымызға барамыз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 87 беті

Көп нүктенің орнына қойылатын баяндауыштар: қойып алмай, көрінбесеңіз, бітірсек, алып бітпейінше, келмегенде.

3-тапсырма. *Құрмалас сөйлемдердің түрлерін анықтаңыздар.*

1. Бала екі жасқа толғанда, оған күлге қарсы вакцина егіледі. 2. Ағзасында иод тапшы болса, ол адам жемсау ауыруымен ауырады. 3. Бұл аурудың қауіпті екенін білсе де, Мұрат дәрігерге уақытында қаралмады. 4. Жедел жәрдем келген кезде, науқастың жағдайы нашарлап кеткен еді. 5. Науқастың жағдайы әбден жақсармайынша, дәрінің мөлшерін азайтуға болмайды. 6. Ол мектепте оқып жүргенде, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын. 7. Дәрі ағзаңызға жағымсыз әсер етсе, ол туралы емдеуші дәрігеріңізге ескертіңіз. 8. Сабак сағат сегізге басталатынын білсе де, Қасым үйден кеш шықты.

4-тапсырма. Мына сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құраңыздар: ағза тіршілігіне қажетті, тағам құрамы, қалыпты тіршілік үшін, күнделікті тағам, бұзылуына әкеп соғады, өсімдік тектес тағамдар, терісі құрғап қабыршықтанады, адамның денесі ісінеді, тез шаршайды, витамин жетіспесе, суда еритіндер, қоректік заттармен бірге, міндетті түрде.

5- тапсырма. *Мәтінді қазақ тіліне аударыңыздар.*

Витамины (от лат. *vita* -«жизнь») — группа низкомолекулярных органических соединений относительно простого строения и разнообразной химической природы. Это сборная по химической природе группа органических веществ, объединённая по признаку абсолютной необходимости их для гетеротрофного организма в качестве составной части пищи. Витамины содержатся в пище в очень малых количествах, и поэтому относятся к микронутриентам.

Витамины не являются для организма поставщиком энергии и не имеют существенного пластического значения. Однако витаминам отводится важнейшая роль в обмене веществ.

Концентрация витаминов в тканях и суточная потребность в них невелики, но при недостаточном поступлении витаминов в организм наступают характерные и опасные патологические изменения.

Большинство витаминов не синтезируются в организме человека. Поэтому они должны регулярно и в достаточном количестве поступать в организм с пищей или в виде витаминно-минеральных комплексов и пищевых добавок.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)

2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р. ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz>

4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/>

5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.

Суатай С., ЦБ Акнурpress <https://aknurpress.kz/>

6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 88 беті

/РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т

/РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау:

1. Қалыпты тіршілік үшін ағзаға нелер қажет?
2. Авитаминоз дегеніміз не?
3. А дәрумені қандай тағамдарда болады?
4. В1, В2 дәрумені жетіспеген адамда қандай белгілер байқалады?
5. С дәрумені жетіспесе, адам қандай ауруға шалдығады?

№ 24 сабақ

5.1. Тақырып: Пульпит ауруы

Грамматикалық тақырып : Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты:

3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: жұптасып жұмыс жасау

1-тапсырма. *«Пульпит» мәтіні бойынша кездесетін жаңа сөздермен танысып, жаттап алыңыз.*

Жұмсақ-мягкий

Асқыну-осложнение

Тітіркендіргіш-раздражитель

Күшею-усиление

Қабақ-веко

Самай-висок

Шүйде-затылок

Тісті жұлу-удалять зуб

2-тапсырма. «Пульпит» мәтінін оқып шығып, орыс тіліне аударыңыз. Ерекше дыбыстардың оқылуына мән беріңіз.

Пульпит (Pulpitis, лат. Pulpa-ұлпа) жұмсақ тің, бөлшек, itis-қабыну). Тіс ұлпасының қабынуы тісжегі ауруының асқынған түріне жатады. Бұл тіс ауруында тістің қан тамырлары мен нервтер көп таралған жұмсақ тіні немесе ұлпасы қабынады. Қабыну әр түрлі себептердің (микробтар, ыстық, суық температура, химиялық, механикалық) әсерінен пайда болады. Тіс ұлпасының қабынуы көбәнесе тәс шірігенде микробтың тіс қуысына өтуінен пайда болады. Тіс ұлпасының қабынуы жедел және созылмалы болады. Жедел қабынған кезде зақымданған тіс өз бетімен қатты аурады. Аурудың ұзақтығы тіс ұлпасының қаншалықты зақымдануына байланысты. Ұлпасы жедел қабынған тіс ыстық, суық немесе тәтті, тұзды тағамдар жегенде де қатты және ұзақ ауырады. Ұлпаның жедел қабынуын уақытында емдемесе іріндей қабынған немесе созылмалы түріне айналады. Бұл кезде тек тітіргендіргіштер әсерінен ауыру сезімі мазалайды және ұзаққа созылып отырады. Төменгі жақ тістерінің ұлпасы қабынса ауру сезімі шүйдеге, құлаққа, жоғары жақ тістеріне тарайды. Егер жоғарғы жақ тістердің ұлпасы қабынса ауру сезімі самайға, қабақ үстіне, бет сүйегіне, төменгі жақ тістеріне беріледі. Науқас адамның көңіл күйі нашарлап, түнгі ұйқысы бұзылып, тамаққа тәбеті болмайды.

Емі: Ұлпасы жедел және созылмалы қабынған тісерді міндетті түрде емдеу керек және ең алдымен ауру сезімін басу керек. Соңғы кезде тіс ұлпасының қабынуын емдеудің хирургиялық және консервативтік әдістері қолданылады.

3-тапсырма. Пульпит ауруы бойынша сұрақтарды пайдалана отырып, науқас адам мен тіс дәрігері арасында болатын сұхбатты жазыңыз.

1. Пульпит қандай ауру?
2. Қандай белгілер байқалады?
3. Пульпит деген не ?
4. Пульпит неден пайда болады?
5. Тіс ұлпасының қабынуының неше түрі бар?
6. Созылмалы түрінің белгілері қандай?
7. Пульпит ауруы нені білідреді?
8. Ауру қалай қабынады?
9. Жедел қабынғанда қалай ауырады?
10. Ыстық, суықты, тұзды тағамды жегенде сезіле ме?
11. Ауру асқынса қандай түріне айналады?
12. Бұл кезде қалай ауырады?
13. Науқастың көңіл-күйі нашарлай ма ?
14. Тамаққа тәбеті бола ма?
15. Ұйқысы бұзыла ма?
16. Бас айнала ма?
17. Ауру құлаққа, шүйдеге беріле ме?
18. Адам мазасыздана ма?

5.6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрақ жауап.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 90 беті

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>
6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы: Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

8. Бақылау

1. Пульпит деген не?
2. Пульпит неден пайда болады?
3. Тіс ұлпасының қабынуының неше түрі болады?
4. Созылмалы түрінің қандай белгілері бар?
5. Пульпит ауруын қалай емдеуге болады?

№ 25 сабақ

5.1. Тақырып: Ауыз қуысындағы ауруларды анықтау.

Грамматикалық тақырып : Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 91 беті

5.2. Мақсаты: Білім алушыларға кәсіби қарым-қатынас үшін қажет негізгі медициналық терминологиялық лексика минимумын меңгерту. Қазақ тілінде сөйлеу қызметінің әртүрлі дағдылары мен біліктерін жетілдіру. Медицина саласындағы жағдаяттарға қатысты лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді сақтай отырып, тіл байлығын арттыру.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ауыз қуысындағы ауруларды анықтау.

2. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаятының мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

І топтың тапсырмасы: Ауыз қуысындағы ауруларды анықтау туралы сипаттама жасау.

Стоматит

Стоматит (көне грекше: στόμα – ауыз) – ауыздың шырышты-кілегей қабығының қабынуы. Клиникалық ағымына қарай стоматиттың жедел және созылмалы түрлері бар. Егер қабыну тілде болса – глоссит, ал қызыл иекте болса – гингивит деп атайды. Аурудың пайда болу себептері:

1. механика, физика және химия жарақаттану, улану (мысалы, темекіні көп тарту, мөлшерден тыс арақ-шарап қабылдау, өте ыстық не өте салқын, сондай-ақ, өте қышқыл не өте тұзды тағам ішу);
2. түрлі жұқпалы ауруларға (қызылша, кандидоз, тұмау, т.б.) шалдығу;
3. дәрі-дәрмек аллергиясы;
4. дәрумен жетіспеушілік (гиповитаминоз);
5. жүйке жүйелерінің, ішкі органдардың созылмалы аурулары, ағзада зат алмасу процесінің және ішкі секреция бездері қызметінің бұзылуы, т.б.

Сондай-ақ стоматит жыныстық жетілу кезінде немесе ақыл тіс кеш шыққанда дамиды. Стоматиттің қай түрінде де ауыздың шырышты қабығы қызарады, сілекей аға бастайды, жақасты лимфа түйіндерінің айналасындағы тіндер ісінеді. Дақ, бөртпе, бұдыр-төмпешіктер пайда болып, кейде олар іріңдеп, жараға айналуы мүмкін. Стоматитті емдеу тәсілдері аурудың негізгі себебіне қарсы бағытталады. Ауру белгісі пайда болысымен ауыз қуысын көмір тотығы, фурациллин, калий перманганаты (ашық қызғылт түсті) ерітінділерімен шаю керек. Физиотерапия жолымен, шырғанақ майымен де емделеді. ==Акрил стоматиті==. Акрилден ауыздың қабынуы. Протез базисінде акрилды пластмассаның мономері мөлшерден көп болған соң, шырышты қабыққа зиян тигізіп, ауыз қуысының қабынуына әкеп соғады.

Ауыздың шырышты қабығының аурулары көбіне организм әлсіреген, ауырғыш,

OŃTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 92 беті

иммунитеті төмен балаларда және бала күтімінің гигиеналық тәртіптер сақталмаған кезде жиі ездеседі. Себептері: Әртүрлі микробтар (стафилококктар, стрептококктар) мен вирустар. Бұл микроорганизмдер аызға таза емес ыдыстармен, ойыншықтармен, әртүрлі күтім бұйымдарымен түседі. Айқындалуы: Ауыздың шырышты қабығының зақымдану дәрежесіне байланысты:

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>
6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы: Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау

Белгілі жазушылардың салауатты өмір салты туралы айтқан сөздерін жазыңыздар.

№ 26 сабақ

5.1. Тақырып: Тіс-денсаулық кепілі

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 93 беті

Грамматикалық тақырып: Аралас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты:

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: жұптасып жұмыс жасау

Жағдаят бойынша тапсырмалар:

Бір күні сені жан досың бір отырысқа ертіп баратындығын айтты. Онда барғаныңда үлкен жиынның үстінен түстің. Сен бейтаныс адамдар ішімдік ішуге, шылым шегуге шақырады.

Досың да солар жағында. Бұған дейін досыңның мұндай әдеттерін байқамапсың.

Осы жағдайда сен не істер едің, қандай да бір шұғыл шешім қабылдайсың ба? Өз шешіміңмен бөліс.

2 жағдаят:

Сыныпқа жаңадан оқушы келді. Барлық сынып оқушылары онымен жақын араласып кетті. Сіз онымен дос та болып алдыңыз. Кейін сіз оның жұқпалы аурумен ауратының білдіңіз.

Бұл жағдайдағы сіздің іс - әрекетіңіз қандай?

3 жағдаят: Сенің өте жақсы көретін ағаның аузынан ептеп сыранның иісі шығатынын бір – екі рет байқадың. Ағанды қалай құтқарар едің?

4 жағдаят: Мектептен шығып үйге келе жатқаныңда темекі шегіп отырған бір баланы көрдің. Сен не істер едің?

5 жағдаят: Саған 11 - сынып оқушысы: «Маған күнде бір қорап темекі алып бер. Екеуіміз бірлесіп шегеміз. Мұны тек сен екеуіміз ғана білетін болайық. Әйтпесе.....» деп жұдырығын көрсетіп, шарт қойды. Не істейсің?

«Денсаулық – зор байлық» сұрақ жауап кезеңі.

1 – топқа:

1. Денсаулық дегенді қалай түсінесіңдер?

Денсаулық дегеніміз - адам өміріндегі ең үлкен байлықтың бірі, денсаулықтың арқасында адам еңбек етіп, жетістікке жетеді және жақсы өмір сүреді. Денсаулықты сақтап, оны нығайтуға әрбір адамның өзіне ғана байланысты.

Денсаулық салауатты өмір салты туралы ғылым.

2. Денсаулықтың достарына, қастарына нелерді жатқызамыз?

3. Өздерін қандай спорт түрлерін жақсы көресіңдер?

2 - топқа:

1. Денсаулықты сақтау үшін қандай ережелерді орындау керек?

Жеке бас гигиенасын сақтау күн тәртібін орындау. Дене шынықтырумен шұғылдану, дұрыс тамақтану, организмді шыңдау, белсенді, қайырымды және ақжарқын болу.

2. Біз не үшін тамақтанамыз? Адам үнемі күш қуатты жұмсайды, соны қалпына келтіру үшін дұрыс тамақтана білу тиіс. Дұрыс тамақтану - денсаулық негізі. Өмір сүру үшін тамақтанамыз.

3. Қазақстанның туын көкке көтеріп, намысымызды асқақтатып жүрген қандай спортшыларды білесіңдер?

3 - топқа:

1. Денсаулыққа не зиян?(Күн тәртібін бұзу, жеке бас гигиенасын сақтамау, аз қозғалу, жағымсыз әдеттерге әуес болу)
2. Сезім мүшелеріне не жатады? Көз, құлақ, мұрын, тіл, тері.
4. Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

Аралас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысқан құрмаластың түрін аралас құрмалас сөйлем дейміз.

Амантай Серғазыларға ақылдасып еді, Жамантайдың науқасының түрі жаман болғандықтан, олар ырық бере қоймады.

Аралас құрмалас сөйлемнің құрамында кемінде үш жай сөйлем болады. Олардың екеуінің баяндауышы тиянақты да, біреуінің баяндауышы тиянақсыз болып келеді. Баяндауышы тиянақсыз сөйлем бірде аралас құрмаластың бас жағына орналаса, бірде тиянақты жай сөйлемдердің арасына орналасады.

Мысалдары:

1. Күн шығып, ел тұра бастады, - Нұрлан әлі жоқ.

Сызбасы: бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.

2. Қорған кезінде топырақ араластыра тастан қаланған екен де, бұл кезде қорғанның үстіне жыңғыл мен шеңгел араласа шығып, өзінше ол да бір сән беріп тұр.

Сызбасы: басыңқы, бағыныңқы, басыңқы.

Аралас құрмалас кейде төрт жай сөйлемнің құрмаласуы арқылы да жасалады. Мұндайда екі жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып келеді. Тиянақсыз сөйлемдер бірде аралас құрмаластың бас жағына бірыңғай орналасса, бірде тиянақты сөйлемдердің арасына орналасады немесе тиянақсыз сөйлем мен тиянақты сөйлемі кезектесе орналасады.

1. Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен түсті.

Сызбасы: бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.

2. Дастархандай қағаздағы шимайда не сиқыр жатқанын Шәрипа мен Нұрбай біле алған жоқ, бірақ дән шығындалу тыйылған соң, екеуі де инженерге ден қойып, оның аузынан шыққан сөз атаулыны бас шұлғи мақұлдады.

Сызбасы: басыңқы, бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы.

3. Кеген ауданына келгенінше, мен де аңшы емес едім, мұнда келген соң, еріксіз үйрендім.

Сызбасы: бағыныңқы, басыңқы, бағыныңқы, басыңқы.

Аралас құрмалас сөйлем – кемінде үш сөйлемнен құралып, бір-бірімен салаласа да, сабақтаса да байланысатын құрмалас түрі.

Аралас құрмалас сөйлемнің сызбасы төмендегідей:

Басыңқы, бағыныңқы, басыңқы	Қарағандының қары биыл бұрқан-тарқан қауырт еріп еді, сай салалар суға толып, қырдың тентек өзендері сақылдап тасығалы кемерлеп тұр.
Бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.	Көзін сәулеге үйреткен Асқар терезеден қараса, аспан айдай ашық екен де, шуақты күн түске тармасып қалған екен.
Бағыныңқы, басыңқы, бағыныңқы, басыңқы.	Лиза ойнап есік алдына шығып кетсе, әке-шешесінің дауыстары үздіксіз шығады да, Лиза үйге қайтса, сөздерінің аяқталмай тоқталғаны аңдалады.
Басыңқы, бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы.	Ол бастықтың бөлмесіне келген еді, бірақ басқа келгендер болып, көпке дейін кезек келмей, есік алдында күтіп қалды.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 95 беті

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Акnurpress <https://aknurpress.kz/>
6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы: Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау:

Аралас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

Аралас құрмалас сөйлемнің құрамында неш жай сөйлем болады?

Аралас құрмалас сөйлемге мысал құрастырып келу.

№ 27 сабақ

5.1. Тақырып: Таңдай кемістіктері.

Грамматикалық тақырып: Төл сөз бен төлеу сөз. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты:

5.3. Оқу мақсаттары: білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Таңдай кемістіктері, жырық таңдай.

Жырық – іштен туа бітетін ерін және таңдай кемістіктері. Осы мәселенің ушығуының дәлелі болып, жалпы бала өлімдерінің арасында ақаудың дамуына байланысты үшінші орында. Шамамен ¼ барлық нәрестелердің және 1/10 балалар өмірінің бірінші жылында ақаудың дамуынан қаза болады. Ақаулардың дамуы, әсіресе жақ-бет аймағында әр түрлі себептерден (физикалық, химиялық, биологиялық, т.б.) пайда болады. Жақ-бет аймағының туа біткен жырықтары балалар арасында ең көп тараған ұсқынсыздығы арасында шамамен 30% құрайды. Егер 2500 нәресте туылса соның ішінде бір бала бет әлпетінің жырығымен туылады деп есептеледі, көбіне таңдай жырығы болып келеді.

1. Физикалық себепке ағзаға сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларының әсер етуін жатқызады. Қоршаған ортада радиациялық сәулелер деңгейінің жоғары болуынан жергілікті тұрғындардың денсаулығы нашарлап, ішкі ағзалардың қызметі бұзылады;

2. Химиялық себеп – ауадағы қышқыл, тұз, сілті, ауыр элементтер мен улы заттардың деңгейі жоғарылап, оттегінің құрамы азаяды. Соның салдарынан адам ағзасындағы зат алмасу үрдісі нашарлайды;

3. Биологиялық себепте тамақ құрамындағы қажетті заттардың (ақуыз, көмірсу, дәрумен және т.б.) жеткіліксіз болуынан ағзада зат алмасу үрдісі бұзылады.

Жырықтың ең жиі кездесетін түрлері – жоғарғы ерін жырығы мен таңдай жырығы. Жоғарғы ерін жырығы – ұрықтың дамуы кезінде жоғарғы еріннің екі жағы ортаңғы бөлігінің бірікпеуінен болады. Ерін жырығы: жасырын (көрінбейтін), жартылай, толық, бір жақты, екі жақты, симметриялы, симметриялы емес болып бөлінеді. Ерін жырығы баланың бет әлпетін бұзады. Ерін жырығын баланың алғашқы айларында немесе бір жасқа дейін операция жасап емдеуге болады. Ең тиімді операцияның түрі хейлопластика – жоғарғы ерін ақауларын түзеу, уранопластика – таңдай ақауларын түзеу болып саналады.

Сөздік

жырық – расщелина; разрез

жырық таңдай – заячья губа

ұсқынсыздық – уродливость

түзеу – коррекция

іштен туа бітетін – врожденный

кемістік–дефект; порок

аймақ – область; регион; территория

дәлел – доказательство

мәселенің ұшығуы – обострение проблемы

қолайсыз жағдайлар–неблагоприятные условия

жергілікті тұрғындар –местное население

сілті– щелочь

ұрық– зародыш; эмбрион

бірігу –соединяться; объединяться

жасырын– невидимый; скрытный

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 97 беті

бет әлпеті – лицо

1-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.

Таңдай кемістіктері, бала өлімдерінің арасынан, бет әлпетінің жырығы, зат алмасу үрдісін, сәулелер деңгейі, ақауларды түзеу, екі жақты болып бөліну, қаза болу, мәселенің ушығуы, сыртқы ортаның қолайсыздығы, тиімді болып саналады, нәрестелердің туылуы, ортаңғы бөлік, симметриялы емес, жақ-бет аймағында.

2-тапсырма. Мәтінге қатысты мына сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Жырық дегеніміз не?
2. Жырық қандай себептерден пайда болады?
3. Физикалық, химиялық, биологиялық себептер дегеніміз не?
4. Жырықтың жиі кездесетін түрлері қалай аталады?
5. Ерін жырығының түрлері қандай?
6. Жоғарғы ерін жырығы қашан және неден пайда болады?

3-тапсырма. Төменде берілген В.Комат пікірімен танысып, «Дені сау азаматтар қандай болуы керек?» деген сұраққа өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Дені сау азаматтар – мемлекеттің ең бағалы капиталы.

Дені сау азаматтар- _____

_____ болуы керек.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: презентация

Презентация білім алушыларға слайдтар, қағазда үлестірілетін материалдар, компьютер экранда анимациялық көріністерді бейнелеуге, дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырыптарды еркін меңгеруге көмектеседі.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Төл сөз бен төлеу сөз

Кейде сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің де сөзін, айтқан ойын келтіріп отырады. Сөйтіп, бір сөйлемнің ішінде екі адамның сөзі, пікірі, ойы қолданылады. Мысалы: Жұман көштің алдына түсіп алып: "Қайтсем Игіліктің жанына қаттырақ батырар екенмін",- деп келе жатыр еді (Ғ.Мүсірепов). Бұл мысалда «Қайтсем Игіліктің жанына қаттырақ батырар екенмін» деген Жұманның сөзі өзгерілместен сөйлемнің ішіне енген. Міне, осындай біреудің сөзін бұлжытпай, өзгеріссіз өз сөзінің ішінде берілуін **төл сөз** дейміз.

Сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертіп, жалпы мазмұнын ғана сақтап беруін **төлеу сөз** дейміз. Жоғарыдағы сөйлемді былай да құрауға болады: Жұман көштің алдына түсіп алып, қайтсе Игіліктің жанына қаттырақ батыруды айтып келе жатыр еді. Бұнда Жұманның сөзі өз аузынан шыққан калпында беріліп тұрған жоқ.

Мысалы: Амандық-саулық сұрасқаннан кейін, комиссар Мұхамедияров менің осы ротаға политрук болып тағайындалғанымды айтты (Ғ.Мүсірепов) деген комиссар Мұхамедияровтың өзі сол күйінде емес, сөйлем ішінде мазмұны сақталып берілген.

Төл сөзді төлеу сөзге және керісінше төлеу сөзді төл сөзге айналдыруға болады.

Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі

Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібі төрт түрлі болады:

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: "Дені сау кісіге қарап отыру қиын ғой",- деп Жамал даусын солғындау шығарады. (Ғ.Мұстафин).

2. Төл сөз автор сөзінен кейін тұрады. Мысалы: Жиренше сөз таба алмайұялып қалды: "Ұят болды. Өзім де өкіндім". (М.Әуезов).

3. Төл сөз автор сөзінің ортасында тұрады. Мысалы: Келді де: "Абайшырағым, сені әкең шақырып жатыр", - деді. (М.Әуезов).

4. Төл сөз автор сөзінің екі жағында тұрып, автор сөзі төл сөздің ортасына орналасады: "Өз өлеңім емес, - деді мынау үлкендердің шамасын біраз қылжақ еткендей боп, - бағана кешке Шөжені көріп ем, соның өлеңі.

(М.Әуезов).

Кейде төл сөз бен автор сөзінің көп құрамды күрделі түрі де кездеседі. Ол сабырлы, момын пішінмен: "Шүкірлік, әке, - деп біраз тұрды да: Ат барған соң, дәріс тәмам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым", - деді. (М.Әуезов). Төл сөз бен автор сөзі бір-бірінен арнаулы тыныс белгілері арқылы бөлінеді. Төл сөз әдетте тырнақшаға алынады да, төл сөз хабарлы сөйлем болса, үтір (сөйлем бітсе нүкте), лепті сөйлем болса, леп белгісі, сұраулы сөйлем болса, сұрау белгісі қойылады. Төл сөздің алдында тұрған автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады да, төл сөзден кейін келген автор сөзінің алдынан сызықша қойылады.

Оны схемамен былай көрсетуге болады:

1. «Төл сөз» - автор сөз
2. Автор сөзі: «төл сөз»
3. Автор сөзі: «төл сөз» - автор сөзі
4. «Төл сөз» - автор сөзі - «төл сөз»

Кейде төл сөз тырнақшаға алынбай, сызықшамен басталып жазылады.

Схемасы былай:

Автор сөзі - төл сөз, автор сөзі - төл сөз, - автор сөзі.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

1-жаттығу. Берілген төл сөздерді төлеу сөзге айналдырыңыздар.

1. Кезінде Абылай хан жаугершілікпен қоса рушылдықпен күресіп, қазақты тұтас ұлт ретінде ұйытып кетуге тырысты. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заман да қазақ елін ақылға келтірмеді. Жоңғарды жеңген Абылай рушылдықты жеңе алмай: «Бірінші арманым - үш жүздің басын қоса алмадым. Екінші арманым - еліме мал емшегін емес, жер емшегін емізе алмадым. Сондықтан да үшінші арманым - бірлік болмаған соң, елімнің ертеңгі еркіндігіне толық көзім жетпейді. Сол - өкініш», деп кетті.

Сол үш кесір ақыры қазақты бас еркі жоқ бодан ел етті. Кенесарының тұсында да ұлттық тұтастық таппады. Ең өкініштісі - үш жүзге бөлінген рушылдықтың тура жаугершілік кезінде өршіп, елді «Елім-айлатып» тынғаны ... Міне, дәл осы рушылдық психологиясы ұлттық тұтастықтың іріткісіне айналып отырғандығына жаны күйген Мұхтар Әуезовтің: «Қазақтың коммунизмге ілесе баратын екі қасиеті бар, ол - рушылдық пен қонағы», - деп дәл тауып және кекесінмен айтуы шымбайымызға батса-ақ керек еді.

Петрдің әйгілі: «Қырғыз-қайсақ ордасы - Азияны мекендейтін барлық елдер мен оның жеріне жол ашатын қақпа мен кілт» деген сөзі тура қазақтың «ақтабан шұбырындыға» ұшырап, «Алқакөлге сұлай» жығылған жылы айтылды.

2-жаттығу. Көшіріп жазып, төл сөз бен автор сөзін ажыратыңдар, олардың арасын байланыстыру үшін де етістігінің қалай түрленіп қолданылып тұрғандығын айтыңдар.

Оралбайдың тақаты қалмады. Ағатай-ау, мынау әнмен шақырып тұр ғой! Өзі дәл Бөкенші жаулауынан, Қаршығалыдан, тіпті Сүгір ауылының үстінен шығып тұр ғой! - деді. Аты да тыным алмай, ай астында жарқ беріп көлбеңдеп шырқ айналады. Рас, Сүгір ауылынан шығып тұр ... Алда сорлы-ай, тілеуің қабыл екен ғой! - деп, Абылғазы кеңкілдеп, күліп қойды. Жас жігіт енді тақат қыла алмай: -Айтқаның шын болса, енді жүрші, бірге жүрші, Абай аға! Бағым ба, сорым ба, осының шақырғаны - мен ғой! Сонымен екеуі: «Жүр! Жүр!» десіп ап, тебініп жіберіп, ойдан төмен ағыза жөнелісті. Керімбала мен жеңгесі Қапаны мынау көрші

ауылдың бір бойжеткені бастаңғыға шақырып, «алтыбақан» құрған екен. Бағанадан бері жас жиын қайта-қайта алтыбақанға Керімбаланы мінгізіп, әнін тындап тұр еді. «Жақында ұзатылады-ау. Жат елдің адамы боп кете барады-ау. Есіл қыршын, жақсы бойжеткен!» - деп, ішінен Керімбаланы қимай, бірақ сыртқа шығарып тіл қатпай, қапаланып тұрған құрбы қыздар, әсіресе жеңгелер көп Оралбай асыға басып алтыбақанға келгенде, тіл септігі аз, тек көңіл, қабақ, әр қимыл ғана: «Келдің бе? Көрдің бе» дегендей.

(М. Әуезов.)

3-жаттығу. *Жоғарыдағы мәтіннен автор сөзінің ыңғайына қарай төл сөз айтылған сөз түрінде ме, ойланған ой түрінде ме, болмаса айтуға оқталған сөз ретінде ме, соған түсінік беріңдер. Қандай жағдайда төл сөз тырнақшаға алынбаған (алдынан сызықша қойылған), қандай жағдайда төл сөз тырнақшаға алынған.*

4-жаттығу. *Төменде берілген мәтіндердің төл сөзге қатысты тыныс белгілері қойылмаған. Төл сөз бен автор сөзін ажыратып, төл сөзге қатысты тыныс белгілерді қойып жазыңдар. Мәтінді түгел жазбай-ақ, айтылмаған сөйлемдердің орнына көп нүкте қойып, қысқартып жазуға да болады.*

1. Дүниедегі ең қымбат сезім - қоштасу. Қимайсың, қиыспайсың, амал не тағдырдың жолы сан тарау. Жанымен, ақ адал пейілімен, кіршіксіз ықыласымен құдай берілген өнерпаз достар да қоштасар сәттің келгенін сезіп, бауыр басқан аяулы адамдарын қимай, қатты қиналады. Ғұмыр тілегін толқындатып сыртқа шығарса да, көкірегінде ақтарылмаған сағыныш қалып, сыздата жөнеледі. Соңғы қызық кешін Майраның қонақжайында өткізіп, өзді-өзі еркін отырып, рақат дүниесінің құшағында балқып, сайран кешті. Таң атқанша сый-сыяпат, көңіл қошеметі таусылмады. Төс түйістіріп қоштасарда думанды топтың атынан Қажымұқан толқи отырып, Майраның маңдайынан иіскеп: Ал, қарындасым, сахараның сандуғашы! Елімнен, жусан иісті даламнан алыс ыстық жалынды басып, әнге бір сусаттың. Терістіктен ескен желдің шаншуындай өтпелі сөзге өкпелеме, еліңнің жазығы не?! Жасыма, сайра, сандуғашым! Жаныңда ән серігің барда жалғыз емессің! Қош, қарындасым! Енді көрісуге тағдыр жаза ма, жоқ па, кім білсін?! Бірге өткізген думанның белгісі болсын, өнеріңе құрмет, жолыңа нұр жаусын деген ниетпен мына Иса, Омар, Қалыбек, Қали мен Зәрубай - бәріміздің атымыздан сыйға алтын жүзік ұсынамыз. Сырнайды сызылтқан саусағында жарқырап жүрсін деп сүйріктей саусағына алтын жүзікті тақты.

Сезімтал әйел жүрегі де елжіреп, думанды топпен өзіміне еркін мінезбен қоштаса отырып:

Абзал жандар-ай, жабырқау жүректі жадыратып, нәркес көңілімді жұбатып, өткен-кеткен өкінішті ұмыттырып, ыдыратып жібердіңдер ғой. Ер жігіт сіздердей адал, таза болсашы. Өмірім өшпей, әнім өшпес. Көріскенше, абзал достарым, дегенде, аялы жанарына жас толып, тұла қалды. Мөлдір моншақ мөлт етіп жерге тамды да, Майра пәуескеге мініп, гормонын қолына алып, құйқылжыта тартқанда, аттар орнынан қозғалып, қоңырауы сыңғырлаған әуеске сызылған сырнайдың сазды үнін самал желмен кең далаға таратып, алыстай берді.

(Т.Жұртбаев)

II. Талай жақсы ниетті ойымыз ойлап, аузымыз айтса да, қиялымыз дәмеленсе де, соларды дереу кірісіп орындауға даяр тұрмаймыз. Жетпек болған игілік күнде жаңғыртылып, істелумен, күшпен табылатынын ұмытып кетеміз. Игілік арзанға түспейді: көп еңбектің, көп күштің құнымен қолға түседі. Біз күнде ертең, күнде ертеңмен жүргенде, уақыт өтеді, игілікті ала кетеді. Өткен өмірінде күн сайын адам қай бағытта машықтанып, әдет етсе, егде болғанда да сол бағытта өзгереді.

Американың атақты психологы Джеймс айтады Үндістаннан келген бірнеше ғалымдармен әңгімелестім: білімнің әр тарауына жетік, өмір тақырыбындағы, философия тақырыбындағы көзқарастары терең екен. Солар айтады біздің бет-әлпетіміз дайым қорыққан,

қынжылған іспетті, отырғандағы сиқымыз кейіпсіз, адамға бір түрлі жаман әсер береді дейді. Күн ұзаққа бір минут дамыл алып ойлануға мұршаларыңыз келмейді. Қалай өмір сүретіндеріңізді ұқпаймын дейді біреуі және айтты біздің Үндістан жұртында мынадай бір әдет бар: күніне аз болса, жарты сағат отырып, денесін дамылдатып, дем алысын бір қалыпқа түсіріп, мәңгілік мәселелер жайында ойланады. Үндістанның кішкентай баласына шейін жасынан осы әдетке машықтанады.

Ондай тәрбиенің қандай жеміс беретіні ғалымдардың түрінен-ақ білініп тұр. Денелері артық қозғалмайды, байсалды, кісімен сөйлескенде қымсынбайды, бойлары кең, бет кейпі жазық, бір тегіс, отырыс-тұрысы салмақты, сыпайы. Күншығыс халқының осындай түрін көргенде, маған біздің жұрт бір жақсы мінезді білмей жүр екен деген ой түсті. Ащы дауыстарыңды жұмсартыңдар, қалыптан артық қозғалып, секектеп діңкелеріңе тигізбеңдер, денені салмақпен ұстаңдар деп американың қай әкесі, қай тәрбиешісі балаға үгіт айтқанын есіттіңдер? Әрине, жоқ. Ойлап қараңыз, денені қалыптан артық қозғаудың, зорланудың, бетті жүз құбылтудың сүреңі адамның ішкі сипаттарына да тиеді, сөйтіп, бүкіл ұлтқа зиян келтіреді.

(Ж. Аймауытов.)

5-жаттығу.

1. *Журналист кімнен сұхбат алған?*
2. *Қалаған абзацтағы төл сөздерді төлеу сөзге айналдырып айтыңыздар.*
3. *Қалаған абзацтарыңыз бойынша журналист пен кейіпкер сөзіне авторлық сөздеріңізді қосып жазыңыздар.*
4. *Біріңіз батыр аға, біріңіз журналист болып, осының ізімен ауызша сұхбат жүргізіңіздер.*

-Аға! Өзіңізбен кездесердің алдында мен сіздің жазған деректі шығармаларыңыздың бәрін дерлік қайтадан оқып шықтым. Сондағы байқалатын бір нәрсе - бұл кітаптарыңызда соғыс кезіндегі өміріңіз мол қамтылады да, оған дейінгі туған жер, өскен орта, жастық шағыңыз туралы онша көп ештеңе айтылмайды. Неге?

- Керек болса, қажет деп тапсаң, айтайын, қарағым. Мен Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданындағы Асубұлақ ауылында дүниеге келдім. Бұл өзі - сұлу табиғат аясындағы көркі көз тойдыратын шағын елді мекен. Сол жерде орталау білім алған соң, Өскемендегі саяси-ағарту техникумына оқуға түстім. Оны бітіргеннен кейін облыстық халық ағарту бөлімінде инспектор болып жұмыс істедім. Сөйтіп жүргенде, 1939 жылы армия қатарына шақырылмасым бар ма?

- Бұл - әскери-барлау мектебіне баратын кезіңіз ғой шамасы ...

- Иә.

- Оған қалай түсіп жүрсіз? Білетіндер аталмыш әскери оқу орнына басқа ұлттың өкілдерін қабылдамайтын еді дейді ғой.

- Ол рас. Оған мен денсаулығымның мықтылығы мен есте сақтау қабілетімнің ерекшелігі арқасында ғана өттім. Мәскеу іргесіндегі әскери бөлімшеде қызмет етіп жүр едім, комиссияға шақырды. Содан олар басымнан бақайшағыма дейін ал кеп тексерсін дейсін. Сынақтың қиындығы сонша - оған іріктеп әкелген 350 жауынгерден көп ұзамай бар-жоғы 52-ақ адам қалдық. Бұлардың арасында мұсылман баласы жалғыз мен ғана бармын. Басқа ешкім жоқ. Қайталап айтамын, қарағым, сарапшылар бұл құпия оқу орнына мені қабылдайын деп қабылдаған жоқ. Оған мен өзімнің дене бітімімнің ерекшелігімен, буырқанған бұла күшіммен, сондай-ақ табандылық, көнбістік, төзімділік сияқты қасиеттеріммен өттім.

- Бұл мектепті қашан бітірдіңіз?

- 1941 жылы жазға салым. Оқуымыздың аяқталуы соғыстың басталуымен тұспа-тұс келді ғой. Соғыста сіз барлаушы-десантшы болдыңыз. Диверсиялық топтың жетекшісі - партизандық өмір жолынан өттіңіз. Сонда майданның арғы бетіндегі сапарға қалай әзірленуші едіңіздер?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 101 беті

- Жау тылына түсу дегеніңіз - нағыз азап. Ол жаққа аттану тек түн ішінде ғана жүргізілетін. Жабық машинамен аэродромға келер едік. Сол жерде бізді «Дуглас» ұшағының ішіне кіргізіп, қарама-қарсы отыруға бұйрық беретін. Белгілі межеге жеткенде есік ашылатын да, біріміздің артымыздан біріміз 5 мың метрлік қап-қара тұңғыыққа қарай қарғитынбыз. Тәртіп бойынша, алғашқы 1 мың метр кеңістіктен атқан оқша ағып өтуің керек. Сол сәттегі азапты айтпа... Сондай-ақ әуеден төмен қарай келе жатқанда: «Жау ортасына түсіп қалмаймын ба?» деген күдік те мазанды алумен болады. Сөз ретіне қарай айта кетейін, біздің жоғарыдағыдай сапарларымызда ондай жағдайлар да кездеспей қалған жоқ. Ал, одан тірі қалу дегенің... Жә, бұл енді басқа әңгіме.

- Басыңызды өлімге тіккен осындай қиын да қауіпті сапарға тұңғыш рет қашан аттандыңыз?

- Қырық бірдің қарашасында...

- Ал соңғы тапсырма ше?

- Оған қырық төрттің маусым айын айтуға болады...

(Ж. Аупбаев.)

5-жаттығу. Мәтінді оқып, қазақ тіліне аударыңыз.

Краснуха (лат. rubella) или 3-я болезнь — эпидемическое вирусное заболевание с инкубационным периодом около 15-24 дней. Это обычно неопасное заболевание, затрагивающее в основном детей, но оно может спровоцировать серьёзные врожденные пороки, если женщина заражается в начале беременности. Название третьей болезни происходит из времен, когда был составлен список болезней, провоцирующих детскую сыпь, в котором она перечислена третьей.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)

2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>

4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>

5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.

Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>

6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ.

Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ

/РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.

2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т

/РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 102 беті

3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап

Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Парадонтит неден пайда болады?
2. Аурудың белгілері қандай?
3. Парадонтит ауруының алдын алу үшін не істеу керек?
4. Аурудың емдеу жолдары қандай?

№ 28 сабақ

5.1. Тақырып: Тістің қабынуы.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: : «Парадонтит» мәтіні бойынша жаңа сөздерді игерту. Болашақ тіс дәрігері үшін «Парадонтит» ауруы бойынша сұхбат құра білудің, аурудың белгілері мен себептерін қазақша айта білудің маңызы зор. Көмекші етістіктер туралы жалпы мағлұмат беру, оларды практикалық жолмен меңгерту. Сөйлеу барысында көмекші етістіктерді дұрыс қолдана білуге, дұрыс жазуға жаттықтыру.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Периодонтит ауруы туралы мәлімет.
2. Мәтін бойынша жұмыс жүргізу

Тістің қабынуы.

Пульпит — тіс ұлпасының қабынуы. Тіс жегісі асқынып, микробтардың ұлпаға енуінен болатын дерт. Тіс өте қатты ауырып, мазаны алып, кесел үшкіл жүйке, бойымен үдеп, бас, құлақ, самай тұстарын қақсатады, түнгі ұйқыдан қалдырады. Аурудың жедел, созылмалы және асқынған созылмалы түрі де кездеседі. Тіс ұлпасының жартылай жедел қабынуы. Тіс жегісі қуысына жақын жатқан ұлпалар қабынады. Науқастың тісі мезгіл-мезгіл себепсіз қатты ауырады. Тіс жегі қуысын зондпен тексергенде ұлпаға жақын тұсы өте ауырғыш келеді. Ал электр тогы арқылы ұлпаның өзгергенін байқаймыз.

Тіс ұлпасының жедел толық қабынуы. Бұл жағдайда тіс тоқтамай ауырып, зардабы бас, құлақ, мойынға тарайды. Науқас қай тісінің ауырып тұрғанын дәл көрсете алмайды. Бұл жағдайда зонд және электр тоғымен тексергенде тіс ұлпасының толық бүлінгенін көруге болады.

Тіс ұлпасының жедел іріңдеп қабынуы. Тіс солқылдатып, тоқтаусыз ауырып, самай және жақ тұстарына тарап, тек суық судан ғана сәл-пәл тынышталады. Тісті тықылдатып көргенде ауырғаны байқалады. Тіс қуысын ашып іріңін тазаласа, ауырғаны басылады.

Тіс ұлпасының фиброзды созылмалы қабынуы. Тексеріп қарағанда терең тіс жегі қуысы көрінеді. Беті ашылған ұлпаны зондпен шұқығанда ауруды сезеді. Кейде ұлпа жұмсарған дентин астынан көрінбейді. Мұндай пульпит салынған пломба астында да болып, суықтан гөрі ыстыққа төзімділігі өзгере түседі, яғни ауырғаны айқын біліне бастайды. Электрге сезімталдық әр алуан түрлі болады.

Тіс ұлпасының ұлғайып созылмалы қабынуы. Тіс жегі қуысына ас қалдығының жиналуынан тіс ұлпасы ауырады. Байқап қарағанда ұлпа ерекше ұлғайып, томпайып кариес қуысын толтырады. Зондпен тексергенде ұлғайған ұлпа ауырған мен қоймай қанағыш келеді.

Ұлпаның өлі еттеніп, шіріп созылмалы қабынуы. Кейде тіс ауырмай, кейде ыстық тамақ ішкенде ауырады. Тіс сауытының ұлпасын зондтап анықтағанда толық өлі еттенгені білінеді. Шіріген ұлпалардан жағымсыз иіс шығады. Тіс түбірінің ұлпасын зонд арқылы тексергенде аздап тіршілік белгісі білінеді.

Ұлпаның созылмалы қабынуының асқынуы. Пульпиттің барлық түрлерінің асқынуы мүмкін. Ауру тіс сырқырап тоқтаусыз қатты ауырады. Сырқат адам ауру тісті дәл көрсете алмайды. Жақ, шүйде, самай тұстары сырқырап ауырады. Тіске тіс тигенде ауру үдей түсуі мүмкін. Егер тіс қуысы ашық болса диагноз қою қиындық келтірмейді ал егер ұлпа беті жабық болса **сырқат жайында жиналған мәліметтерді ескеріп клиникалық зерттеу жүргізу қажет.**

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

1-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.

Тіс күтімі, ауыз қуысындағы ақаулар, созылмалы бүйрек аурулары, асқазан жарасы аурулары, микробтар жиналу, тістің беріктігі, кіреуке қабатының жарылуы, тіс тасын алдырту, тағам қалдығы, ұртты тазалау.

2-тапсырма. Мәтінге қатысты төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Тіс күтімін қай кезден бастау керек?
2. Тісті дұрыс күтпеудің салдары қандай ?
3. Пародонтит, пульпит, остеомиелит ауруларының әсерінен ағзада туындайтын ауру түрлерін атаңыз
4. Тіс ауруларына ұшырамас үшін қандай қағидаларды сақтау керек?
5. Тіс күтімі туралы Халел Досмұхамедұлы не деген?

3-тапсырма. Төмендегі сөздердің синонимін жазып, әрқайсысымен сөз тіркесін жасаңыздар.

Ақау, ауру, мол, беріктік, шалдығу, көрнекті, алғашқы.

Үлгі: Ақау-кемістік; жүрек ақауы.

4-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің аудармасын сәйкестендіріңіздер.

Жарлының байлығы, денінің саулығы.

Тәні саудың жаны сау.

Ауру желмен келіп, термен шығады.

Тыста ұзақ жүргенің, ұзақ өмір сүргенің.

Тазалық саулық негізі, саулық байлық негізі.

Богатство бедняка – это его здоровье.

В здоровом теле здоровый дух.

Быть на свежем воздухе – залог долголетия.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 104 беті

*Чистота – основа здоровья, здоровье – основа богатства.
 Болезнь приходит вместе со сквозняком, а выходит с потом.*

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>
6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау: сұрақ жауап.

Тістің қабынуы жайында айтып беріңіз.

№ 29 сабақ

5.1. Тақырып: Тіс қанауы және оның алдын алу

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты:

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

ТІС ҚАНАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Кейде тіс тазалағанда қызыл иекте қан пайда болғанын байқаймыз. Әдетте тіс сирек қанайтын болса, ол туралы ұмытып кетеміз. Бірақ қызыл иек қабынып, тіс босаса бұл жайды еске аламыз. Қызыл иекте қалта пайда болып, тіс мойны жалаңаштанғанда тіс жиі қанайтын болады. Бұл тістің босауына, тіпті түсуіне әкеледі. Әрине, бұдан басқа да тістің қанауының көптеген себептері бар. Соның бірі - ауыз қуысы күтімінің нашар болуы мен тіс тасының түзілуі.

Қызыл иек қанамау үшін, біріншіден тіс тасын алғызу керек, екіншіден тісті күніне 2 рет тіс пастасымен тазалау керек, сосын 3-5 минуттай саусақтармен не болмаса арнайы силикон таяқшасымен қызыл иекке массаж жасау керек. Массаж - маңайындағы тіндердің қан айналысын жақсартып, қызыл иекті нығайтады. Ауызды арнайы сұйықтықтармен, дәрілік шөптердің қайнатпасымен, тіпті болмаса жай сумен шаю қажет. Тістің қанауы, қызыл иекке тіс сауыты мен протездің дұрыс қойылмауының нәтижесінде болуы мүмкін. Сондай-ақ, тістің қанауы ағзадағы дәрумендердің жетіспеушілігінен де болады. Сондықтан егер сіздің қызыл иегіңіз қанайтын болса, тамақтану тәртібін ретке келтіру жайында ойланыңыз. Астың құрамында сүт, өсімдік өнімдері, әсіресе, жеміс-жидек көбірек болғаны дұрыс.

Сөздік

сирек – редко

әдетте – обычно

жалаңаштану – обнажиться

ретке келтіру – привести в порядок

тамақтану тәртібі – режим питания

қалта – кармашек

қан айналысы – кровообращение

тіс тасын алғызу – удаление зубного камня

дұрыс қойылмау – неправильная установка

қайнатпа – отвар

нәтижесінде – в результате

жетіспеушілік – нехватка; недостаток

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

1-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.

Тістің қанауы, қызыл иектің қабынуы, қызыл иекте қалта пайда болу, тіс мойнының жалаңаштануы, тіс тасының түзілуі, дәрілік шөптердің қайнатпасы, арнайы сұйықтықтар, тіс маңайындағы тіндер, қан айналысын жақсарту, протездің дұрыс қойылмауы.

2-тапсырма. Мәтінге қатысты төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Тістің босап түсуіне не себеп болады?
2. Тіс қызыл иегі қанауының қандай себептері бар?
3. Тіс қанауының алдын алу үшін не істеу керек?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 106 беті

4. Қызыл иекке массаж жасаудың қандай пайдасы бар?
5. Тамақтану тәртібін ретке келтіру дегенді қалай түсінесіз? Өз пікіріңізбен бөлісіңіз.

3-тапсырма. Адамның дене мүшелері туралы мақал-мәтелдерді тура аудармасымен сәйкестендіріп, есте сақтаңыздар. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіздер.

Ауыз біреу, құлақ екеу.	Глаза -гнездо лучей, душа - гнездо тайн.
Көз – нұрдың ұясы, көңіл – сырдың ұясы.	Глаза - весы, настроение - судья.
Көз - таразы, көңіл - қазы.	Рот один, да двое ушей
Саусағы ұзын биші болады, құлағы ұзын күйші болады.	Нога - гражданин, руки - вещь, голова - сундук, язык - ключи.
Аяқ - азамат, қол - мүлік, бас - сандық, тіл - кілт.	Тот, кто длинные пальцы имеет, танцором будет, а тот, кто длинные уши имеет - музыкантом будет.

4-тапсырма. Қарама-қарсы мағыналы сөздерді сәйкестендіріп, сөз тіркесін жасаңыздар.

сирек	тәуір
босау	кәте
нашар	ластау
жақсарту	беку
дұрыс	жиі
түсу	нашарлату
тазалау	шығу

Үлгі: түсу-шығу; тістің түсуі, тістің шығуы.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>
6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 107 беті

/РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау: жазбаша талдау жасау

Тіс қанауы және оның алдын алу шаралары туралы мәлімет жинақтау

№ 30 сабақ

5.1. Тақырып: Тіс шірудің белгілері

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты:

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

ТІС ШІРУДІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Адамның ауыз қуысында көптеген әр түрлі бактериялар болады. Ауыз – бактерияларға ең бай жер болып саналады. Олар тістің үстіне (сілекеймен, тағаммен) тіс қағы түрінде жиналады. Тіс қағындағы кейбір бактериялар тағамның құрамындағы біз жейтін қант пен көмірсуды қышқылға айналдырады. Бұл қышқылдар кіреукедегі минералдарды ыдыратып, соның салдарынан тіс жегіне айналатын микроскопиялық шұңқырлар пайда болады.

Тіс құрылымының бұзылуы тістің кіреукесіне, дентинге (кіреукенің астындағы жұмсақ қабат) әсер етеді, ал асқынып кеткен жағдайда тіс жегінің асқынған түріне айналады (пульпит, периодонтит).

Кіреуке мен дентиннің тіс жегі бір тісті зақымдауы мүмкін, кейде ол тісті бірнеше жерден зақымдауы да мүмкін. Ең көп таралған белгілері:

1. Тістегі қуыс немесе тесік
2. Тіс сезімталдығының артуы (тәтті тағамға әлде ыстық пен суыққа)
3. Тіс ауруы
4. Тіс арасына тағамның тұрып қалуы

Тіс жегі әдетте балалардың арасында кеңінен таралған. Тіс жегін тудыратын факторларға мыналар жатады:

1. Көмірсуды көп мөлшерде пайдалану
2. Құрамында фторы жоқ суды пайдалану

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 108 беті

3. Кейбір дәрі-дәрмектер

4. Ауыз қуысының тазалығын сақтамау

Стандартты емдеудің жолы – пломба салу. Дәрігер қуыстағы тістің бұзылған бөлігін алып тастайды да бетіне пломба салады.

Сөздік

кіреуке – эмаль

бұзылу – нарушение; разрушение

асқынып кеткен жағдайда – при осложнениях

сезімталдық – чувствительность

тіс арасы – между зубами

тесік – дырка; щель

бөлік – часть; отдел

бет – лицо; поверхность; страница

жиналу – собираться

ыдырату – расщеплять

айналдыру – превращать; кружить

арту – возрастать; увеличиваться

алып тастау – удалить; убрать

емдеу – лечение; лечить

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

1-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.

Адамның ауыз қуысы, тістің үстіне жиналу, тістің кіреукесіне әсер ету, тіс жегінің асқынған түрі, шұңқырлардың пайда болуы, ауыз қуысының тазалығы, бұзылған бөлігін алып тастау, кеңінен таралу, тәтті тағам, көп мөлшерде пайдалану.

2-тапсырма. Мәтінге қатысты мына сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Ауыз қуысы неліктен бактерияларға ең бай жер болып саналады?
2. Ауыздағы қышқыл неден пайда болады және оның салдары?
3. Тіс шірудің белгілерін атаңыз
4. Тіс жегін тудыратын факторларға не жатады?
5. Емі не болып табылады?

3-тапсырма. Берілген «ауыз» сөзінен жасалған тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын анықтап, олармен сөйлем құраңыздар.

Аузы-аузына жұқпады- _____; аузынан суы ақты - _____
 _____ ; аузынан түсіп қалғандай - _____.

4-тапсырма. Қосымшасын жазып, орыс тіліне аударыңыздар.

Тіс... үсті..., сілекей... жиналады, соның салдары..., тіс жегі... асқынған түр..., тіс... зақымдау... мүмкін, бұзылған бөлігі... алып тастау, балалар... арасы..., микроскопия... шұңқыр..., қышқыл... айналдыру, тіс... кіреукесі... .

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

5.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: жұптасып жұмыс жаса

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6. Әдебиет.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 109 беті

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>
6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы: Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7 Бақылау: сұрақ жауап

№ 31 сабақ

5.1. Тақырыбы: Іс қағаздары және оның түрлері.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты:

- білім алушыларға кәсіби қарым-қатынас үшін қажет негізгі медициналық терминологиялық лексика минимумын меңгерту;
- қазақ тілінде сөйлеу қызметінің әртүрлі дағдылары мен біліктерін жетілдіру;
- кәсіби лексика негізінде сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша коммуникативтік біліктерін дамыту.

5.3. Оқыту мақсаты: Білім алушыларға кәсіби қарым-қатынас үшін қажет негізгі медициналық терминологиялық лексика минимумын меңгерту. Қазақ тілінде сөйлеу қызметінің әртүрлі дағдылары мен біліктерін жетілдіру. Медицина саласындағы жағдаяттарға қатысты лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді сақтай отырып, тіл байлығын арттыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

ІС ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Іс қағаздарының түрлері өте көп, олардың негізгі түрлерін мақсаты мен мазмұнына, жасалған орнына, жасалу сатысына, қызметіне, формасына т.б. ерекшеліктеріне қарап топтастыруға болады.

Іс қағаздары мазмұны мен қызметіне қарай үш топқа бөлінеді:

1. Жеке адам өміріне қатысты құжаттар;
2. Азаматтық қарым-қатынасты реттейтін құжаттар;
3. Басқару, ұйымдастыру қызметіне қатысты құжаттар.



5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Терминдердің құрылымдық-ақпараттық мазмұны.

2. Анықтамалар. Мамандық бойынша сөздерді терминологиялық сөздікке енгізу қағидалары қандай?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылар өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Глоссарий (латын тілінен *glossarium*– «глосс жиынтық») - білім берудің белгілі бір мамандандырылған терминдерінің түсіндірмелі сөздігі. Бұл термин гректің «глосса» деген сөзінен шыққан, яғни тіл, сөз деген мағынаны береді.

2. Глоссарийді пайдалану. Глоссарийді мәтіндегі түсініксіз сөздердің немесе қиын терминдердің мағынасын түсіну үшін пайдаланылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 111 беті

3.Глоссарийдің құрылымы. Ең алдымен өзіңіздің жұмысыңызды толық, мұқият оқып шығыңыз. Қалайда сіз, оқып отырған тақырыбыңыз бойынша, ол жерден мағыналары түсініксіз әртүрлі терминдерді кездестіресіз. Содан соң, сол түсініксіз терминдердің тізімін жасайсыз. Сіз ол терминдерді міндетті түрде алфавит ретімен орналастырып жазып шығуыңыз керек, себебі глоссарий дегеніңіз міндетті түрде әліпби ретімен жасалған мамандандырылған терминдер сөздігі болып табылады. Осыдан кейін глоссарий тармағын құрастыру жұмыстары басталады. Глоссарий тармағы дегеніміз – терминдер анықтамасы. Ол екі бөлімнен тұрады:

1. Атау септік тұлғасындағы терминнің нақты атауы
2. берілген терминнің мағынасын ашатын мазмұндық бөлімі.
4. Глоссарийді құрастыру ережесі. Глоссарийді құрастырғанда төмендегідей ережелерді есте сақтау қажет:

- ақпараттың шындығына және дәлдігіне мұқият назар аударыңыз;
- анықтаманы нақты ғылыми тілде беруге тырысыңыз, әртүрлі жаргон сөздерді пайдаланудан аулақ болыңыз. Түсініктеме беретін болсаңыз, қысқа әрі түсінікті анықтама беріңіз;
- Глоссарий – белгілі бір деректердің анықтамасы ғана;
- және де сол терминге байланысты қолданылған контексттерден мысал келтіруді ұмытпағаныңыз дұрыс.

1-тапсырма. Берілген мәтіннің ішінен терминдерді дәптерге теріп жазып, олармен сөйлем құрастыру

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет

Негізгі:

Негізгі:

- 1.Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>
6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 112 беті

4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау: Сұрақ-жауап

- Глоссарий дегеніміз не?
- Бұл сөздің шығу төркіні қандай?
- Глоссарийдің міндеті қандай?
- Глоссарийді қалай құрастырады?
- Глоссарий жасауда қандай қағидаларды ұстану қажет?
- «Глоссарий» сөзінің анықтамасы қандай?

№ 32 сабақ

5.1. Тақырып: : Қазақ тіліндегі стильдің түрлері. Ресми іс қағаздары стилі, қолданылу ерекшеліктері.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: Стиль түрлерінің айырмашылығын білуге үйрету, стиль түрлерін жазу барысында дұрыс пайдалануға дағдыландыру, мәтіннің мазмұнын айтуға дағдыландыру, әр түрлі тапсырмалар арқылы стиль түрлерін ажырата білуге үйрету, қазақ тілінің медицинаға, тиісті құжаттарға және күнделікті өмірге қажетті сөздерін, сөз тіркестерін үйрету, тілдің қолданылу заңдылықтарын, тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын игерту, өмірде ең жиі қолданылатын құжаттардың заңдылықтарын меңгеріп, күнделікті күнделікті өмірге қолдануға дағдылану.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақ тіліндегі стильдің түрлері.
2. Ресми іс қағаздары стилі, қолданылу ерекшеліктері.

Қазақ тіліндегі стильдің түрлері. Ресми іс қағаздары стилі, қолданылу ерекшеліктері.

Стиль – латын сөзі, қазақ тіліне аударғанда «жазу мәнері» дегенді білдіреді. Стилистика – тілдің қолданылу заңдылықтарын зерттейтін ғылым, ол тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді.

Қазақ әдеби тіл стильдері:

1. ауызекі сөйлеу стилі
2. көркем-әдебиет стилі

3. публицистикалық стиль

4. ресми іс қағаздар стилі

5. ғылыми стиль


Ресми немесе іс қағаздар стилінің ерекшелігі, онда акт дәл көрсетіліп, бір ізбен жүйелі жазуға айрықша мән беріледі.

Қазақ тілінде қолданылып жүрген қалыптасқан сөз орамдарының көпшілігі орыс тілінің ықпалымен жасалған : қызу мақұлдау, қызу қарқын, тұрмыстық қызмет, қызмет көрсету, жүзеге асыру, қамтамасыз ету, өз күшінде қалдыру, қол жеткен табыс, кең жол ашу, іске қосу, мәселе көтеру, алғыс жариялау, сөгіс жариялау.

Көптеген сөздер белгілі стильге телулі болады, қолданылу жағынан шектеліп отырады. Мысалы: тағайындалсын, міндеттелсін, осы анықтама берілді, қаулы етеді, жарлық етеді т.б.

Ресми іс қағаздарында кейде бір заттың я ұғымның атауы қолданылу орнына қарай әр түрлі аталады. Мысалы, адам деген сөз ресми құжаттарда – азамат, жолдас, телефон станциясында – абонент, ательде – заказ беруші, шаштаразда – клиент, ауруханада – науқас, санаториінде – демалушы, тынығушы, транспортта – жолаушы т.б. болып табылады.

Іс қағаздары стиліне әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері болады.



Сөздікпен жұмыс

әдеби тілі – литературный язык

қоғамдық – общественный

ғылым саласында – в сфере науки

белсенді – активный

құқықтық – правовой

басқару – управлять

Тапсырма 1. Мәтінді көшіріп жазып, стиль түрін анықтаңыздар.

Табиғаты ғажап Қазақстан

Қазақстанның жер қойнауында әлемдегі табиғи қазба байлықтардың барлық түрі (90-нан астам) орасан зор көлемде бар деуге болады. Қазақстанда ең ірі өзендер – Ертіс, Сырдария, Іле, Есіл және Тобыл. Қазақстанда ең биік шың республикамыздың оңтүстік-шығысындағы Тянь-Шань тауындағы Хан Тәңірі шыңы болып табылады. Оның биіктігі – 6996 метр.

Қазақстанның өзіне тән өсімдіктері сан алуан, әрі бай. Бір ғана дәрі жасайтын өсімдіктің өзі 150-ге жуық. Қазақстанда 158 түрлі сүтқоректі, 485 түрлі құс, 15-ке жуық балық пен көптеген жануарлар кездеседі.

Қазақстанда 6 мемлекеттік қорық бар. Көптеген жануарлар мен өсімдіктер өкімет қамқорлығында. Олардың ішінде Алматы қаласының рәмізіне айналған тау барысы мен Республика байрағында бейнеленген нұрлы болашаққа самғап бара жатқан елді көрсететін бүркіт те бар.

Тапсырма 3. Шағын топтарға бөлініп, әр топ төмендегі кестеде көрсетілген бағытта бір стиль түріне шағын материал дайындап, талқылау ұйымдастырындар.

Тақырып	Мамандық иесі	Стилі
Ұлттар татулығы – ынтымақ бастауы!	Журналист	Публицистикалық стиль
Спид - ғасыр дерті	Дәрігер	Ғылыми стиль
Жетісу-жер жанаты	Студент	Көркем әдебиет стилі
Қазақстан Республикасы туралы ақпараттық хабарлама	География пәні мұғалімі	Ресми стиль

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет:

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)

2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz>

4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/>

5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.

Суатай С., ЦБ Акнурpress <https://aknurpress.kz/>

6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.

2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.

4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.

6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.

7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 115 беті

8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап

1. Стиль деген не?
2. Стильдің қандай түрлері бар?
3. Көркем стиль мен ғылыми стильдің айырмашылығы қандай?
4. ауызекі сөйлеу қандай стиль?
5. Публицистикалық стиль мен ресми іс-қағаздары стилінің ерекшелігі неде?

№ 33 сабақ

5.1.Тақырып: Стоматологиядағы деонтология қағидалары.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: Ақпараттық-анықтамалық құжаттар туралы айту. Жеке құжаттар түрлері туралы түсінік беру, үлгісін көрсете отырып, практикалық жолмен түсіндіру, жеке құжаттар түрлері туралы түсінік беру, іс қағаздарының мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші екенін ашып көрсету.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

СТОМАТОЛОГИЯДАҒЫ ДЕОНТОЛОГИЯ ҚАҒИДАЛАРЫ

Стоматолог деонтология мен этикалық қағидаларын сақтамай ем жүргізу мүмкін емес. Ол әрқашан дерттің түрін емес, науқас адамды емдеп отырғанын ұмытпауы қажет. Өйткені ауыз қуысы бүтін ағзаның бір бөлігі. Ол науқас адаммен ресми сауалнама жүргізумен бірге, шыдамдылықпен және қиындығына ортақтаса отырып, әңгімелескені жөн.

Науқастың психикасын қорғау емдеудің барлық сатысында жүргізілуі тиіс. Дәрігердің науқасқа селқос қарауы, асығыс қимылы, науқасты қарап жатқан кезде басқа затқа алаңдауы, ұмытшақтығы, орынсыз ескертулері, ойланбай айтылған қорытындылары - оның науқаспен арасындағы қарым-қатынасты бұзады. Яғни, дәрігер жағынан ешқандай айқай, қызметкерлермен, науқастармен ұрысу деген мүлдем болмау керек. Емдеу кабинеттерінің тазалығы жоғары деңгейде болуы тиіс. Науқастар кезек күтетін бөлмеде де ыңғайлы жағдайлар жасалуы қажет.

Бүгінгі деонтологияның басты нысанасы – ауруға шалдыққан адам ғана емес, дені сау жұртшылық. Осыған ұқсас ойды біз Гиппократтан табамыз, ол медицинаның бүкіл даналығы - ар-намыс, қарапайымдылық, сыпайылық, киім киюдегі ыңғайлылық, құрмет көрсету, тазалық. Бірымшылдық пен қорқынышты теріске шығару - дәрігердің қаруы болуы тиіс дегенді жазады.

Әрбір адамның, оның ішінде сырқат жанның ұғымында дәрігер жалпы адамға тән барлық жақсы қасиеттерді алып жүрушісі болып табылады. Белгілі орыс дәрігер-ғалымы С.М.Боткин дәрігер адал дос ретінде науқасты мұқият тыңдап, оның барлық қасиетін біліп, оларды жоюға көмектесуі, рухын көтеріп, оның адам тәнін сауықтыруы керек деп санаған. Дәрігер бұнымен ауруды «еркелетпейді», тек қана өзінің қасиетті парызын орындайтындығын білуі керек. Дәрігердің өз ісін жақсы білетіндігіне науқас сену керек. Дәрігерге тәжірибе мен білім әр уақытта аз, онымен бірге онда сезім мен өз мамандығына деген үлкен махаббат болу қажет.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 116 беті

Жақсы қасиеттерді ұстану, қажет жерде қаталдық, сонымен бірге зейінділік пен мейірбандылық дәрігер беделін қай заманда болсын көтереді.

Сөздік

қағида – правило; устои
сауалнама – анкета; опрос
шыдамдылық – терпение
қиындығына ортақтасу – сочувствовать (букв. делить трудности)
теріске шығару – отрицать
алаңдау – отвлекаться; беспокоиться
даналық – гениальность; мудрость
айқай – крик; шум
нысана – объект
қарапайымдылық – скромность
сыпайылық – вежливость
ыңғайлылық – удобство
ырымшылдық – суеверие
қорқыныш – страх
қасірет – страдание
сауықтыру – оздоровить; излечить
қаталдық – строгость; жесткость
зейінділік – чуткость; понятливость; внимательность
мейірбандылық – милосердие; великодушие
селқос қарау – халатное отношение
орынсыз ескерту – неуместные замечания
ұстану – придерживаться

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

1-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.

Ағзаның бір бөлігінде, орынсыз ескертулердің, кезек күтетін бөлме, қасиетті парызды орындау, дәрігердің асығыс қимылына, ауыз қуысын, жақсы қасиеттерді алып жүруші, емдеудің барлық сатысынан, науқастармен ұрыспау, сезім мен махаббат болу керек,

2-тапсырма. Мәтінге қатысты мына сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Стоматолог қандай қағидаларды сақтау керек?
2. Дәрігер мен науқас арасындағы қарым-қатынас неден бұзылады?
3. Гиппократтың айтуынша медицинаның даналығы неде?
4. Дәрігердің қаруы ол не?
5. Сырқаттардың ұғымында дәрігер қандай адам болу керек?
6. Орыс дәрігер-ғалымы С.М.Боткин дәрігердің қасиетті парызына нені жатқызған?

3-тапсырма. Сөздердің сәйкес жұптарын тауып, сөз тіркесін жасаңыздар.

тәжірибе	сену
дәрігердің	көтеру
беделін	шалдығу
біліміне	қарым-қатынасы
қызметкерлермен	ұмытшақтығы
ауруға	алмасу

4-тапсырма. Берілген сөздердің синонимдерін жазыңыздар.

Қағида, дерт, әңгімелесу, саты, ыңғайлы, қасірет, шалдығу, сауықтыру, бедел, шыдамдылық.

5-тапсырма. Берілген сөздердің құрамындағы әріптерден бірнеше сөз құрастырыңыздар.

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 117 беті

Мейірбандылық _____
 Қарапайымдылық - _____

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6 Негізгі әдебиеттер:

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>
6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап

Стоматологиядағы деонтология қағидалары туралы мәлімет жинақтау.

№34 сабақ

5.1.Тақырып: Өмірбаян. Түйіндеме. Хабарландыру.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 118 беті

5.2. Мақсаты: Ақпараттық-анықтамалық құжаттар туралы айту. Жеке құжаттар түрлері туралы түсінік беру, үлгісін көрсете отырып, практикалық жолмен түсіндіру, жеке құжаттар түрлері туралы түсінік беру, іс қағаздарының мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші екенін ашып көрсету.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Өмірбаян. Түйіндеме. Хабарландыру жазу үлгілері.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Өмірбаян

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жасалған ресми құжат. Әдетте оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады. Онда азаматтың аты-жөні, туған жылы, күні, айы және туған жері, ұлты, отбасы жағдайы, білімі, бітірген оқу орындары, қызметі мен жұмыс тәжірибесі туралы және т.б. қосымша мәліметтер көрсетіледі. Тәжірибеде өмірбаян үш түрлі болып жазылады. Бірі-адамның өз өмірі мен қызметі туралы баяндауы. Бұл көбінесе қызметке орналасу кезіндегі жеке іс қағазына қоса тігілу үшін жазылады. Онда адам өзінің аты-жөнін, туған күнін, толық көрсетеді. Одан кейін жаңа жолдан нақты деректермен санамалап жазады. Өмірбаянның бұл түрі көбінесе ресми түрде жазылады да, көлемі жағынан шағын болады. Өмірбаянның екінші түрі - мемуарлар, яғни ақын, жазушылардың, өнер, қоғам қайраткерлерінің өз өмірін қоғам өмірімен байланыстыра баяндауы. Мұндай өмірбаяндар көркем шығармаға жақын, әдеби тілмен, шебер жазылғандығымен оқырманды тартады және ол оқырманды жеке адам өмірімен ғана емес, қоғам дамуымен таныстырады. Мұндай шығармалар қай тілде болмасын өте көп және қара сөзбен де, өлең сөзбен де жазылған түрі кездеседі. Мысалы, Қ. Байсейітовтың "Құштар көңіл"(1977) Ш. Жиенкүлованың «Өмірім менің - өнерім» (1983) кітаптары өмірбаянның осы түріне жатады. Өмірбаянның үшінші түрінде қоғамға белгілі қайраткерлердің өмірі мен шығармашылық, саяси қызметтері өз тарапынан емес, басқа біреулер тарапынан баяндалады. Мәселен, ұлы жазушылар мен ақындар-А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, А.С. Пушкин өмірлері туралы шығармалар осындай өмірбаян түріне жатады. Мысалы, С.Мұқанов - «Аққан жұлдыз», М. Әуезов «Абай жолы». Өмірбаянның мұндай түрі көркем шығарманың әр түрлі жанрлары ыңғайында очерктен бастап роман-эпопеяға дейін жазыла береді. Күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын құжаттың біріншісі - өмірбаян. Өмірбаян әркімнің өз қолымен, таза, жүйелі түрде, сиямен жазылады. Арнайы қағазға жазылуы да мүмкін.

Өмірбаянның мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

1. Құжаттың аты (өмірбаян)
2. Аты-жөні (толық жазылады), туған жылы, айы, күні, туған жері
3. Ұлты
4. Білімі, оқыған оқу орындары

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 119 беті

5. Қоғамдық-саяси қызметі

6. Ата-анасы, жұбайы, балалары туралы мәлімет

7. Қазіргі жұмысы, мекен-жайы

Өмірбаянның мазмұны автордың өмір жолын, іскерлік қасиеттерін жан-жақты баяндап беруге тиіс.

Үлгі 1.

Өмірбаян

Мен, Қуаныш Өмірбекұлы Сарсенов ауданы, Баршатас ауылында тудым. 1963 жылы 1 мамырда дүниеге келдім. Ұлтым- қазақ. 1970-1980 дейін Баршатас ауылында орыс орта мектебінде оқыдым. 1980 ж Қазақ политехника институтында компьютерлік техника факультетіне оқуға түстім. Институтын бітірген кейін 1985-1988 жылдар аралығында ғылыми жобалау институтында жұмыс істедім. 1988 жылғы 1 қыркүйекті қазақ политехника институтының металлургия өнеркәсібі кафедрасына ауыстым. Қазір осы кафедраның аға мұғалімімін.

Ата- анам бар: Әкем- Өмірбек Қадіров. Ұлы Отан соғыстың ардагері, құрметті зейнеткер. Анам- Хадиша Насимова- ұзақ жыл бойы мұғалім болып жұмыс істеді. Қазір зейнеткер. Отбасым бар: Жұбайым- Жазира Дүйсенбайқызы Сұлтанова, жоғары білімді маман, дәрігер. Үш балам бар: Әсел- 1989 жылы, студент. Ұлым Асқар 1992 жылғы, оқушы. Қызым Мира 1995 жылғы, оқушы. Әскери қызметке міндеттімін, аға лейтенант атағым бар: Қосымша мәліметтер: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік білемін. ЭЕМ (ЭВМ) бағдарлама-н толық меңгеремін, интернетке жұмыс істей аламын. Мекен- жайым: Алматы қаласы, «Қазақфильм» шағын ауданы, 47- үй, 16 пәтер. телефон- 96-47-91.

Түйіндеме. (Резюме)

Резюме француз тілінен алынған термин. “Айтылған, я жазылған мәселенің қысқаша түйіні” деген мағына береді.

Түйіндеме – белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіптік шеберлігі, біліктілігі, икемділігі жайлы нақты, қысқа мәлімет беретін іс қағазының бір түрі.

Жазылған түйіндеме сіз туралы толық мәлімет беру үшін онда, сіздің біліміңіз, біліктілігіңіз, жеткен жетістігіңіз, жұмыс тәжірибеңіз, не нәрсеге икемділігіңіз бар екені айтылуы керек. Түйіндеме сіздің кең көлемдегі визит карточкаңыз іспеттес. Түйіндеме жазуда сіздің мақсатыңыз - өз өмірбаяныңыз бен жұмыс тәжірибеңізді, мамандығыңызды, икемділігіңізді ұтымды көрсете білу. Осы арқылы ойлаған жұмыс орнына қол жеткізу. Сондай-ақ түйіндеменің әдемі рәсімделуіне де көңіл бөлгеніңіз дұрыс. Яғни мекеме басшысы сіздің кім болып істегіңіз келетінін түйіндемені оқу барысында бірден ұғатындай болу керек Қалаған мамандығыңызға байланысты жеке басыңыздың қасиеттері анық көрсетілуі тиіс. Мәселен, сіз жарнама агенті болып орналасқалы келсеңіз түйіндемеге адамдармен жақсы қарым-қатынас жасай алатындығыңыз, тапқырлығыңыз, интуицияңыз, адам психологиясын жақсы білетіндігіңіз сияқты қасиеттеріңіз жазылуы керек. Түйіндемеде белгілі бір адам туралы мәліметтер ықшам әрі нақты түрде беріледі.

Түйіндеменің ерекшелігі – үміткердің білімі және кәсіби шеберлігі туралы мәліметтердің кері хронологиялық тәртіпте берілуі.

Түйіндеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- аты-жөні;
- туған жылы, күні, айы, туған жері;
- ұлты;
- жынысы;
- мекен-жайы, телефоны;
- отбасы жағдайы;

- азаматтығы;
- білімі;
- бітірген оқу орындары;
- кәсіби біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі;
- тілдік дағдылары;
- компьютерлік сауаттылығы;
- жеке қасиеттері (жауапкершілігі, адамдармен қарым-қатынас орнатуға бейімділік, ұстамдылық, мақсаттылық, ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттер, ұжыммен жұмыс істей білу, ұқыптылық, алға қойған міндеттерге шығармашылық көзқарас т.б.)
- қызығушылығы (саяхатқа шығу, би, домбырада ойнау, кітап оқу т.б.) туралы мәлімет, қосымша ақпараттар (мақтау грамоталары, сертификаттар, наградалар, патенттер т.б.)

Хабарландыру

Хабарландыру – мекемелердің, ұйымдардың атынан оның мүшелеріне алдағы болатын іс-шаралар туралы хабарлап жеткізетін құжат түрі. Мұнда хабарланып отырған мәселенің (жиналыс, мәжіліс, кездесу т.б. жайлар) айы, күні, болатын уақыты мен орны көрсетіледі. Соңынан хабарландырушы мекеменің, ұйымның аты қойылады. Хабарланатын мәселенің мазмұны мен мақсатына қарай хабарландыру түрлі-түрлі көлемімен, көркемделуімен ерекшеленеді. Қазіргі нарық заманында баспасөз беттерінде жұмысқа шақыру, бос қызмет орындарына конкурс жариялау үшін де хабарландырулар жарияланады. Хабарландыруларда қызметке алынатын кандидатураға қойылатын талаптар мейлінше тұжырымды, нақты жазылады. Хабарландыру түрлері мен ерекшеліктері:

1. Мәжіліс, жиналыстарға хабарландыруда — Күн тәртібі толық.
2. Мәдени шараларға хабарландыруда — Бағдарламасы ұсынылады.
3. Тендерге хабарландыруда – Шарттары ұсынылады.
4. Вакансияға хабарландыруда – жұмыс орнына тиісті талаптар.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Тапсырма 1. Үлгіге қарап өзіңіздің өмірбаяныңды жазыңыз

Мен, _____ (аты – жөні), _____ жылы, _____ қалада (облысында, ауданда, ауылда), _____, _____ отбасында дүниеге келдім. _____ жылы _____ қаласындағы (облыс, аудан, ауылында) № _____ орта мектепке бардым. Орта мектепті _____ жылы бітптім. _____ жылы _____ университетінің _____ факультетіне түстім. Әкем, _____ (аты-жөні) _____ зейнеткер. Анам, _____ (аты – жөні) _____
 Отбасылық жағдайым _____
 Балаларым _____
 Мекен – жайым _____

2-тапсырма. Мына сөздер мен сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз

Жан – жақты, тұжырым, тырысу, дағдылы өмірбаян, мүмкіндік беру.

3-тапсырма. Кәсіби біліктілігіңіз туралы не жазар едіңіз

4-тапсырма. Мына тақырып бойынша эссе жазыңыз.

«Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады» (Абай).

5 тапсырма. Қазақ тіліне аударып, жауап беріңіз

Чем увлекаетесь в свободное время?

Какие свойства больше всего цените в людях?

Какие основные достоинства (недостатки) выделяете в себе?

Какую должность хотели бы занимать на новом месте работы?

Что Вам больше нравится: работа с людьми или техническая работа с документацией?

Какими иностранными языками владеете?

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Студенттердің өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет:

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р. ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Акnurpress <https://aknurpress.kz/>
6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ. /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т. /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р. ЦБ Акnurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап, жаттығу жұмыстары.

1-тапсырма. Берілген мәтіннен Медициналық терминдерді теріп жазыңыз. Жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

Глюкоза углеводтарға жатады және адам мен хайуанаттар ағзасының зат алмасу өнімдерінің бірі болып табылады. Зат алмасуда глюкозаның энергетикалық басты маңызы бар. 1г. глюкоза толығымен ыдырағанда 4,1ккал жылу бөледі. Мұнда бөлінген энергия ағза жасушаларының қызметін қамтамасыз етеді. Әсіресе орталық жүйке жүйесі, жүрек, ет сияқты қарқынды жұмыс істейтін органдар үшін глюкозаның энергетикалық маңызы жоғары. Осымен

OŃTŪSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 122 беті

байланысты глюкоза физикалық азғындаумен жалғасып жататын созылмалы ауруларға, жалпы ағзаны көтеруші (күшейтуші) зат ретінде кеңінен қолданылады.

2-жаттығу. Мәтіннен халықаралық терминдерді теріп жазыңыздар.

Тін – организмнің тарихи қалыптасқан жасушалар мен олардың туындыларынан тұратын, өзіне тән морфофизиологиялық, биохимиялық қасиеттері бар жеке жүйе.

Әрбір тін онтогенезде белгілі бір ұрықтық бастамадан дамуымен және өзіне тән басқа тіндермен өзара қатынасымен, ағзадағы орнымен сипатталады.

№ 35 сабақ

5.1. Тақырып: Құттықтаухат. Сенімхат. Қолхат. Хабарламахат. Жеделхат. Телефонхат. Баяндаухат.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: Құжаттардың жазылу үлгісін, қолданылу аясын білуге машықтандыру.

тәрбиелік: мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізуге байланысты білімін тереңдетіп, бағыт беру, тапсырмалар арқылы ұйымдастырушылық, тілдік белгілерді дұрыс қолдану икемділігін қалыптастыру., іс – қағаздардың түрлерін талдап, дұрыс толтыру, құжаттардың заңдылықтарын меңгеріп, күнделікті күнделікті өмірге қолдануға дағдыланыру

5.3. Оқу мақсаттары: білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Құттықтаухат. Сенімхат. Қолхат. Хабарламахат. Жеделхат. Телефонхат түрлерінің қолданылу үлгісі.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

1-тапсырма: «Жеті жарғыда» жер дауына қатысты жазаларды атаңыз

2-тапсырма: жесір дауына қатысты жазаларды атаңыз

3-тапсырма: басқаруға қатысты жазаларды атаңыз.

Құттықтаухат. Сенімхат. Қолхат. Хабарламахат. Жеделхат. Телефонхат.

Қолхат, Сенімхат, Кепілхат - белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алыс-берісін куәландыратын, азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін ресми құжат түрі. Құжаттың бұл түрлері міндетті түрде мөрмен бекітіліп, құқықтық сипатқа ие болады.

Қолхат - белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алынғанын куәландыратын және оны белгілі бір мерзімде қайтарып беретіндігін міндеттеп, азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін ресми құжат түрі. Бұл бағасы төмен құндылықтарды уақытша пайдалану жағдайында рәсімделеді. Сондықтан қолхат негізінен мекемеішілік қатынастарда жиі қолданылады.

Қолхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- құжаттың аты;

- қолхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);

- қолхат алушы туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);

- алынған заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 123 беті

- қайтарылатын нақты уақыты;
- қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- қолхат жазылған күн;
- тараптардың қолы;
- мекеме мөрі.

Сенімхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі :

- құжат атауы;
- күні, айы, жылы, мекен-жайы ;
- сенімхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);
- сенім білдірілетін тұлға туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);
- алынғат заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);
- қайтарылатын нақты уақыты;
- қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- нотариалдық мекеме мөрі.

Сенімхат берілетін жағдайлар:

Сенімхат кез-келген төлем түрлерін, атап айтқанда жалақы, жәрдемақы, стипендия, зейнетақы алу үшін, сондай-ақ заттай корреспонденцияларды алу үшін, мүлікті ортақ пайдалану, транспорт құралдарын иемдену, мұрагерлік құқық туралы куәлік алу үшін т. б. толып жатқан жағдайларда беріледі.

Сенімхат 1 дана болып дайындалады

Төлемақы алу үшін берілген сенімхаттардың жарамдылығы - 3 ай. Мүлікті пайдалану үшін берілетін сенімхаттардың жарамдылығы - 3 жыл.

Жарамдылық мерзімі жазбаша жазылуы керек.

Хабарлама хат

Хабарлама хат - өзінің стилі бойынша шақыру хаттарына және ақпараттық хаттарға ұқсас.

Нақты адресат үшін толтырылады және сұратуға жауап болып табылады. Ол: «Хабарлайымыз», «Хабардар етеміз», «Сіздің назарыңызға ұсынамыз» деген сөздер арқылы жазылады. Одан әрі қандай да бір фактілер көрсетіледі.

Жеделхат

Жеделхат — телеграф (телетайп) арқылы берілетін жедел сипатты құжат.

Күнделікті қызмет барысында ақпарат немесе мәліметтің кейбірін екінші адамға я мекемеге жедел жеткізу қажет болатын жағдай жиі кездеседі. Қазіргі заманда ақпаратты жедел жеткізудің факс, интернет сияқты түрлері де болғанымен жеделхаттар да өз маңызын жойған жоқ. Себебі, хат ұзақ жүреді, интернет пен факс қызметі қымбаттау, оның үстіне біз чертеж я фотография жібермейтін болсақ факсты қолдану міндетті емес. Телефон арқылы жүргізілген әңгімені іске тігіп қоя алмайсың, сондықтан ең ыңғайлысы жеделхат болып табылады. Жеделхаттың тағы мынадай артықшылықтары бар: мекеменің кез келген қызметкері жеделхат мәтінін құрастырып жібере алады. виза қою, келісу, корректуралау, редакциялау сияқты формальды нәрселердің қажеттігі болмайды. Жеделхат қолмен жазылғанына қарамастан әркез жіберуші мен алушы туралы мәліметті қамтиды. Қажет болған жағдайда жеделхат мәтіні мен онда берілген мәліметті растауға болады. Жеделхаттар қалай тез жіберілсе, солай тез жеткізіледі. Телеграф байланысы басқа байланыс түрлерімен салыстырғанда арзан және сенімді. Жеделхат жібере отырып оның белгіленген жеріне ең ұзақ дегенде 10-12 сағаттан соң, қажет болса 1 сағаттан соң да жеткізілетіндігіне 100% сенімді болуға болады.

Жеделхатты дұрыс жазу үшін мыналар есте болғаны жөн:

жеделхат мәтіні қысқа, дәл, анық, ең ұзақ дегенде 300 сөзден аспауы керек. Қысқа жеделхаттың бағасы да төмен болатыны есте болғаны жөн. Жеделхат мәтінінде кіріспе сөз, шылау сөздер қолданылмайды. Кейбір сөздерді қысқартып жазуға болады, керісінше шатасып кетпес үшін цифрлар жазбаша беріледі.

Мынадай ретпен жазылады — алушы мекен-жайы, мәтін, жіберуші мекен-жайы.

Жеделхат мәтіні анық оқылатындай болып жазылу керек және ешбір түзетулер (әсіресе мекен-жай мен цифрлар жазылған бөлігінде) болмағаны жөн.

Жеделхаттар ішкі жоне халықаралық болып бөлінеді. Іпкі жеделхаттарға мемлекет ішінде жіберіліп қабылдана-ғындар, ал халықаралық жеделхаттарға шет елдерге жіберілген немесе шет елдерден келгендері жатады. Ішкі жеделхаттар "өкіметтік", "жедел" және "жай" болып үшке бөлінеді; Жедел белгісімен жіберілетіндерге өкіметтік және жедел жеткізілу үшін арнайы жоғары тарифпен төленген жеделхаттар жатады. **Қызметтік жеделхат мәтіні** 2 дана етіп дайындалады. Аралығы 1,5 интервал. Жеделхат мәтінінің басы ғана азат жолдан басталады. Екінші азат жол тек қол қойылғанда ғана беріледі. Басқа құжаттар сияқты жеделхаттың да өз реквизиттері болады. Олар: жеделхаттың категориясы мен түрі, нөмері, датасы, жіберілген уақыты, алушының аты мен мекен-жайы, мәтін, қол. Бұл реквизиттер сызықтың жоғарғы жағына жеделхаттың формуляр деп аталатын бөлігінде жазылады. Сызықтың сыртына төленбейтін реквизиттер, яғни, жеделхатқа қол қоюшы адамның қызметі, дата, жіберушінің мекен-жайы. Әрбір мекемеде жеделхаттарды тіркейтін арнайы журнал (А4 форматты қатты мұқабалы дәптер) болуы керек. Журнал екі бөліктен тұрады. Бір бөлігі келіп түскен жеделхаттарға арналады, мұнда мекемеге келген жеделхаттар тігіледі я желімденеді. Төменгі жағына алушының танысқаны жөнінде белгі, қол қойылады, бұрыштама жазылады. Жіберілген жеделхаттар бөлігінде жеделхат мәтіні жазылады. Ол жіберушінің қолымен расталады. Мұнымен қатар жеделхаттың стандарт бланкілерінен тұратын арнайы журналдар болады. Бұл журналдар жеделхат стандарт бланкісінен және келесі беті мәтін көшірмесін қара қағаз арқылы қалдыру үшін таза беттен тұрады. Мұндай журналдың ыңғайлы жағы жеделхат мәтіні бірден мекемеде толтырылып, арнайы сызылған жерден жыртылып алынып, почта арқылы жіберіледі де көшірмесі қалдырылады.

Жеделхат мәтіні

Мекен-жайы ("кімге"). Алдымен жеделхатты алушынып. толық почта индексі, елдің аты, елді мекеннің аты, тип (қала, ауыл, т.б.), көшесі," үй нөмірі, корпус, офис нөмірі жазылады. Мысалы,

480021, Қазақстан,

Алматы қаласы,

Мұқанов көшесі, 227, офис 47

немесе,

250000, Украина,

г. Киев, Почтовая пл, дом 18, кв 44.

Алушының аты-жөні ("кімге"). Адресаттың фамилиясы, қажет болған жағдайда өз аты, әкесінің аты толық жазылады, кейде фамилия орнына қызметі көрсетіледі.

Мысалы, "Директорға ",

"Бөлім меңгерушісіне " т.б.

Аса қажет жағдайда шатастырып алмас үшін болмаса адресаттың аты-жөні мен қызметі қатар жазылмайды.

Жеделхат мәтіні. Жеделхаттың негізгі мақсаты керекті ақпаратты тез жеткізу болғандықтан, қызметтік хаттардағыдай кіріспе сөз, сыпайыгершілік сақтау сөздері жазылмайды. Мүмкіндігінше барынша қысқа және түсінікті етіп жазу керек. Бірақ сөздерді түсініксіз етіп қысқартып тастаудың қажеті жоқ, түсінікті, стандарт қысқартуларды ғана пайдаланған жөн. Егер жеделхат мақсаты алушыдан ақпарат алу немесе мәселені шешу т.б. болса онда етістіктерді бұйрық рай тұлғасында беріңіз. Мысалы, "жіберіңіз", "салып жіберіңіз", "шешім қабылдаңыз" т.б. Ал жеделхат жауап беру мақсатында жазылса етістік ашық рай тұлғасын да "қолданылады. Мысалы, "алдым", "жеткізді". "келеді", "орындалады", "барады" т.б.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 125 беті

"Тез арада", "жеделдетіңіз", "жедел", "қалай да " сөздерін орынсыз көп қолданудың қажеті жоқ, себебі сіздің жеделхат жібергеніңіздің өзі алушыға көп нәрсені білдіріп тұр. Цифрларды жазбаша жазған дұрыс. Мысалы, 101347 *бір ноль бір үш төрт жеті*, бұларды бір сөз ретінде топтап беруге де болады. Мысалы, *бір ноль бір үш төрт жеті*.

Мәтін мазмұнына нұқсан келмейтін болса жалғаулықтар көмекші сөздер жазылмайды, тыныс белгілері қойылмайды. Жеделхат мәтінінде түзетулер болмауға тиіс және сөздер тасымал- данбайды.

Жіберуші қолы. Жеделхат мәтініне қол қойылған кезде фамилия, қажет болғанда жіберушінің қызметі қоса көрсетіледі.

Мысалы, "Оспанов"

"Жауапты хатшы Смағұлов " Бірінші орынбасар Рымжанов" т.б.

Жіберушінің мекен-жайы. Жіберушінің мекен-жайы жоғарыда айтылған алушының мекен-жайының жазылу тәртібі сияқты. Жеделхатты тапсырып ақысын төлегеннен кейін квитанцияны алып, оны біраз уақытқа дейін жоғалтпай сақтаңыз. Себебі квитанция сіздің телеграмманы жібергендігіңізді растайтын жалғыз құжат болып табылады. Егер жеделхат мәтінін телефон арқылы жіберген болсаңыз, оны кім қабылдағанын, аты-жөнін, жұмыс телефонын, қызметін жазып алыңыз.

Телефонхат (Телефонограмма)

Телефонограмма — телефон я радио арқылы телефонограмма, радиogramма ретінде жеткізілетін жедел сипаттағы құжат.

Телефонограмманың жеделхаттан айырмашылығы сіз үшінші бір мекеме қызметіне жүгінбей өз ақпаратыңызды телефон я радио арқылы алушыға тікелей мәлімдей аласыз. Ол байланыстың келесі бетінде тұрып сіз айтқан ақпаратты жазып алады. Телефонограмма мәтіні аса күрделі болмауы керек. Телефонограмма формуляры: жіберілген хабардың аты, нөмірі, жіберілген күні және қабылданған уақыты жөніндегі мәлімет, байланыс жүйесін іске асырған адамның аты-жөні, телефон я рация нөмірі. Телефонограмма, радиogramма мәтіні арнаулы бланкке немесе таза қағазға жазылады, оған мекеме бастығы немесе жауапты қызметкер қол қояды. Бұл құжаттың ерекшелігі оның мекемеге бірден келіп түсетіндігі. Телефонограммалар басқа қызметтік құжаттар сияқты есептеледі, қабылданады, сақталады.

Баяндау хат – кәсіпорын басшысына арналған немесе тұжырымдар мен ұсыныстардан тұратын, жұмысты орындау туралы құбылыс, фактісі бар қалыптасқан оқиға туралы жоғары тұрған органға ақпарат беретін құжат. Жоғары тұрған басшыны қандай да бір фактілер, оқиғалар туралы хабардар ету жағдайында автордың бастамасы немесе басшының нұсқауы бойынша жасалады. Баяндау хатта баяндалған мәселе бойынша құрастырушының ұсынысы да болуы мүмкін. Мақсаты – басшының белгілі бір шешім қабылдауына ықпал ету. Баяндау хаттың мазмұнын ашатын тақырыбы болады. Құжаттың осы түрін ресімдеу адресатқа байланысты. Баяндау хат ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді.

Баяндау хаттың күні оған қол қойылған күн болып есептеледі. Кәсіпорын қызметінің негізгі қызметі бойынша баяндау хаттар 5 жыл сақталады.

Үлгі

«Идрис» ЖШС – нің директоры
 М.Қ. Сериковаға
 кадр бөлімінің меңгерушісі
 И.А. Құрмановадан.

Баяндау хат

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 126 беті

Менің сізге баяндау себебім, белгісіз бір себеппен жұмысшы А.Б.Омаров 18-25 сәуір күндері жұмысқа шықпай қалды.

Кадр бөлімінің
 Меңгерушісі:
 Күні: 26.04.2017

Р.А. Нұрбекова

Тапсырма 1. Берілген тақырыптарға құттықтау хат жазыңыз

- Әріптесіңізді Наурыз мейрамымен құттықтаңыз
- Бірге оқып жүрген досыңызды туған күнімен құттықтаңыз
- Ұстазыңызды 50 – ге келген мерейтойымен құттықтаңыз
- Анаңызды 8 наурыз мейрамымен құттықтаңыз

Тапсырма 2. Қазақ тіліне аударыңыз

Договор купли-продажи, принадлежит гражданину, по праву собственности, не заложена, содержание закона разъяснено, юридическая дееспособность в моем присутствии, подписать договор, деловые качества, нотариально заверить.

Тапсырма 3. Қазақ тіліне аударыңыз

- Общественность —
- Гражданин —
- Заседание —
- Суверенитет —
- На чье имя —
- Приготовил —
- Вакансия—

Тапсырма 4. Үлгі бойынша қолхат жазыңыз.

Қолхат

Мен, Әйгерім Асылбекқызы Қозыбаева Алматы қаласы Таугүл-1 шағын ауданы 84 үй, 31 пәтердің тұрғыны, жеке басымның куәлігі №123456789 ҚР ПМ-гі берген, Алматы қаласы Абай даңғылы, 25 үй, 64 пәтерде тұратын азамат Арман Мұхитұлы Асқаровтан, жеке куәлігі №123456789 ҚР ПМ-гі берген 3000(үш мың) АҚШ долларын алдым.

2003 жылы 15 қыркүйекте жасалған келісім-шартқа сәйкес 2003 жылғы 10-шы қыркүйектен 10 желтоқсанға дейін алынған ақшаның пайызын төлеп тұруға міндеттенемін. Пайыз көлемі келісім-шартта көрсетілген. Азамат Асқаров Мұхитұлы Арманның міндетін орындауына басқа талабым жоқ.

10.12.2003жыл

қолы

Тапсырма 5. Аударыңыз

Іскерлік кездесу, мәлімет, нақты шаралар, жоспарланатыны көрсетілді, өз сөзінде, мәселелерді талқылау, шаралар белгілеу, аудандық әкімшілік, қолдау көрсетілді, төраға, сұранысты анықтау, озат тәжірибеге сүйену.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-37/11-239
Әдістемелік өңдеу		136 беттің 127 беті

Негізгі:

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>
6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7.Бақылау: шағын топта жұмыс

Сұрақтар мен тапсырмалар:

Құттықтау хат. Сенім хат. Қол хат. Хабарлама хат. Жедел хат. Телефон хат үлгілерін пайдаланып, құжаттарды толтырыңыз.

№ 36 сабақ

5.1. Тақырып: Медицина саласындағы іс жүргізу үлгілері. №2 Аралық бақылау жұмысы

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты:

Оқушылардың теориялық білімдерін саралай отырып, практикалық дағдымен байланыстыру, шапшаңдыққа мысалдар арқылы танымдық қасиеттерін шыңдауға, ой – қиялын өз ойымен бере білуге тәрбиелеу.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Медицина саласындағы іс жүргізу үлгілері

Дәрігердің қабылдауында болғандығыңыз туралы анықтама беріңіз.

Емханада ем алғандығыңыз туралы анықтама беріңіз.

Медициналық анықтама түрлері.

Формат А5

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Нысанның ҚСЖЖ бойынша коды Код формы по ОКУД _____ КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО _____
Ұйымның атауы Наименование организации	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы «08» шілдедегі № 332 бұйрығымен бекітілген № 086/е нысанды медициналық құжаттама
	Медицинская документация Форма № 086/у Утверждена <u>приказом</u> Министра здравоохранения Республики Казахстан «08» июля 2005 года № 332

Жоғары оқу орындарына, колледждерге, орта арнаулы оқу орындарына, кәсіби-техникалық, техникалық училищелерге түсушілерге, жұмысқа орналасатын жасөспірімдерге толтырылатын (дәрігерлік кәсіби-кеңестік ұйғарым)

МЕДИЦИНАЛЫҚ АНЫҚТАМА

МЕДИЦИНСКАЯ СПРАВКА

(врачебное профессионально-консультативное заключение)

заполняется на абитуриентов, поступающих в высшие учебные заведения, колледжи, средние учебные заведения,

профессионально-технические, технические училища; на подростков, поступающих на работу

от «__» _____ күнінен 20__ ж.(г.)

1. Берілді (Выдана)

анықтама берген ұйымның атауы мен мекен-жайы (наименование и адрес организации, выдавшего справку)

2. Анықтама көрсетілетін оқу, жұмыс орнының атауы (Наименование учебного заведения, куда представляется справка) _____



2.1 Анықтама берілетін жұмыстың атауы (Наименование работы, куда представляется справка)

3. Тегі, аты, әкесінің аты (Фамилия, имя, отчество)

4. Жынысы (Пол) Е.(М), Ә.(Ж), 5. Туған күні (Дата рождения)

6. Мекен-жайы (Адрес
местожительства)

7. Ауырған аурулары (Перенесенные заболевания)

Медициналық жолдама үлгілері

Емханаға жолдама алу үшін тұрғылықты жердегі медициналық мекемеге (емханаға) бару керек. Медициналық көрсеткіштер болған жағдайда емдеуші дәрігер ЖММК комиссияның қарауына мынадай құжаттар ұсынады:

1) науқастың жеке басты куәландыратын құжатының көшірмесі;
2) науқастың клиникалық диагнозын көрсете отырып медициналық ұйым маманының жолдамасы;

3) науқасты зерттеп-қараудың қажетті ең аз көлемінің нәтижелері (қанның, несептің жалпы талдауы, нәжістің ішекқұрт жұмыртқаларына талдауы, кеуде ағзаларының флюорографиясы, электрокардиограмма және HbsAg болуы);

4) өңірлік деңгейде мүмкін болатын клиникалық диагнозды, зерттеу нәтижелерін көрсете отырып, амбулаториялық картадан/сырқатнамадан көшірме;

5) науқастың клиникалық диагнозын растайтын зертханалық және аспаптық зерттеулердің нәтижелері.

ЖММК комиссиясы науқастардың құжаттарын сырттай немесе қажет болған жағдайда науқасты бейінді мамандардың комиссиялық қарауына шақыра отырып, қарауға құқылы. ЖММК комиссиясы ұсынылған құжаттарды қарайды және тасымалдау түрі мен көлеміне қарай науқасты медициналық көмек көрсетуге мамандандырылған және жоғары мамандандырылған республикалық медициналық ұйымдарға жіберудің негізділігін анықтайды. Науқастың құжаттары келіп түскен сәттен бастап, екі жұмыс күні ішінде ЖММК комиссиясы хаттамалық шешім қабылдайды. Республикалық медициналық ұйымдарда науқасқа мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмекті көрсету туралы оң шешім қабылдау кезінде ЖММК комиссиясы жолдаманы Емдеуге жатқызу бюросының порталына тіркейді және жіберген медициналық ұйымда басып шығарылған жолдамамен құжаттардың пакетін береді. Медициналық ұйым емдеуге жатқызуға жолдама алғаннан кейін науқасты емдеуге жатқызу туралы хабарлайды.

1-тапсырма. Екі бағанадан сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Растайтын баяндау кәсіпорын стратегиялық біліктілік жеке көрсетуі тұратын беруге анықтаманың анықтама	Деректер атауы міндетті расталады растау инспекциясы тігіледі беру басшысы бойынша бөлінеді
---	---

екінші мекеменің мөрмен қосымша фактіні мәселелер салық іске кесте бөлімдерге	түрінде хат мақсат адам топ тиіс құжат мәтіні талаптары жері
--	---

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан. (1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)

2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан. (2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р. ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz>

4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/>

5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013.

Суатай С., ЦБ Акнурpress <https://aknurpress.kz/>

6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ.Қ. /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.

2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015 Нығметова, Н.Т. /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.

4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.

6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.

7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р. ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/>

8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7.Бақылау: тестілеу.

Қорытынды бақылау жұмысы:

1.«Полость гортани» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:

- a) көмекей қуысы
- b) мұрын қуысы
- c) өкпе
- d) кеңірдек
- e) жұтқыншақ

2. «Микробқа қарсы дәрілер» термин тіркесінің қазақ тіліндегі аудармасы:

- a) антимикробные средства
- b) антипаразитные средства
- c) антифебрин
- d) вакцина
- e) ампициллин

3.Интонация арқылы байланысып тұрған сөз тіркесі:

- a) Асан – студент
- b) Мен келдім
- c) Биік үй
- d) Үш дәптер
- e) Үйдің іші

4.«Біздің еліміз бейбітшілік ... күреседі» - деген сөйлемнің шылау арқылы байланысы:

- a) үшін
- b) студент
- c) оқытушы
- d) дейін
- e) туралы

5. Жалғау арқылы байланысып тұрған сөйлем:

- a) Сен үшін ешнәрсе аямаймын
- b) Мен өз отанымды сүйемін
- c) Сәуле - мұғалім
- d) Тас жүрек
- e) Отан туралы

6.Толықтауыш қатысып тұрған сөйлем:

- a) ол шешесіне хат жазды
- b) Сымбат - үлгілі қыз
- c) Сәуле кеше келді
- d) Алатау - әсемдік символы
- e) сәні мен әні жарасқан

7. Пысықтауыш қатысып тұрған сөйлем:

- a) асқар тауды кеуделеп жүріп келеміз
- b) Омар жолдасымен кездесті
- c) тақырыбы дұрыс емес
- d) ата- анаңды құрметте
- e) ауыл ақсақалы жастарға алғыс айтты

8.Қиыса байланысқан тіркес:

- a) Асан киінді
- b) Алма-ата

- c) Алма бағы
- d) Апамның шырағы
- e) Алманы ал

9. Есімді сөз тіркесі:

- a) сүрте сал
- b) жиырма бес адам
- c) жазып қой
- d) алып тұр
- e) көріп қайт

10. Қиыса байланысып тұрған сөйлем:

Ыстық алақанын
Баттыып тұратын көк тамырлар
Көк тамырлар лүпілдеп қоя беретін
Былайғы кезде де быттыып тұратын
Қос самайда баттыып тұратын

11. Есімдіктерден болған күрделі баяндауыш:

- a) Анатолий - сөзге сараң адам екен
- b) Біз ауылға бардық
- c) Шоқша сақалды кісі арбадан түсті
- d) Есік жақта киім ілгіш тұр
- e) Ол кітап оқып отыр

12. Дара баяндауыш:

- a) Аудандық оқу бөлімі жұмысына кірісті
- b) Қуғыншысы қуып келеді екен, қуып келеді екен
- c) «Әкесі өлді дегенді де естіртеді», - деген ғой
- d) Жасым - жиырма бесте, жылым - мешін
- e) Есігіңнің алдына су сеуіп қой

13. Есімді баяндауыш:

- a) Ақыл - дос, ашу – дұшпан
- b) Ол жазушы көрінеді
- c) Әбіш бұл ауылды білмеуші еді
- d) Ол ауыл маңына жақындады
- e) Екеуінің ешбір ұқсастығы жоқ

14. Баяндауышы сын есімнен жасалған сөйлем:

- a) Меншігінде малы бар, тұрмысы да жақсы
- b) Жеке отау құрды
- c) Қала өмірінің тынысын бейнелейді
- d) Бүгін сен бізге таң калмайсың
- e) Ол кеше келді

15. Тура толықтауыш сөздер қатары:

- a) сымды, шайды, қақты
- b) Омардан, әскерде, қисап
- c) ағылып, астынан
- d) лек-лек, үнге
- e) тілге, тандайына

16. Толықтауыштың сұрақтары:

- a) кімге? неге?
- b) не істеді? қайтті?
- c) кімнің? ненің?



d) не себептi? кiм үшiн?

e) не iстеуге? нелiктен?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

Әдістемелік өңдеу

044-37/11-239

136 беттің 134 беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

Әдістемелік өңдеу

044-37/11-239

136 беттің 135 беті